

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК  
ҚҰРАЛ

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ

2010

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ



**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**  
**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

Тестілер – ҰТО-ның интеллектуалдық меншігі.  
ҰТО-ның рұқсатынсыз қандай мақсатта болсын, бұл тестілердің толық  
не жеке парақтарының көшірмесін жасауға болмайды.

АСТАНА  
2010

УДК 373.167.1: 821.0

ББК 83.3 Қаз я72

**Қазақ әдебиеті пәні бойынша оқу-әдістемелік құрал.** Астана:  
Қ 17 «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚМ, 2010 - 128 бет.

ISBN 978-601-260-081-0

Оқу-әдістемелік құралға қазақ әдебиеті пәні бойынша 2009 жылы Ұлттық бірінші тестілеуде пайдаланылған тест тапсырмаларының 25 нұсқасы енгізілген.

Оқу-әдістемелік құрал талапкерлердің ҰБТ мен кешенді тестілеуге дайындалуына көмек ретінде ұсынылады. Орта мектеп мұғалімдері тест жинағын оқу барысында оқушы білімін бақылауға пайдалана алады.

Қ  $\frac{4306020000}{00(05) - 09}$

УДК 373.167.1: 821.0

ББК 83.3 Қаз я72

ISBN 978-601-260-081-0

© «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚМ, 2010

## КІРІСПЕ

### Құрметті талапкер!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚМ ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) қатысуға дайындалу мүмкіндігін ұсынып отыр.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша ұсынылып отырған тест тапсырмалары талапкерлердің әр кезеңдегі әдебиет туралы білімдерін; әдебиеттің көрнекті өкілдерінің өмірін, шығармашылығын меңгеру дәрежесін; оқып зерделеген туындының тектік, жанрлық сипатын, әдебиет пен фольклор туралы алған жалпы ұғымдарын; әдеби-теориялық ұғымдарды меңгеруін тексереді.

Кітапшада 2009 жылы ҰБТ-де пайдаланылған тест тапсырмаларынан құралған 25 нұсқа ұсынылады.

Тест тапсырмалары жабық түрде беріліп, 5 жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты тандауды ұсынады.

Тест тапсырмалары үш қиындық деңгейіндегі сұрақтардан тұрады: «А» - жеңіл, «В» - орташа, «С»- қиын.

Жауаптың дұрыстығын тексеру үшін кітапша соңында берілген дұрыс жауап кілттерін пайдалануға болады.

Оқу-әдістемелік құралдың соңында әдебиет пәні бойынша 10 логикалық тест тапсырмасының үлгісі ұсынылып отыр. Бұл тапсырмалар білім деңгейін тексерумен қатар, ой-өрісті дамытып, ойлануға, тапсырма астарына үңілуге баулиды.

## Тест спецификациясы

**1. Тақырыбы:** Қазақ әдебиеті пәні бойынша жалпы білім беретін орта мектеп бітірушілеріне арналған тест.

**2. Құрастырылу мақсаты:** Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдау және ҰБТ өткізу үшін құрастырылды.

**3. Міндеттері:** 1. Қорытынды аттестациялау барысында жалпы білім беретін орта мектептердің 11-сынып түлектерінің қазақ әдебиетінен дайындық деңгейін анықтау. 2. ҚР ЖОО-на қабылдау үшін жалпы білім беретін орта мектептердің 11-сынып түлектерін саралау.

**4. Тест мазмұны:** Тапсырмалардың мазмұн бойынша жіктелуі сарапшылар мен әзірлемешілерден құрылған шығармашылық топтардың әзірлеп, ҰТО-ның бекітуімен тақырып, тақырыпшалар түрінде ұсынылады.

Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде «А» - 9, екінші деңгейдегі «В» - 10, үшінші деңгейде «С» - 6 тапсырма.

Тест тапсырмалары мемлекеттік стандарт негізінде жасалған мектеп бағдарламасына сай мына бағыттағы тапсырмалардан тұрады:

Тақырып №	Мазмұны
01	Ежелгі дәуір әдебиеті
02	Халық ауыз әдебиеті. Ауыз әдебиеті - А
03	Халық ауыз әдебиеті. Ауыз әдебиеті - Ә
04	XV – XVIII ғ. әдебиеті. Жыраулар поэзиясы
05	XIX ғ. I жартысындағы әдебиет.
06	XIX ғ. II жартысындағы ағартушылар
07	XIX ғ. II жартысындағы әдебиет. Абай Құнанбайұлы
08	XIX ғ. II жартысындағы әдебиет. Ақын - сазгер - әншілер
09	XX ғ. басындағы әдебиет.
10	XX ғ. басындағы әдебиет Қазақ әдебиетіндегі «Үш бәйтерек»
11	Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет - А
12	Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет Мұхтар Әуезов
13	Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет - Ә
14	Әдебиет теориясы
15	Қазіргі заман әдебиеті. XX ғ. II жартысындағы поэзия
16	Қазіргі заман әдебиеті. XX ғ. II жартысындағы проза және драма

### 5. Тест жоспары:

Ежелгі дәуір әдебиеті – 1 тапсырма.

Халық ауыз әдебиеті – 2 тапсырма.

XV-XVIII ғ. әдебиет – 1 тапсырма.

XIX ғ. I жартысындағы әдебиет – 1 тапсырма.

XIX ғ. II жартысындағы әдебиет – 3 тапсырма.

XX ғ. басындағы әдебиет – 5 тапсырма.

Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет – 7 тапсырма.

Әдебиет теориясы – 2 тапсырма.

Қазіргі заман әдебиеті – 3 тапсырма.

### 6. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

**Халық ауыз әдебиеті:** түрлері, ерекшеліктері.

**Ежелгі дәуір әдебиеті:** жазба ескерткіштерінің тарихы, түрлері.

**XI-XVIII ғ. әдебиет:** жыраулар поэзиясының даму кезеңдері, өкілдері.

**XIX ғ. I жартысындағы әдебиет:** әдеби ағымдар.

**XIX ғ. II жартысындағы әдебиет:** жаңа әдеби ағымдар мен бағыттардың, реализмнің тууы.

**XX ғ. басындағы әдебиет:** 20-30 жылдардағы әдебиет; әдеби жанрдың дамуы және көрнекті өкілдері.

**Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет:** Ұлы Отан соғысы кезіндегі және одан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінде соғыс, отаншылдық тақырыптың қалыптасуы; жанрлардың дамуы және көрнекті өкілдері.

**Қазіргі әдебиет:** қазіргі заман әдебиеті, жанрлық ерекшелігі.

**Әдебиет теориясы:** әдеби-теориялық ұғымдар түсінігі.

#### **7. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:**

Тест тапсырмаларын орындап шығуға белгіленген уақыт – 1,5 минут. Жұмыстың толық орындалу уақыты – 37,5 минут.

#### **8. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:**

Нұсқалардың санын ҚР ФБМ анықтайды. Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;

- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;

- барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады. Бір тестіде 25 сұрақ.

#### **9. Тапсырма формасы:**

Берілген бес жауап нұсқасында бір дұрыс жауапты таңдау.

Нұсқау: «Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет».

#### **10. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:**

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін мектеп бітіруші 1 балл алады. Дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған уақытта 25 балл алады.

#### **11. Тапсырманың апробациясы:**

Тапсырмалар республиканың жалпы білім беретін мектептерінің 11-сынып түлектерінде апробацияланады. (Шамамен алғанда 100 адамнан тұратын 2 қалалық, 2 ауылдық мектеп).

#### **12. Тест нәтижелерінен күтілетін талдау:**

1. Балдардың жиынтығына орай жалпы білім беретін орта мектеп курсы үшін аттестациялық баға қойылады.

2. Сертификатқа қойылатын балл жиынтығы ҚР ЖОО-на қабылдау конкурсына қатысуға құқық береді.

Әдістемелік құрал авторлары қазақ әдебиеті пәні бойынша тест жинағы сіздерге ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалуға көмек береді деп үміттенеді.

Жинақ құрылымы мен мазмұнын жақсарту бойынша ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауға әзірміз. Біздің мекен-жайымыз: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 60. Веб-сайт: [www.tectcenter.kz](http://www.tectcenter.kz), электрондық пошта: [info@tectcenter.kz](mailto:info@tectcenter.kz), факс/тел: 8(7172)31-74-04.

## 1-нұсқа

1. Жириеншенің ақыл айтушы серігі кім екенін белгілеңіз.
  - А) Хан.
  - В) Қожанасыр.
  - С) Алдар көсе.
  - Д) Қарашаш.
  - Е) Уәзір.
2. Асан қайғының толғауын табыңыз.
  - А) «Би Темірге бірінші толғау».
  - В) «Көлде жүрген қоңыр қаз» .
  - С) «Айналайын Ақ Жайық».
  - Д) «Тілек».
  - Е) «Күлдір-күлдір кісінетіп».
3. Махамбет Өтемісұлының туған жерін табыңыз.
  - А) Ақмола облысы
  - В) Қызылорда облысы
  - С) Атырау облысы
  - Д) Алматы облысы
  - Е) Батыс Қазақстан облысы
4. 1845-1904 жылдардың арасында өмір сүрген ақынды табыңыз.
  - А) М.Өтемісұлы.
  - В) Ы.Алтынсарин.
  - С) А.Құнанбаев.
  - Д) Ш.Уәлиханов.
  - Е) Ж.Жабаев.
5. Абайдың қай қара сөзі тек афоризмдерден тұратынын анықтаңыз.
  - А) Отыз жетінші.
  - В) Бесінші.
  - С) Он бесінші.
  - Д) Он тоғызыншы.
  - Е) Үшінші.
6. Жоқтау қандай өлең екенін көрсетіңіз.
  - А) Міндетті түрде музыканы қажет етеді.
  - В) Ауыр қазалы адамның дүниеден өткен адамға деген қадір-құрметін білдіретін өлең.
  - С) Тек төрт тармақтан тұратын өлең.
  - Д) Жазба әдебиетінде ғана қалыптасқан, ауыз әдебиетінде жоқ.
  - Е) Ауыз әдебиетінің бір түрі.

7. «Мылтық көрсем төрлерден іліп қойған,  
Менің мазам кетеді күдікті ойдан», - деген жолдардан Қ.Мырзалиевтің не айтпақ болғанын белгілеңіз.
- А) Мылтық туралы мақал-мәтел еске түседі.
  - В) Қызғанышын көрсетеді.
  - С) Мылтық сұсты болғасын сескенеді.
  - Д) Мылтықтың аң-құсқа өлім себелейтінінен тітіркенеді.
  - Е) Мылтықты қадір тұтады.
8. Тұманбай Молдағалиевтің тұңғыш өлеңдер жинағын белгілеңіз.
- А) «Көктем таңы»
  - В) «Құралай»
  - С) «Студент дәптері»
  - Д) «Алатау қызы»
  - Е) «Зулайды нұндер»
9. Ә.Нұрпейісовтің "Қан мен тер" романында қай өңір балықшыларының трагедиялық өмірі суреттелетінін көрсетіңіз.
- А) Каспий балықшыларының тұрмысы.
  - В) Балқаш балықшыларының жағдайы.
  - С) Арал балықшыларының өмірі.
  - Д) Жайық өңірі балықшылары.
  - Е) Алакөл балықшыларының тіршілігі.
10. Әл-Фараби шығармасын анықтаңыз.
- А) "Хибатул хақайық", "Тарихи Рашиди".
  - В) "Тулистан бит-турки".
  - С) "Диуани лұғат ат-түрік".
  - Д) "Ақылдың сыйы", "Қыпшақ шежіресі".
  - Е) "Ақылдың мәні туралы", "Философияны оқу үшін не білу керек?".
11. «Айман-Шолпан» жырындағы Айманның өзге жырлардағы қыздардан айырмашылығы неде екенін табыңыз.
- А) Айласында.
  - В) Әлеуметтік іске араласуында.
  - С) Көркі мен сұлулығында.
  - Д) Байлығында.
  - Е) Ақылында.
12. "Тұсында сері болсын, пері болсын,  
Ұнайды өмірімен Ақан маған," - деген сөздерді Ақан серіге арнап кім жазғанын анықтаңыз.
- А) О.Сүлейменов.
  - В) С.Сейфуллин.
  - С) М.Жұмабаев.
  - Д) А.Байтұрсынов.
  - Е) І.Жансүгіров.



13. Мына өлең жолдары Шәкәрім Құдайбердіұлының кай өлеңінен алынғанын табыңыз.  
*«Адаспайсың ақылды, арлығы ерсең,  
Жолай көрме жылмайы сопы көрсең,  
Тапқыр, адал ақ ниет адамдардың  
Алданбайсың артынан ере берсең»*  
А) «Бостандық туы жарқырап».  
В) «Ажалсыз әскер».  
С) «Жасымнан жетік білдім...».  
D) «Жастарға».  
E) «Дүние мен өмір».
14. "Жауыздық пен махаббат", "Заман біздікі", "Шығыс ұлына хат", т.б. шығармалар жазған жауынгер-публицист жазушыны анықтаңыз.  
А) С.Ерубәев.  
В) Ә.Әбішев.  
С) Б.Бұлқышев.  
D) Ә.Сәрсенбаев.  
E) Ж.Саин.
15. Әдебиеттегі Жамбыл Жабаев туралы айтылған пікірді белгілеңіз.  
А) "Қазақтың бас ақыны".  
В) "Теңдесі жоқ талант".  
С) "XX ғасырдың Гомері".  
D) "Атақты елдің атақты ұлы".  
E) "Қаламынан тамған бал ем болады".
16. "Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің ең шешуші мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет халық қамын ойлап, күңіренген қария- Асан..." - Кімнің айтқанын белгілеңіз.  
А) Б.Кенжебаев.  
В) С.Мұқанов.  
С) В.Радлов.  
D) Ш.Уәлиханов.  
E) М.Әуезов.
17. Қазақ театрында ұзақ жылдар бойы Қарабайды ("Қозы-Көрпеш-Баян сұлу") ойнаған артисті белгілеңіз.  
А) Қ.Жандарбеков.  
В) Қ.Қармысов.  
С) К.Кенжетәев.  
D) Қ.Байсейітов.  
E) С.Қожамқұлов.
18. Ғабиден Мұстафин кейіпкерлерін белгілеңіз.  
А) Жомарт, Мейрам.  
В) Толғанай, Толағай.  
С) Бақтығұл, Тектіғұл.  
D) Мамыр, Пүліш.  
E) Рабиға, Күлпаш.

19. Сюжет дегеннің не екенін белгілеңіз.
- A) Қалыпты жағдайдан әсірелеп суреттеу.
  - B) Әдеби шығармадағы оқиға желісі.
  - C) Табиғат көркін суреттеу.
  - D) Бір адамның ұзақ сөзі.
  - E) Шығарма кейіпкерлерінің өзара кезектесе сөйлесуі.
20. «Біздің заманымыз – жазу заманы, жазумен сөйлесу, ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деген ойдың иесін табыңыз.
- A) А.Байтұрсынұлы
  - B) М.Дулатов
  - C) Ж.Аймауытов
  - D) М.Дулатов
  - E) Ш.Құдайбердіұлы
21. М.Жұмабаев "Батыр Баян" поэмасын 1923 жылы 30 жасында Ташкенттегі М.Әуезовтің пәтер-үйінде жазып шығады. Оны жазуға кеткен уақытты белгілеңіз.
- A) Бір аптада аяқтайды.
  - B) Үш ай жұмыс істейді.
  - C) Бір жылда жазады.
  - D) Бір ай уақыты кетеді.
  - E) Бір түнде жазып шығады.
22. «Темір торлы тас сандықтың ішінде шынжырланып байлаулы қызыл сұңқарлар жатты» деген үзіндінің кімнің шығармасынан алынғандығын анықтаңыз.
- A) І.Жансүгіров.
  - B) М.Әуезов.
  - C) Б.Майлин.
  - D) С.Сейфуллин.
  - E) С.Мұқанов.
23. І.Жансүгіровтің "Күйші" поэмасын қандай топқа жатқызуға болатынын белгілеңіз.
- A) Эпикалық поэма.
  - B) Эпико-психологиялық поэма.
  - C) Эпико-лирикалық поэма.
  - D) Психологиялық поэма.
  - E) Лирикалық поэма.
24. М.Әуезов қазақ әдебиетінде драмалық шығармалардың классикалық үлгілерін тудырды, соның көбі қандай туындылар екенін белгілеңіз.
- A) Трагедия.
  - B) Драма.
  - C) Трагикомедия.
  - D) Комедия.
  - E) Шағын пьеса.
25. Қазақ аулы кедейлерінің типтік бейнесі С.Мұқановтың қай өлеңінде бейнеленгендігін көрсетіңіз.
- A) «Кедей баласы».
  - B) «Балқаш».
  - C) «Сүт заводы».
  - D) «Конвейер».
  - E) «Шоқпыттың шаруасы»

## 2-нұсқа

1. Ертегі кейіпкерін табыңыз.
  - A) Баян.
  - B) Қарашаш.
  - C) Күнікей.
  - D) Таңсық.
  - E) Құртқа.
2. Тұңғыш мұғалімдер мектебін Ы.Алтынсарин қайда, қашан ашқандығын табыңыз.
  - A) Торғайда, 1879 жылы.
  - B) Ырғызда, 1887 жылы.
  - C) Орск қаласында, 1881 жылы.
  - D) Торғайда, 1883 жылы.
  - E) Орынборда, 1879 жылы.
3. Абайдың өлеңін көрсетіңіз.
  - A) "Әкеме".
  - B) "Жазғытұры".
  - C) "Өзен".
  - D) "Өнер-білім бар жұрттар".
  - E) "Арғымаққа оқ тиді".
4. А.Құнанбаевтың «Аттың сыны» өлеңінен байқалатын ерекшелікті табыңыз.
  - A) Шыншыл, реалистігі сезіледі.
  - B) Суретшілігі анық көрінеді.
  - C) Қазақ тіршілігін терең білетіні көрінеді.
  - D) Шебер ақындығы байқалады.
  - E) Шебер ақындығының үстіне, білгір саятшы, сыншылығы көзге түседі.
5. "Абай жолы" романындағы Абай жақсы көрген ойын атын белгілеңіз.
  - A) Тоғызқұмалақ.
  - B) Қыз қуу.
  - C) Асық ойнау.
  - D) Ақсүйек.
  - E) Көкпар.
6. F. Мүсіреповтің туған өлкесін табыңыз.
  - A) Батыс Қазақстан облысы.
  - B) Шығыс Қазақстан облысы.
  - C) Оңтүстік Қазақстан облысы.
  - D) Солтүстік Қазақстан облысы.
  - E) Алматы қаласы.

7. Таудан мұнартып ұшқан тарланым,  
Саған ұсынсам қолым жетер ме?  
Арызым айтсам өтер ме?  
Арыстаным, көп болды-ау,  
Саған да менің арманым!(Махамбет)-деген жыр жолдарындағы  
метафораларды табыңыз.
- А) Ұсынсам, айтсам  
В) Тарланым, арыстаным  
С) Мұнартып ұшқан  
D) Жете ме, өтер ме  
E) Арманым, арызым
8. «Бала жатыр төсекте, албыраған,  
Әке жатыр едепте, қалжыраған» деген өлең жолдары М.Мақатаевтың  
қай шығармасында кездесетіндігін табыңыз.
- А) «Бабаларым, рақмет сендерге».  
В) «Жол азасы».  
С) «Райымбек, Райымбек».  
D) «Моцарт».  
E) «Аққулар ұйықтағанда».
9. «Невада-Семей» халықаралық қозғалысына жетекшілік еткен ақынды  
белгілеңіз.
- А) Фариза Оңғарсынова  
В) Мұхтар Шаханов  
С) Қадыр Мырза Әли  
D) Олжас Сүлейменов  
E) Тұманбай Молдағалиев
10. Бөрідей жұрт ұсылып,  
Айқаймен жаға жыртысып,  
Өкірген үнін өшіртіп, жылаған көзден жас өрер, - деген үзінді алынған  
жырды белгілеңіз.
- А) «Оғыз қаған жыры»  
В) «Күлтегін» жыры  
С) «Алып-Ер Тұңғаны жоқтау»  
D) «Қорқыт ата кітабы»  
E) «Тоныкөк» жыры
11. "Алпамыс батыр" жырындағы әйел образын табыңыз.
- А) Баян.  
В) Назым.  
С) Ақжүніс.  
D) Құртқа.  
E) Гүлбаршын.

12. «Балаларыма өсиет» өлеңінің авторын табыңыз.
- A) Ақтамберді.
  - B) Жиембет.
  - C) Шернияз.
  - D) Қазтуған.
  - E) Шалкиіз.
13. Ы.Сандыбайұлының өлеңін табыңыз.
- A) «Төрелерге».
  - B) «Гүлсімге».
  - C) «Жиырма бес».
  - D) «Аужар».
  - E) «Қазақ тілі».
14. "Бақытсыз Жамал" повесіндегі Сәрсембайдың бәйбішесін көрсетіңіз.
- A) Айман.
  - B) Жамал.
  - C) Қалампыр.
  - D) Шұға.
  - E) Зайкүл.
15. Б.Майлиннің «Садақ» журналында жарияланған шығармасын табыңыз.
- A) «Шұғаның белгісі».
  - B) «Елге барғанда».
  - C) «Раушан-коммунист».
  - D) «Күлтай болыс».
  - E) «Мырқымбай».
16. Баубек Бұлқышевтың «Өмір сүргім келеді» әңгіме-хатындағы Баубектің сүйген қызының есімін атаңыз.
- A) Орыс қызы - Рая.
  - B) Беларус қызы - Саша.
  - C) Шығыс қызы - Жанна.
  - D) Татар қызы - Руфа.
  - E) Украин қызы - Анна.
17. Жамбылдың төңкеріске дейінгі ел басындағы ауыр халді суреттеген өлеңін табыңыз.
- A) "Жайлау".
  - B) "Туысқан ел".
  - C) "Ленинградтық өренім".
  - D) "Өмір мен өлім белдесті".
  - E) "Кедей күйі".
18. F.Мұстафиннің «Қарағанды» романы қай жылдар аралығын қамтитындығын анықтаңыз.
- A) 1910-1920.
  - B) 1930-1940.
  - C) 1925-1928.
  - D) 1920-1925.
  - E) 1945-1955.

19. «Импровизация» деген сөздің мәнін көрсетіңіз.  
А) Еңбек адамының бақытты өмірін суреттейтін өлең.  
В) Өлеңді тұтқиылдан суырып салу өнері.  
С) Күлкілі пьеса немесе көрініс.  
D) Дауыс толқыны.  
E) Прозалық, поэзиялық шығарманы сахнаға лайықтап қайта жазу.
20. «*Ойым – у, өмірім – су, үмітім – бу*» тіркестерінде Шәкәрім қандай көркем тәсілді қолданғанын белгілеңіз.  
А) Метафора.  
В) Эпитетті метонимия.  
С) Теңеу.  
D) Антитеза.  
E) Гипербола.
21. «*Не көрсем де алаш үшін көргенім,  
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім ...*» - үзінді М.Жұмабаевтың қай өлеңінен алынғанын табыңыз.  
А) «Қазағым».  
В) «Күншығыс».  
С) «Пайғамбар».  
D) «Сағындым».  
E) «Айға».
22. *Ұйықтап жатқан көңілді өлең түртер,  
Қайғы, зарын, қуанышын жақсы тіптер,  
Жүрегімнің айнасын шаң басқанда,  
Орамалым-осы өлең бетін сүртер,* - үзінді өлеңінің авторын атаңыз.  
А) Б.Майлин.  
В) А.Құнанбаев.  
С) М.Жұмабаев.  
D) І.Жансүгіров.  
E) С.Сейфуллин.
23. Мұхтар Әуезов әкесі қайтыс болған соң кімнің тәрбиесінде болғанын табыңыз.  
А) Немере ағасы Қасымбек.  
В) Аталас туысы.  
С) Анасы.  
D) Нағашысы.  
E) Әжесі.
24. «Сұлушаш» поэмасындағы Алтайдың басты қасиетін табыңыз.  
А) Салмақтылық.  
В) Қайсарлық.  
С) Тәрбиелік.  
D) Өнерпаздық.  
E) Сыпайылық.
25. Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі «Түбінде адам болатын бала» деген жолдарды кім айтқанын табыңыз.  
А) Ахметов.  
В) Майқанова.  
С) Мектеп директоры.  
D) Афанасьева.  
E) Қадыров.

## 3-нұсқа

1. «Сырттандар» ертегісінде баланың жолға шыққанда мінген атын табыңыз.
  - A) Керкұла.
  - B) Кербесті.
  - C) Жабағы.
  - D) Құлан.
  - E) Тай.
2. *“Өкпеңменен қабылба,  
Өтіңменен жарылма,  
Орыспенен соғысып,  
Басыңа мұшша көтерген,  
Жұртыңа жсаулық сағынба”*, - деген өлең жолдары кімдікі екенін белгілеңіз.
  - A) Жиембет жырау.
  - B) Ақтамберді жырау.
  - C) Шалкиіз жырау.
  - D) Доспамбет жырау.
  - E) Бұқар жырау.
3. Нарын деген жерді ел құлағына сіңісті қылған ақынды табыңыз.
  - A) Алмажан.
  - B) Дулат.
  - C) Доспамбет.
  - D) Махамбет.
  - E) Қазтуған.
4. Абай оқыған қала атын белгілеңіз.
  - A) Семей.
  - B) Қостанай.
  - C) Көкшетау.
  - D) Петропавл.
  - E) Өскемен.
5. Абайдың поэмасын анықтаңыз.
  - A) «Құлагер».
  - B) «Батыр Баян».
  - C) «Масғұт».
  - D) «Сұлушаш».
  - E) «Көкшетау».
6. *а, а, б, а* түріндегі ұйқас ұйқастың қай түріне жататындығын табыңыз.
  - A) Шұбыртпалы.
  - B) Егіз.
  - C) Шалыс.
  - D) Қара өлең ұйқасы.
  - E) Ерікті.

7. Ж.Молдағалиевтің «Мен - қазақпын» шығармасындағы лирикалық кейіпкер кімнің атынан сөйлейтінін табыңыз.
- A) Ақын атынан.
  - B) Тарих атынан.
  - C) Жастар атынан.
  - D) Халық атынан.
  - E) Өз атынан.
8. «Арғымақтар», «Қыз қуу» өлеңдерінің авторын табыңыз.
- A) О.Сүлейменов.
  - B) Ә.Тәжібаев.
  - C) М.Шаханов.
  - D) С.Мәуленов.
  - E) Т.Молдағалиев.
9. О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінің негізгі кейіпкерін атаңыз.
- A) Тортай.
  - B) Ораш.
  - C) Ақ боз ат.
  - D) Көк өгіз.
  - E) Дос бала.
10. «Жеті жаста Арыстан Бабқа қылдым сәлем,  
Осы халде мың зікірін қылдым тәмам» тармақтарының иесін көрсетіңіз.
- A) Ахмет Иасауи.
  - B) Жүсіп Баласағұн.
  - C) Рабғузи.
  - D) Махмұд Қашқари.
  - E) Әбунасыр әл-Фараби.
11. «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылды ерекше күтімге алып, бағып-қаққан ару қыз, батырдың жарын табыңыз.
- A) Назым.
  - B) Қарлығаш.
  - C) Құртқа.
  - D) Ақжүніс.
  - E) Гүлбаршын.
12. Ақан серіні әкесі неше жасында діни оқуға бергендігін анықтаңыз.
- A) 15 жаста.
  - B) 19 жаста.
  - C) 17 жаста.
  - D) 21 жаста.
  - E) 13 жаста.
13. С.Сейфуллин туып-өскен өлкені табыңыз.
- A) Түркістан.
  - B) Алтай.
  - C) Сарыарқа.
  - D) Атырау.
  - E) Алатау.



14. "Уа, дариға, алтын бесік туған жер!" деп жырлаған ақынды табыңыз.
- А) М. Мақатаев.
  - В) Қ. Аманжолов.
  - С) Т. Айбергенов.
  - Д) М. Жұмабаев.
  - Е) І. Жансүгіров.
15. «Алматы- менің туған қалам» атты бітпей қалған романы бар жауынгер жазушыны табыңыз.
- А) Ж.Саин.
  - В) Қ.Аманжолов.
  - С) Б.Момышұлы.
  - Д) Т.Ахтанов.
  - Е) Б.Бұлқышев.
16. "Халық ақыны Жамбыл" және "Сүйінбай Аронұлы" портреттерінің авторын көрсетіңіз.
- А) Н.Ягодин.
  - В) А.Ғалымбаева.
  - С) Б.Телжанов.
  - Д) Г.Ысмайылова.
  - Е) Ә.Қастеев.
17. М.Әуезов шығармасын табыңыз.
- А) «Балуан Шолақ».
  - В) «Аққан жұлдыз».
  - С) «Жат қолында».
  - Д) «Өскен өркен».
  - Е) «Кек».
18. Ғ.Мұстафин сомдаған тартымды әйел образдарын көрсетіңіз.
- А) Сұлушаш, Тоғжан.
  - В) Ақбота, Қарагөз.
  - С) Жанат, Алма, Ардақ.
  - Д) Ұлпан, Шынар, Көпей.
  - Е) Лиза, Раушан, Бәтес.
19. *Аққан жасы сел болған,  
Етегі толып, көл болған* өлең жолдарында құбылтудың қандай түрі қатысқандығын табыңыз.
- А) Келемеждеу.
  - В) Кішірейту.
  - С) Әсірелеу.
  - Д) Мысқыл.
  - Е) Мегзеу.

20. Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,  
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ,  
Жел соқса, құйын қуса, жылжи беру,  
Болғадай табан тірер еш нәрсе жоқ, - деген үзіндінің авторын табыңыз.
- A) А.Байтұрсынов.  
B) М.Дулатов.  
C) С.Торайғыров.  
D) С.Дөнентаев.  
E) С.Көбеев.
21. «Біздің арамызда қазақша бірінші роман жазған М. Дулатов болды», - деп, алғаш пікір айтып, романды бағалаған ғалымды табыңыз.
- A) Ә. Марғұлан.  
B) Қ. Сәтбаев.  
C) С. Мұқанов.  
D) М. Әуезов.  
E) А. Байтұрсынов.
22. "З-ға", "Р-ға", "Махаббат не?" өлеңдерінің авторын табыңыз.
- A) М.Жұмабаев  
B) Қ.Мырзалиев.  
C) І.Жансүгіров.  
D) М.Мақатаев.  
E) С.Сейфуллин.
23. Б.Майлин оқыған "Уазифа" мектебі қай қалада орналасқанын табыңыз.
- A) Троицк.  
B) Уфа.  
C) Омбы.  
D) Қазан.  
E) Томск
24. М.Әуезовтің адамның жан-жүйесіне терең бойлаған, адамның сезім иірімдерін нәзік толғаған шығармасын белгілеңіз.
- A) «Түнгі сарын».  
B) «Қаралы сұлу».  
C) «Үйлену».  
D) «Намыс гвардиясы».  
E) «Кінәмшіл бойжеткен».
25. С.Мұқановтың «Ботагөз» романындағы кейіпкерлердің сөйлеу тілінің ерекшелігін белгілеңіз.
- A) Сезім тілімен сөйлеген.  
B) Қарапайым сөйлеу тілі арнасы сақталған.  
C) Кейіпкерлердің тілі күрделі, қиын.  
D) Әр кейіпкердің өзінше сөйлеу ерекшелігі бар.  
E) Кейіпкерлер тілі өте әшекейлі, әсем.

## 4-нұсқа

1. Табиғаттың сырын түсінсем, жеті қат жер асты құпиясын білсем деген халық арманынан туған ең көне ертегінің түрін көрсетіңіз.
  - A) Жануарлар туралы ертегілер.
  - B) Қиял - ғажайып ертегілері.
  - C) Хайуанаттар туралы ертегілер.
  - D) Шыншыл ертегілер.
  - E) Тұрмыс - салт ертегілері.
2. Ы.Алтынсарин ашқан оқытушылар мектебі қайда орналасқанын табыңыз.
  - A) Орскіде.
  - B) Орынборда.
  - C) Семейде.
  - D) Омбыда.
  - E) Торғайда.
3. «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» поэмаларының авторын белгілеңіз.
  - A) Ыбырай Алтынсарин.
  - B) Абай Құнанбайұлы.
  - C) Мағауия Абайұлы.
  - D) Шоқан Уәлиханов.
  - E) Шәкәрім Құдайбердіұлы.
4. Ақыл, қайрат, жүректің ғылымға келіп жүгінгенін сипаттайтын Абай қарасөзін табыңыз.
  - A) Он бесінші.
  - B) Он жетінші.
  - C) Он төртінші.
  - D) Оныншы.
  - E) Он сегізінші.
5. «Қараш-Қараш оқиғасы» атты туындының авторын табыңыз.
  - A) Б.Майлин.
  - B) М.Әуезов.
  - C) С.Мұқанов.
  - D) Ғ.Мүсірепов.
  - E) Ғ.Мұстафин
6. "Қодар-Қарабайдың қара шоқпары, қараңғы күші есебіндегі сұмырай серігі". Кімнің пікірі екенін белгілеңіз.
  - A) М.Әуезов.
  - B) Б.Майлин.
  - C) М.Мағауин.
  - D) Б.Соқпақбаев.
  - E) Ә.Әбішев.

7. Тармақтың соңғы сөздерінің дыбыстық жағынан үндесуі қалай аталатындығын табыңыз.
- A) Ұйқас.
  - B) Буын.
  - C) Шумақ.
  - D) Ырғақ.
  - E) Бунақ.
8. М. Мақатаевтың өмір сүрген жылдарын табыңыз.
- A) 1804 – 1846 ж.ж.
  - B) 1931 – 1976 ж.ж.
  - C) 1845 – 1904 ж.ж.
  - D) 1835 – 1865 ж.ж.
  - E) 1894 – 1938 ж.ж.
9. «Асқардан асу», «Арғымақтар» жинақтарының авторын көрсетіңіз.
- A) М.Мағауин.
  - B) С.Қирабаев.
  - C) Ә.Қоңыратбаев
  - D) О.Сүлейменов.
  - E) М.Әуезов.
10. «Оғызнаманың» қанша хикаядан тұратындығын көрсетіңіз.
- A) Оннан астам.
  - B) Қырықтан астам.
  - C) Отыздан астам.
  - D) Жиырмадан астам.
  - E) Елуден астам.
11. "Қобыланды батыр" жырында:  
Токтарбайдың жылқыда,  
Токсан құлы бар еді.  
Токсанының бастығы ... - кім екенін белгілеңіз.
- A) Қазан.
  - B) Қосдәулет.
  - C) Токтарбай.
  - D) Қараман.
  - E) Естеміс.
12. "Жарлысы мен байы тең,  
Жабысы мен тайы тең,  
Жары менен сайы тең..." Үзіндіде қай өзен туралы айтылғанын анықтаңыз. (Қазтуған жырау)
- A) Жайық.
  - B) «Салп-салпыншақ анау үш өзен».
  - C) Талас.
  - D) Есіл.
  - E) Шу.

13. Балуан Шолақтың өз бейнесі жасалған өлеңін нақтылаңыз.
- A) «Сентябрь»
  - B) «Дікілдек»
  - C) «Желдірме»
  - D) «Дүние»
  - E) «Қынжыл»
14. "Ел қорғаны", "Мансапқорлар", "Шернияз" пьесаларының авторы қай драматург екенін белгілеңіз.
- A) Қ.Кемеңгеров.
  - B) М.Әуезов.
  - C) Ж.Аймауытов.
  - D) Б.Майлин.
  - E) Ж.Шанин.
15. М.Дулатовтың "Оян, қазақ!" атты өлең жинағы қай жылы шыққанын анықтаңыз.
- A) 1920 ж.
  - B) 1900 ж.
  - C) 1914 ж.
  - D) 1910 ж.
  - E) 1909 ж.
16. "Майдан етіп дүние төрін,  
Темір, болат қақтап отқа,  
Жекпе-жек кеп өмір, өлім,  
Соққыласып жатқан жоқ па?" - деген үзінді Қасым Аманжоловтың қай поэмасынан алынғанын белгілеңіз.
- A) "Бикеш".
  - B) "Біздің дастан".
  - C) "Боран".
  - D) "Ақын өлімі туралы аңыз".
  - E) "Сенбе қуға".
17. Жамбылдың қай ақынмен айтысқанын табыңыз.
- A) Құлмамбет.
  - B) Арыстанбай.
  - C) Біржан.
  - D) Сара.
  - E) Омарқұл.
18. Қайрош балалар үйінде қандай мамандыққа машықтанғанын табыңыз.
- A) Механизатор.
  - B) Парашютшы.
  - C) Мектеп мұғалімі.
  - D) Шаштараз.
  - E) Атқыш-мерген.

19. Мақал-мәтелдерде көп қолданылатын көркем өрнекті табыңыз.
- Мысалы:  
*Су кірді тазартса,  
 Ақыл миды тазартады.*
- А) Арнау.  
 В) Гипербола.  
 С) Аллегория.  
 Д) Дамыту.  
 Е) Синтаксистік параллелизм.
20. «Арқада жер жетпейді Бурабайға  
 Бөленген бұйра сыпсың қарағайға.  
 Бұлт құшқан мәңгі мең-зең Көкшетауға  
 Бөлектәу: «Ой, бауырым!» - дер анадайда» - деген үзінді қай поэмадан,  
 авторын табыңыз.
- А) “Батыр Баян”, Мағжан Жұмабаев.  
 В) “Құлагер”, Ілияс Жансүгіров.  
 С) “Сұлушаш”, Сәбит Мұқанов.  
 Д) “Көкшетау”, Сәкен Сейфуллин.  
 Е) “Сұраншы батыр”, Жамбыл Жабаев.
21. М.Тәтімов, С.Шәріповтердің бастарынан кешкен оқиғаларды қосалқы  
 эпизодтар арқылы суреттеген С.Сейфуллиннің шығармасын анықтаңыз.
- А) «Жұбату».  
 В) «Тар жол, тайғақ кешу».  
 С) «Айша».  
 Д) «Бақыт жолына».  
 Е) «Қызыл сұңқарлар».
22. І.Жансүгіровтің “Жорық” поэмасында не жайында айтылатынын табыңыз.
- А) Аспан әлемін игеруге ұмтылыс.  
 В) Солтүстіктегі ақ аюлар өмірі.  
 С) Солтүстік Мұзды мұхитқа ерлік сапар.  
 Д) Соғыс уақытындағы ерлік істер.  
 Е) Солтүстіктің табиғатын суреттеу.
23. “Түнгі сарынның” авторын табыңыз.
- А) Бейімбет Майлин.  
 В) Мұхтар Әуезов.  
 С) Жүсіпбек Аймауытов.  
 Д) Ілияс Жансүгіров.  
 Е) Сәкен Сейфуллин.

24. С. Мұқановтың «роман» деп аталатын поэмасын табыңыз.
- A) «Ботагөз».
  - B) «Октябрь өткелдері».
  - C) «Ақ аю».
  - D) «Өмір мектебі».
  - E) «Сұлушаш».
25. Ш.Мұртазаның Т.Рысқұлов туралы драмалық туындысын көрсетіңіз.
- A) "Жұлдыз көпір".
  - B) "Сталинге хат".
  - C) "Қыл көпір".
  - D) "Бесеудің хаты".
  - E) "Қызыл жебе".

## 5-нұсқа

1. Мақалдың тақырыбын анықтаңыз.

*Алтау ала болса, ауыздағы кетеді.*

*Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.*

- A) Еңбек тақырыбы.
- B) Ынтымақ, бірлік тақырыбы.
- C) Батырлық, ерлік тақырыбы.
- D) Туған жер, Отан тақырыбы.
- E) Өнер - білім тақырыбы.

2. Асанның:

*''Ердің құны болса да,*

*Алдыға келіп қалған соң,*

*Қол қусырып барған соң,*

*Аса кеш те, қоя бер, '' - деген өлеңінде не туралы айтылғанын анықтаңыз.*

- A) Жер мәселесі.
- B) Дәстүр, салт мәселесі.
- C) Достық.
- D) Қамқорлық.
- E) Кешірімділік.

3. Махамбет Өтемісұлының өлеңін табыңыз.

- A) «Ереуіл атқа ер салмай».
- B) «Мен – қазақпын».
- C) «Ей, Абылай, Абылай».
- D) «Айналайын, Ақ Жайық».
- E) «Шәкірт ойы».

4. Абайдың баласы Әбдірахманға арнаған өлеңдері қандай туынды екенін белгілеңіз.

- A) Жоктау өлең.
- B) Мадақтау өлең.
- C) Арнау өлең.
- D) Өзіл өлең.
- E) Эпиграмма.

5. Ақмола облысының Көкшетау уезіне қарасты 5-ауылда дүниеге келген «әнші ақындар» деп аталатын үлкен бір өнерпаз топтың көрнекті өкілін көрсетіңіз.

- A) Ілияс Жансүгіров.
- B) Жаяу Мұса Байжанұлы.
- C) Әсет Найманбаев.
- D) Ақан сері Қорамсаұлы.
- E) Ыбырай Сандыбайұлы.



6. «Ассонанс» анықтамасына сәйкес қатарды белгілеңіз.
  - A) Бірынғай дауысты дыбыстарды қайталау.
  - B) Бірынғай дауыссыз дыбыстарды қайталау.
  - C) Бүтіннің орнына бөлшекті қолдану.
  - D) Бір затты басқа затпен салыстыра суреттеу.
  - E) Заттың айрықша сипатын анықтау.
7. М.Мақатаевтың өлеңін көрсетіңіз.
  - A) «Ғашықпын».
  - B) «Туысқан».
  - C) «Қайта оралды тырналар».
  - D) «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру».
  - E) «Өмірдің өзі-ақ қызық-ақ».
8. Қарақалпақ жерінде туған қазақ ақынын табыңыз.
  - A) А.Бактыгереева.
  - B) Қ.Мырзалиев.
  - C) Т.Молдағалиев.
  - D) Т.Айбергенов.
  - E) М.Шаханов.
9. Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» туындысында жалғыз шалдың неге шегара бұзып, тау асып келе жатқанын табыңыз.
  - A) Мал ұрлау үшін келеді.
  - B) Адасып келеді.
  - C) Жаулардан қашып келеді.
  - D) Туған жеріне келеді.
  - E) Түрмеден қашып келеді.
10. Ахмет Иүгінекидің еңбегінің атын белгілеңіз.
  - A) "Құдатғу білік".
  - B) "Ақиқат сыйы".
  - C) "Диуани хикмет".
  - D) "Диуани лұғат ат-түрік".
  - E) "Тонькөк жыры".
11. Біржан салдың өлеңін табыңыз.
  - A) "Қорлан".
  - B) "Балқадіша".
  - C) "Ақ сиса".
  - D) "Майра".
  - E) "Жанбота".
12. Қазақтың сал-серілерін белгілеңіз.
  - A) Сералин, Торайғыров.
  - B) Бұхар, Үмбетей.
  - C) Әуезов, Мұқанов.
  - D) Шортанбай, Дулат.
  - E) Біржан, Ақан.

13. А. Байтұрсыновтың өлеңдер жинағын белгілеңіз.
- А) "Маса".
  - В) "Өткен күндер".
  - С) "Жұртыма".
  - Д) "Уақ-түйек".
  - Е) "Оян, қазақ".
14. «Сөзім – жыр, лебізім – күй ерке едім,  
Өз жерім, өз елімде еркеледім,» - үзінді Қасымның қай өлеңінен алынғанын табыңыз.
- А) "Күлемін де жылаймын".
  - В) "Көкшетау".
  - С) "Елге хат".
  - Д) "Өзім туралы".
  - Е) "Туған ел".
15. "Халық поэзиясының алыбы, XX ғасырдың Гомері" деп бағаланған ақынды белгілеңіз.
- А) Ж. Саин.
  - В) М. Әуезов.
  - С) Ә. Тәжібаев.
  - Д) Ж. Жабаев.
  - Е) Ғ. Орманов.
16. М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінің негізгі идеясын көрсетіңіз.
- А) Айналаны қоршаған табиғаттың өз заңы бар, оны адамдар түсіне білуі қажет.
  - В) Қасқырларды аяусыз қыру қажет.
  - С) Қасқыр - адамның жауы.
  - Д) Табиғат адамға тәуелді болу керек.
  - Е) Адамдар қасқырдан өткен жауыз.
17. С. Мұқанов шығармасын табыңыз.
- А) «Шығанақ».
  - В) «Өскен өркен».
  - С) «Майдан».
  - Д) «Балуан Шолақ».
  - Е) «Түнгі сарын».
18. Ғабиден Мұстафиннің романын анықтаңыз.
- А) «Балуан Шолақ».
  - В) «Ботагөз».
  - С) «Дауылдан кейін».
  - Д) «Раушан-коммунист».
  - Е) «Қазақ солдаты».

19. Ұйқастың түрін белгілеңіз.  
*Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.*
- A) Егіз ұйқас.  
B) Кезекті ұйқас.  
C) Қара өлең ұйқасы.  
D) Ерікті ұйқас.  
E) Шалыс ұйқас.
20. ... *Ата-анадан, туысқаннан, туган жерден кім безейін деп ойлайды?  
Еркін қызық өмірді, жан тыныштықты кім жақсы көрмейді?* – деген  
Ж.Аймауытовтың қай кейіпкерінің сөзі екенін анықтаңыз.
- A) Офицер.  
B) Ақбілек.  
C) Бекболат.  
D) Мұқаш.  
E) Қартқожа.
21. М.Жұмабаевтың мойнына құрық, басына сырық болған ұйымның атын  
табыңыз.
- A) "Бірлік".  
B) "Шоң серіктігі".  
C) "Тұлпар".  
D) "Елім-ай".  
E) "Алқа".
22. С.Сейфуллин шығармашылығының жаңа күрт бетбұрыс басы болған  
туындысын белгілеңіз.
- A) «Мұра».  
B) «Інішегіме».  
C) «Асығып тез аттандық».  
D) «Надан бай».  
E) «Қазақ сабағы».
23. І.Жансүгіровтің көсемше формалы эпитеттерден құралған өлеңін  
белгілеңіз.
- A) "Саптыаяқ".  
B) "Бөбек бөлеу".  
C) "Әншіге".  
D) "Жазғытұры".  
E) "Гималай".

24. "Абай" романын неше рет қайталап оқысаң, сонша, әрдайым жаңа бір ой, жаңа бір көркемдік, бұрын оқығанда байқалмай кеткен тереңдік табам". Бұл кімнің сөзі екенін анықтаңыз.
- А) Н.Погодин.
  - В) З.Қабдолов.
  - С) Б.Матиф.
  - Д) Ғ.Мүсірепов.
  - Е) М.Мырзахметов.
25. Ғ. Мүсіреповтің 1932 жылғы ауыр шындықты астарлап жеткізген шығармасын табыңыз.
- А) "Қос Шалқар".
  - В) "Көк үйдегі көршілер".
  - С) "Алғашқы адымдар".
  - Д) "Шұғыла".
  - Е) "Тулаған толқында".

## 6-нұсқа

1. Қазақ арасында аса дәріптелетін аңшылық түрін белгілеңіз.
  - A) Балық аулау.
  - B) Құс аулау.
  - C) Қақпан құру.
  - D) Мергеншілік.
  - E) Аң-құс баласын үйрету.
2. Асан атына "қайғы" деген сөздің тіркесе айтылуының себебін белгілеңіз.
  - A) Халық қайғысын, мұң-зарын ойлаумен өткен адам.
  - B) Жай қоя салған.
  - C) Айналасына наразылықтан.
  - D) Өз басында қайғысы бар адам.
  - E) Мұңды адам.
3. Ы.Алтынсариннің алғашқы қазақ мектебі қай жерде ашылғанын табыңыз.
  - A) Қостанайда.
  - B) Семейде.
  - C) Алматыда.
  - D) Торғайда.
  - E) Ақтөбеде.
4. Абайдың бес асыл іс пен бес дұшпанды саралаған өлеңін табыңыз.
  - A) «Әсемпаз болма әрнеге».
  - B) «Интернатта оқып жүр».
  - C) «Қалың елім, қазағым...»
  - D) «Жасымда ғылым бар деп...»
  - E) «Ғылым таппай мақтанба».
5. Үкілі Ыбырайдың туған жерін белгілеңіз.
  - A) Жамбыл облысы Шу ауданы Ақтөбе ауылы.
  - B) Ақмола облысы Көкшетау уезіне қарасты №5 ауыл Сандыбай бұлағы.
  - C) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Күлтөбе-Маманай ауылы.
  - D) Шығыс Қазақстан облысы Мақаншы ауданы Бақты ауылы.
  - E) Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Қоскөл ауылы.
6. Метафораның ерекшелігін көрсетіңіз.
  - A) Заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз
  - B) Затты, құбылысты айқындау үшін ұқсас басқа затқа не құбылысқа балау
  - C) Сөзді бұрма мағынасында қолдану
  - D) Сөзді тура мағынасында қолдану
  - E) Заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз

7. М. Мақатаевтың өлеңін табыңыз.
- А) «Шәкірт ойы».
  - В) «Ғылым таппай мақтанба».
  - С) «Шығамын тірі болсам адам болып».
  - Д) «Құлагер».
  - Е) «Қара өлең».
8. Ж.Нәжімеденовтің өлеңін көрсетіңіз.
- А) «Болыс болдым мінеки».
  - В) «Менің Қазақстаным».
  - С) «Оюлар».
  - Д) «Қыс».
  - Е) «Өзен».
9. "Аласапыран" романының авторын табыңыз.
- А) Есенберлин.
  - В) Жұмаділов.
  - С) Мағауин.
  - Д) Найманбаев.
  - Е) Бөкеев.
10. "Диуани лұғат ат-түрік" еңбегі қай халықтың мұрасына жататынын анықтаңыз.
- А) Қырғыз халқының мұрасы.
  - В) Өзбек халқының мұрасы.
  - С) Түркі халықтарына ортақ мұра.
  - Д) Қазақ халықтың мұрасы.
  - Е) Қарақалпақ халықтың мұрасы.
11. Айман мен Шолпанның әкесінің кім екендігін табыңыз.
- А) Сарыбай.
  - В) Әлібек.
  - С) Қарабай.
  - Д) Маман.
  - Е) Көгібар.
12. Ақан сері өміріне арналған пьесаны табыңыз.
- А) «Көк қаршыға».
  - В) «Бақыт жолына».
  - С) «Құлагер».
  - Д) «Ақан сері».
  - Е) «Ақан сері-Ақтоқты».
13. С.Сейфуллиннің ақын мен аттың айтысына құрылған шығармасын көрсетіңіз.
- А) "Құлагер".
  - В) "Көкжендет".
  - С) "Көкшетау".
  - Д) "Қызыл ат".
  - Е) "Ақсақ киік".

14. *"Шықты бір қыз театрдан  
Мойынында орман тұлкі  
Шашын күзеп, қасын қырған,  
Аузы-мұрны толған күлкі..."* Шумақ Қасым Аманжоловтың қай поэмасынан алынғанын белгілеңіз.
- A) "Ақын өлімі туралы аңыз".
  - B) "Біздің дастан".
  - C) "Бикеш".
  - D) "Сенбе құға".
  - E) "Боран".
15. Жамбылдың бата түріндегі туындысын табыңыз.
- A) "Аттандыру".
  - B) "Өтеген батыр".
  - C) "Қазақстан тойына".
  - D) "Майданға хат".
  - E) "Сұраншы батыр".
16. М. Әуезовтің Ленинград университетін бітірген жылын табыңыз.
- A) 1925ж.
  - B) 1930ж.
  - C) 1926ж.
  - D) 1931ж.
  - E) 1928ж.
17. *«Оқуға ұғымды, ерекше талапты момын қара бала болашақ заманның  
белгісіз бір жарығына осы абақты ішінде сенген көңілмен күн санап ер  
жетіп келе жатты».* М.Әуезовтің осылай аяқталатын туындысын табыңыз.
- A) «Түнгі сарын».
  - B) «Қараш-Қараш оқиғасы».
  - C) «Намыс гвардиясы».
  - D) «Қилы заман».
  - E) «Шатқалаң».
18. С.Мұқановтың «Есіл бойында» («Өмір мектебінен») шығармасындағы әрі сұлу, әрі ақын, әрі сазгер Ұлпа қыз ғашық болатын жігітті табыңыз.
- A) Мұратбек.
  - B) Ораз.
  - C) Мырзатай.
  - D) Шүрек.
  - E) Бекберген.

19. Сюжетін халықтың тарихи аңыздарынан алған, зарлы заман оқиғаларын суреттеген шығарманы көрсетіңіз.
- Т.Жароков "Тасқын".
  - Ғ.Орманов "Мыс қала".
  - И.Байзақов "Ақбөпе", "Құралай сұлу".
  - И.Байзақов "Он бір күн, он бір түн".
  - С.Мұқанов "Ақ аю".
20. Ғзулидің «Ләйлі – Мәжнүнін» 1907 жылы қазақша жырлаған ақынды табыңыз.
- Әбділдә Тәжібаев.
  - Мағауия Абайұлы.
  - Мағжан Жұмабаев.
  - Шәкәрім Құдайбердіұлы.
  - Мұқағали Мақатаев.
21. "Менің алғаш білімге көзімді ашқан осы кісі", - дейді Мұқан Токтабайұлына арнаған сөзінде... Айтып отырған кім екенін анықтаңыз.
- С.Сейфуллин.
  - А.Байтұрсынов.
  - Д.Исабеков.
  - М.Әуезов.
  - М.Дулатов.
22. І.Жансүгіров «Қысқаша өмірбаянда» өзі көрсеткендей, 1916 жылдың неліктен ерекшеленетінін табыңыз.
- Алғашқы өлеңі жарияланады.
  - Абайдың өлең жинағы қолына түседі.
  - Қара жұмысқа түседі.
  - Әсет ақынмен танысады.
  - Еңбек жолын бастайды.
23. «Майдан» пьесасындағы *«Ерегіске кеткенде, ала атқа билігім келер, қара сиырды қатын бермей жүрсе қайтем? ... Әй, үйі күйгір, Мамық-ай, біздің қатынды бүлдіріп жүрген дәу де болса, сен-ау!»* деген монологтің кімдікі екендігін анықтаңыз.
- Көдебайдың.
  - Бекболаттың.
  - Олжабектің.
  - Моргуноктың.
  - Досанның.
24. М.Әуезовтің "Абай жолы" эпопеясын оқығандағы әсерінен өзінің қалай қазақ болып кеткенін білмей қалғанын жазған жазушыны белгілеңіз.
- Г.Бельгер.
  - Б.Матип.
  - Л.Арагон.
  - К.Федин.
  - Ш.Айтматов.



25. ...Тас қорғанда ел отыр да,  
Қақпасында хазірет,  
Кімге естілмек адам зары?  
Жапандасың, жалғызсың,  
Кімге естілмек айғайың?

...Неткен мағынасыз бос өмір,- деген шумақтар қай шығармадан алынғанын белгілеңіз.

А) "Қыз-Жібек".

В) "Ақан сері-Ақтоқты".

С) "Қозы Көрпеш-Баян сұлу".

Д) "Амангелді".

Е) "Еңлік-Кебек".

## 7-нұсқа

1. «Үйіңнің алдында төбе болса, ерттеулі атпен тең, ауылыңда ақылгөй қарт болса, жазып қойған хатпен тең» - деген Малайсарының сөзі шешендіктің қай түріне жатады, табыңыз.
  - A) Шешендік өсиет
  - B) Шешендік жұмбақ
  - C) Шешендік парасат
  - D) Шешендік нақыл
  - E) Шешендік бата
2. С.Бегалиннің Ш.Уәлихановқа арналған туындысының атын табыңыз.
  - A) «Бала Шоқан».
  - B) «Ариадна жібі».
  - C) «Ш.Уәлиханов».
  - D) «Қашқарға саяхат».
  - E) «Аққан жұлдыз».
3. Абайдың табиғат лирикасына жататын өлеңін белгілеңіз.
  - A) «Бойы бұлғаң».
  - B) «Құлақтан кіріп бойды алар».
  - C) «Жазғытұры».
  - D) «Адамның кейбір кездері».
  - E) «Ғылым таппай мақтанба».
4. Абайдың соңғы туындыларының қатарына жататынын табыңыз.
  - A) Өлеңдері.
  - B) Поэмалары.
  - C) Қара сөздері.
  - D) Аудармалары.
  - E) Әндері.
5. Атақты сәйгүлік Құлагердің иесін табыңыз.
  - A) І.Жансүгіров.
  - B) Жаяу Мұса.
  - C) Қобыланды батыр.
  - D) А.Қорамсаұлы.
  - E) А.Құнанбаев.
6. Абай дүниеден өткенде Мұхтар Әуезов неше жаста екенін табыңыз.
  - A) 5 жаста.
  - B) 8 жаста.
  - C) 7 жаста.
  - D) 9 жаста.
  - E) 11 жаста.

7. Иронияның негізгі ерекшелігін анықтаңыз.
- A) Сөзді тура мағынасында қолдану.
  - B) Өмірдің жағымсыз жақтарын күлкі ете, мыскылдай суреттеу.
  - C) Сөздерді қарама-қарсы, кекесін мағынасында қолдану.
  - D) Затты, құбылысты айқындау үшін ұқсас басқа затқа не құбылысқа балау.
  - E) Сөзді бұрма мағынасында қолдану.
8. Өлеңнің әрбір жолы қалай аталатындығын көрсетіңіз.
- A) Бунақ.
  - B) Ырғақ.
  - C) Буын.
  - D) Ұйқас.
  - E) Тармақ.
9. Ж.Молдағалиевтің «Кісен ашқан» поэмасы кім туралы екенін анықтаңыз.
- A) Құрманғазы.
  - B) Қаршыға.
  - C) Айтқали.
  - D) Сүгір.
  - E) Махамбет.
10. «Күлтегін» жырындағы Күлтегін мен Білгенің әкесінің атын белгілеңіз.
- A) Бұмын қаған
  - B) Қапаған қаған
  - C) Елтеріс қаған
  - D) Алып Ер Тұңға
  - E) Тонькөк
11. Жәдігер қай батырдың баласы екенін табыңыз.
- A) Қамбардың.
  - B) Алпамыстың.
  - C) Қобыландының.
  - D) Қарадөңнің.
  - E) Тарғынның.
12. Қазтуғанның жырын табыңыз.
- A) “Арғымаққа оқ тиді”.
  - B) Алаң да алаң, алаң жұрт.
  - C) Тілек.
  - D) “Ер Доспамбет”.
  - E) “Көлде жүрген қоңыр қаз”.
13. С.Сейфуллиннің поэмасын табыңыз.
- A) «Гималай».
  - B) «Сұлушаш».
  - C) «Кім жазықты».
  - D) «Құлагер»
  - E) «Қызыл ат».

14. Қ.Аманжолов Абдолла Жұмағалиевке қандай поэма арнағанын белгілеңіз.
- A) "Ақын өлімі туралы аңыз".
  - B) "Берлин көшесінде".
  - C) "Майданбек".
  - D) "Ер туралы жыр".
  - E) "Жиырма сегіз".
15. Өзінің соғыста өлетінін сезіп, бірақ өмір сүргісі келетінін жар сала жазып кеткен қаламгерді белгілеңіз.
- A) Қ.Қайсенов.
  - B) С.Ерубаев.
  - C) Б.Момышұлы.
  - D) Б.Бұлқышев.
  - E) Ж.Саин.
16. Жамбылдың қазақ байларының жағымпаздық қылықтарын шенеп шығарған өлеңін табыңыз.
- A) "Тарас".
  - B) "Кедей күйі".
  - C) "Өстөпкеде".
  - D) "Зілді бұйрық".
  - E) "Шағым".
17. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында Абай мына жолдарды қай ақынға айтқанын табыңыз.
- «Менің әкемнің де сүйетін өлеңі болар. Жалғыз-ақ сіздің есіңізде қалғаны, әлгі бір «Шұбарым, арғымағым, кер маралым, өз заңыңша болкендік жандаралым!» - деген өлеңді жақтырмай, сынап сөйлеген сөзі болмаса.»
- A) Қадырбай.
  - B) Біржан.
  - C) Қуандық.
  - D) Барлас.
  - E) Шөже.
18. "Шығанақ бейнесінде еңбек таразысын танытатын өзі дана, барынша адал пейілді адам бейнесі жақсы сипатталған," - деген пікірді айтқан кім екенін анықтаңыз.
- A) Ә.Шәріпов.
  - B) С.Мұқанов.
  - C) З.Қабдолов.
  - D) Ғ.Мүсірепов.
  - E) М.Әуезов.

19. Мына өлең жолдарының авторын, өлең атын табыңыз.
- “Іздедім де сәттерімде түңілген,  
Тастап кеткен аңызыңа жүгінгем.  
Жүгінгем де, қайта туғам, тірілгем  
Тарихымды жазудамын бүгін мен,  
Бабаларым, сенің ана тіліңмен!”*
- A) С.Мәуленов “Соғыстан қайтқан солдаттар”  
B) Ж.Молдағалиев “Тек қана туған жерден айырмағай”  
C) Ғ.Қайырбеков “Бар ма екен деп ойланам”.  
D) М.Мақатаев “Бабаларым, рахмет сендерге!”  
E) М.Шаханов “Төрт Ана”
20. «Қанапия-Шарбану» пьесасының қандай сөздермен аяқталатындығын көрсетіңіз.
- A) Жасасын, адамзат!  
B) Алға, жастар!  
C) Жасасын бейбітшілік!  
D) Жасасын шаруалар!  
E) Жасасын бұқара өкіметі!
21. М.Дулатовтың өлеңін табыңыз.
- A) «Тез барам».  
B) «Қызыл кітап».  
C) «Домбыра».  
D) «Адамдық іс».  
E) «Шешенің балаларын сүюі».
22. *“Не көрсем де алаш үшін көргенім,  
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім.  
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,  
Істей берсін қолдарынан келгенін, ”* - деген жолдар М.Жұмабаевтың қай шығармасынан алынғанын табыңыз.
- A) “Сағындым”.  
B) “Бостандық”.  
C) “Пайғамбар”.  
D) “Домбыра”.  
E) “Тәңірі”.
23. “Мен Ілиясты бұрын да білуші едім. Бірақ оның шын мағынасында дарынды ақын екенін мойындағаным “Жетісу суреттері” өлеңін оқығаннан кейін”, - деген пікірдің авторын белгілеңіз.
- A) С.Сейфуллин.  
B) Ғ.Мүсірепов.  
C) М.Әуезов.  
D) С.Мұқанов.  
E) М.Жұмабаев.

24. Ғ. Мүсіреповтің тұңғыш көлемді шығармасын табыңыз:

- A) “Қос Шалқар”
- B) “Тарландар”
- C) “Тулаған толқында”
- D) “Талпақ танау”
- E) “Шұғыла”

25. М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» атты шығармасында «Қасқырдың күшігін қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды» деп айтқан адамды табыңыз.

- A) Зекен.
- B) Нартай.
- C) Ертай.
- D) Дәуренбек.
- E) Омаш.

## 8-нұсқа

1. Қырағыкөз, Желаяк, Сакқұлақ, Таукөшірер, Көлтауысар кездесетін ертегінің белгіленіз.
  - A) «Керқұла атты Кендебай»
  - B) «Ер Төстік»
  - C) «Қотыр торғай»
  - D) «Алтын сақа»
  - E) «Ұшқыш кілем»
2. Ыбырай Алтынсарин өлеңдерін анықтаңыз.
  - A) «Интернатта оқып жүр».
  - B) «Ұршық».
  - C) «Малға достың мұны жоқ».
  - D) «Ерлердің ісі бітер ме?».
  - E) «Кел, балалар, оқылық».
3. Абай Құнанбайұлының Крыловтан аударған мысалын белгілеңіз.
  - A) «Күз».
  - B) «Қыс».
  - C) «Шегіртке мен құмырсқа».
  - D) «Жаз».
  - E) «Жартас».
4. Ақан серінің шын атын табыңыз.
  - A) Ақжігіт.
  - B) Ержігіт.
  - C) Ақтөре.
  - D) Төре.
  - E) Еркебала.
5. Әсет Найманбаевтың туған жерін көрсетіңіз.
  - A) Жамбыл облысы Шу ауданы Ақтөбе ауылы
  - B) Шығыс Қазақстан облысы Мақаншы ауданы Бақты ауылы
  - C) Ақмола облысы Көкшетау уезіне қарасты №5 ауыл Сандыбай бұлағы
  - D) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Күлтөбе-Маманай ауылы
  - E) Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Қоскөл ауылы
6. М.Әуезовтің «Абай жолы» романының оқиғасы қанша уақытты қамтығанын табыңыз.
  - A) Отыз жылдың оқиғасы.
  - B) Жарты ғасыр.
  - C) Бір ғасырдан ұзақ.
  - D) Екі ғасырды.
  - E) Бір ғасырды.

7. С.Мұқановтың лирикалық өлеңдерінің кейіпкерін табыңыз.
- Хандар.
  - Билер.
  - Үстем тап.
  - Сұлтандар.
  - Еңбекші халық.
8. Сонда *Бұрыл гүледі,*  
*Табаны жерге тимеді,*  
*Көлденең жатқан көк тасты,*  
*Тіктеп тиген тұяғы*  
*Саз балшықтай иледі,* («Қобыланды батыр») - деген жыр үзіндісіндегі көркемдік тәсілді табыңыз.
- Кішірейту (литота)
  - Мысқыл (сарказм)
  - Әсірелеу (гипербола)
  - Алмастыру (метонимия)
  - Кекесін (ирония)
9. Шығарманың кейіпкері деген ұғымға лайық анықтаманы белгілеңіз.
- Өмірде сирек кездесетін, тіпті мүлде кездеспейтін образдар.
  - Шығармадағы адамдардың көркем бейнесі.
  - Шығармадағы адамдардың мінез-құлқы, сырт пішіні.
  - Жансыз табиғаттың кәдімгі тірі адамға айналуы.
  - Міндетті түрде өмірде болған адамдар.
10. "Шығыстың Аристотелі" атанған адамды табыңыз.
- Әбу Әли Ибн Сина.
  - Платон.
  - Захириддин Мұхаммед Бабыр.
  - Қожа Ахмет Яссауи.
  - Әбу Насыр әл-Фараби.
11. Сараның "Арғынға жол бермеген есіл тілі" Жиенқұлға келгенде мүдірген себебін көрсетіңіз.
- Жиенқұлдың ақымақ, өнерсіз әрі дене кемістігі барлығынан.
  - Малы көптігінен.
  - Жиенқұлдың кәрілігінен.
  - Жиенқұлды жақсы көргендіктен.
  - Жиенқұлдың аурулығы себепті.
12. Жиенбет жыраудың кім болғанын белгілеңіз.
- Ақын, әрі күйші.
  - Батыр, әрі ақын.
  - Жыршы, әрі ақын.
  - Әскербасы, әрі әйгілі ақын.
  - Жыршы, әрі күйші.



13. 15-16 жасында үй ішінің рұқсатынсыз Павлодарға қашып барып, екі сыныпты мектепке түскен жазушыны табыңыз.
- A) М.Жұмабаев.
  - B) С.Торайғыров.
  - C) С.Мұқанов.
  - D) Б.Майлин.
  - E) Ж.Аймауытов.
14. Баубек Бұлқышев көбінесе қай стильде жазды, дұрысын табыңыз.
- A) Публицистикалық стильде.
  - B) Ғылыми стильде.
  - C) Іс қағаздары стилінде.
  - D) Ауызекі стильде.
  - E) Көркем әдебиет.
15. *"Заңғойдың болысы пысық келеді,  
Мұрындары нұшық келеді.  
Екі арада ептеп жерінде  
Көздерін қысып келеді."* - Үзінді Жамбылдың қай өлеңінен алынғанын анықтаңыз.
- A) "Майданға".
  - B) "Шағым".
  - C) "Жаз".
  - D) "Кедей күйі".
  - E) "Мәнке туралы".
16. "... Алпамсадай арысым едің... Қанбақтай жеп-жеңіл боп қаусап қалғаның ау!" - деп, ауру інісін төсектен көтеріп алатын балуан денелі жігіттің күйінуімен оқиғасы басталатын М.Әуезов шығармасын табыңыз.
- A) "Абай жолы".
  - B) "Қараш-Қараш оқиғасы".
  - C) "Қилы заман".
  - D) "Жетім".
  - E) "Өскен өркен".
17. Ғ.Мұстафиннің тұңғыш кітабын табыңыз.
- A) "Қашқын".
  - B) "Ер Шойын".
  - C) "Шығанақ".
  - D) "Өмір не өлім".
  - E) "Қарағанды".
18. «Аққулар ұйықтағанда», «Дариға-жүрек», «Қош бол, махаббат!» «Өмірдастан» шығармаларының авторын табыңыз.
- A) Ж.Молдағалиев.
  - B) Қ.Мырзалиев.
  - C) Т.Молдағалиев.
  - D) С.Жиенбаев.
  - E) М.Мақатаев.

19. Арманыңды ақтармын ба көкірегімде тербесем,  
Айға сіңлі, қарындассың қасиетті жерге сен.  
Мен өзіңді теңдесі жоқ құдірет деп түсінем,  
Сендік қуат мың есе артық Жердің тарту күшінен, - үзіндісі алынған  
Төлеген Айбергеновтің өлеңін табыңыз.
- А) «Бір тойым бар»  
В) «Аруана – бауыр дүние»  
С) «Апаларым»  
D) «Сағыныш»  
E) «Ана»
20. «Еңлік - Кебек» поэмасының авторын белгілеңіз.
- А) Хамит Ерғалиев.  
В) Шәкәрім Құдайбердіұлы.  
С) Сұлтанмахмұт Торайғыров.  
D) Ілияс Жансүгіров.  
E) Жүсіпбек Аймауытов.
21. Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқыған кезде сондағы профессорлардың бірі Мағжанды «Қырғыздың (қазақтың) Пушкині» деуші еді, - деген пікірді айтқан адамды белгілеңіз.
- А) І.Жансүгіров.  
В) М.Дулатов.  
С) С.Құдаш.  
D) Ғ.Ибрагимов.  
E) М.Әуезов.
22. "Әуіпідек" қай романның үзіндісі екенін анықтаңыз.
- А) "Қалың мал".  
В) "Тар жол, тайғақ кешу".  
С) "Жолдастар".  
D) "Қыз көрелік".  
E) "Бақытсыз Жамал".
23. І.Жансүгіровтің поэмасын белгілеңіз.
- А) «Көкшетау».  
В) «Ару ана».  
С) «Сұлушаш».  
D) «Көбік шашқан».  
E) «Чили, шуағым менің».
24. Ғ.Мүсірепов шығармасын табыңыз.
- А) «Сөніп-жану».  
В) «Барымта».  
С) «Жат қолында».  
D) «Қарагөз».  
E) «Қыр суреттері».

25. Д.Исабековтің "Дермене" деп аталатын повесі бар, сол сөздің мағынасын анықтаңыз.

- A) Қурайдың аты.
- B) Зоршылдық, өктемдік деген сөз.
- C) Жусанның дәрі жасайтын бір түрі.
- D) Дәрінің аты.
- E) Күркенің төрт бұрышына қағатын ағаш.

## 9-нұсқа

1. Аңыздағы:  
"Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?" - деген жолдар кімнің сөзі екенін табыңыз.
  - A) Жиренше.
  - B) Қожанасыр.
  - C) Хан.
  - D) Қарашаш.
  - E) Алдар көсе.
2. XVIII ғасырда өмір сүріп, Тәуке, Абылай хандарға кеңесші болған кай жырау екенін белгілеңіз.
  - A) Қазтуған.
  - B) Шалкиіз.
  - C) Доспамбет.
  - D) Бұқар.
  - E) Ақтамберді.
3. Спандияр Көбеевтің романын табыңыз.
  - A) «Қамар сұлу».
  - B) «Кім жазықты».
  - C) «Жолдастар».
  - D) «Қыз көрелік».
  - E) «Қалың мал».
4. Ғылымға берілудің, ғалым болудың жолдары айтылған Абайдың өлеңін табыңыз.
  - A) «Шәкірт ойы».
  - B) «Кел, балалар, оқылық».
  - C) «Өнер-білім бар жұрттар».
  - D) «Қазақ қалпы».
  - E) «Ғылым таппай мақтанба».
5. Абайдың поэмасын табыңыз.
  - A) "Кім жазықты".
  - B) "Медғат-Қасым".
  - C) "Еңлік-Кебек".
  - D) "Қалқаман-Мамыр".
  - E) "Ескендір".
6. Ғабит Мүсіреповің роман жанрының қалыптасуына үлес қосқан шығармасын белгілеңіз.
  - A) «Шығанақ».
  - B) «Сырдария».
  - C) «Жат қолыңда».
  - D) «Қарағанды».
  - E) «Ботагөз».

7. Көркем шығармада суреттелетін табиғат көрінісі қалай аталатындығын табыңыз.
- A) Диалог.
  - B) Арнау.
  - C) Пейзаж.
  - D) Монолог.
  - E) Мінездеу.
8. Мұхтар Шахановтың тарихи шындыққа негізделіп жазылған шығармасын табыңыз.
- A) «Достық өлкесінің заңы»
  - B) «Төрт сәуле»
  - C) «Отырар»
  - D) «Төрт ана»
  - E) «Танакөз»
9. Б.Момышұлының шығармасын табыңыз.
- A) «Тірілер мен өлілер».
  - B) «Адам тағдыры».
  - C) «Жонарқа».
  - D) «Қаһарлы күндер».
  - E) «Қарға тамған қан».
10. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанының басты идеясы неше принципке негізделіп жазылғанын табыңыз.
- A) Үш.
  - B) Жеті.
  - C) Бес.
  - D) Екі.
  - E) Төрт.
11. Алпамыс батырдың әкесінің атын табыңыз.
- A) Тоқтарбай.
  - B) Байбөрі.
  - C) Қарасай.
  - D) Тұяқбай.
  - E) Сарыбай.
12. Ақан сері «Заман адамы» деген туындысында қазақтың артта қалу себебін неден көретінін анықтаңыз.
- A) Араздық, өшпенділік.
  - B) Екіжүздік, аярлық.
  - C) Еріншектік, жалқаулық.
  - D) Оқымағандық.
  - E) Өнерсіздік.

13. «Еңлік-Кебек» поэмасының немен аяқталғанын көрсетіңіз.
- А) Армандарына жетеді.
  - В) Бірге қаза табады.
  - С) Аяқталмаған.
  - Д) Екі жас қосылады.
  - Е) Жер ауып кетеді.
14. «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасының авторын табыңыз.
- А) Т.Айбергенов.
  - В) Қ.Мырзалиев.
  - С) Ә.Тәжібаев.
  - Д) Қ.Аманжолов.
  - Е) Ғ.Орманов.
15. Жамбыл Жабаев туралы:
- ”Жетісу ақындарының алтын дінгегі”, - деп кім айтқанын анықтаңыз.
- А) С.Мәуленов.
  - В) М.Әуезов.
  - С) І.Жансүгіров.
  - Д) Ә.Тәжібаев.
  - Е) С.Мұқанов.
16. «Драматургия – қазақ әдебиетіндегі негізінен Әуезов тудырған жанр» - деп баға берген қаламгерді табыңыз.
- А) С.Мұқанов.
  - В) Ғ.Мұстафин.
  - С) Ғ.Мүсірепов.
  - Д) М.Жұмабаев.
  - Е) Ж.Аймауытов.
17. Ғ.Мұстафиннің «Миллионерінің» кейіпкерлерін табыңыз.
- А) Жанат, Жомарт, Жақып.
  - В) Жанәбіл, Ардақ,
  - С) Шығанақ, Олжабек.
  - Д) Аман, Шолпан, Шәкен.
  - Е) Ермек, Шойын.
18. Аллитерация терминінің анықтамасын белгілеңіз.
- А) Өлеңдегі әр жолдың біркелкі дауысты дыбыстан басталуы.
  - В) Өлең жолдарының басы дауысты, дауыссыз.
  - С) Өлеңнің басқы ұйқасқа құрылуы.
  - Д) Өлең сөздерінің басқы дыбыстарының біркелкі дауыссыз боп қайталануы.
  - Е) Дыбыстар арасындағы үндестік.

19. Қ.Бекхожиннің «Ақсақ Темір мен акын» өлеңіндегі «Қаф тауы» деген ұғымның мәнін ашып көрсетіңіз.
- A) Алтай таулары.
  - B) Арабиядағы тау.
  - C) Белгісіз атау.
  - D) Кавказ таулары.
  - E) Ертегіде кездесетін тау.
20. Шәмкеш, Тұрмағамбет, Иманқұл атты кейіпкерлердің Ж.Аймауытовтың қай шығармасында кездесетіндігін анықтаңыз.
- A) «Мансапқорлар»
  - B) «Ақбілек»
  - C) «Қартқожа»
  - D) «Қанапия-Шарбану»
  - E) «Рабиға»
21. М.Дулатовтың өлеңін табыңыз.
- A) "Астанам".
  - B) "Таршылық халіміз хақында аз мінәжат".
  - C) "Жұртыма".
  - D) "Қазақ айнасы".
  - E) "Үш бақытым".
22. І.Жансүгіровтің "Құқ" жинағы қандай шығарма екенін белгілеңіз.
- A) Зерттеу еңбегі.
  - B) Поэмалар жинағы.
  - C) Сықақ әңгімелер мен фельетондар.
  - D) Мысал өлеңдер.
  - E) Өлеңдер жинағы.
23. «Неке қияр» пьесасында әйелдердің еріктілік алатындығын үлкен сеніммен айтқан адамды көрсетіңіз.
- A) Жомарт.
  - B) Жәлен.
  - C) Ылаңбай.
  - D) Милиция.
  - E) Кәрім.
24. М.Әуезов он бір жасынан бастап кімнің тәрбиесінде болғанын табыңыз.
- A) Немере ағасы Қасымбектің.
  - B) Нағашыларының.
  - C) Оқу орындарының тәрбиесі.
  - D) Атасы Әуездің.
  - E) Әкесі Омарханның.

25. Сәбит Мұқановтың 1917 жылы жазылған алғашқы өлеңін анықтаңыз.

- A) «Сұлушаш».
- B) «Саятшы Ораз».
- C) «Есіл бойында».
- D) «Лашын».
- E) «Көңілім».



## 10-нұсқа

1. Аңшылық туралы өлең-жырлардағы сұлулықтың, әдеміліктің символын табыңыз.
  - A) Қаз бен бүркіт.
  - B) Ат пен қой.
  - C) Аққу мен түйе.
  - D) Аққу мен ақбөкен.
  - E) Бота, бүркіт.
2. *Ата жұрты-бұқара,  
Өз қолында болмаса,  
Қанша жақсы болса да,  
Қайратты туған ер зәріп* шумағының кімнің шығармасынан алынғандығын табыңыз.
  - A) Асан қайғыдан.
  - B) Шалкиіз жыраудан.
  - C) Қазтуған жыраудан.
  - D) Үмбетей жыраудан.
  - E) Жиёмбет жыраудан.
3. «Қалың мал» романының авторын табыңыз.
  - A) Мағауия Абайұлы.
  - B) Сәбит Дөнентаев.
  - C) Ыбырай Алтынсарин.
  - D) Спандияр Көбеев.
  - E) Сұлтанмахмұт Торайғыров.
4. Абайдың жастарды жақсылыққа, тәрбиелікке үйрететін өлеңін анықтаңыз.
  - A) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым».
  - B) «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы».
  - C) «Жүректе қайрат болмаса».
  - D) «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа».
  - E) «Ғылым таппай мақтанба».
5. Әсет Найманбаевтың 1916 жылғы дүрбелеңнен кейінгі өмір сүрген ортасын анықтаңыз.
  - A) Қытай елінің Шығыс Түркістан жері.
  - B) Германияның Берн қаласы.
  - C) Ресейдің Саратов қаласы.
  - D) Түркияның Стамбул қаласының маңы.
  - E) Монғолияның Бай өлке аймағы.
6. Ғ.Мұстафин өнеріне сай жауапты белгілеңіз.
  - A) Сыншы.
  - B) Жазушы.
  - C) Лирик ақын.
  - D) Ақын.
  - E) Ғалым.

7. «Күлімдеп көктің жүзі, көңілі шат» деген тармақта суреттеу тәсілінің қандай түрі қолданылғандығын көрсетіңіз.
- A) Мегзеу.
  - B) Кейіптеу.
  - C) Эпитет.
  - D) Теңеу.
  - E) Алмастыру.
8. «Адалдық, ақиқаттан сомдап соққан  
Тасқа салсам мұқалмас қаруым бар» (М. Мақатаев) деген өлең тармақтарында ақынның нені танытатындығын анықтаңыз.
- A) Ұяңдылықты.
  - B) Қайсарлықты.
  - C) Сезімталдықты.
  - D) Жігерсіздікті.
  - E) Білімділікті.
9. «Әпке» деп аталатын, Қамажай, Омар, Темірбек, Нәзила, Кама атты кейіпкерлері бар пьесаның авторын табыңыз.
- A) Б.Римова.
  - B) Д.Исабеков.
  - C) Қ.Мұқаметжанов.
  - D) И.Сапарбай.
  - E) Р.Мұқанова.
10. Ж. Баласағұнидің «Құтты білігіндегі» Әділет бейнесін белгілеңіз.
- A) Өгдүлміш – уәзірдің баласы
  - B) Күнтуды бек
  - C) Автордың өзі
  - D) Одғұрмыш – уәзірдің бауыры
  - E) Айтолды уәзір
11. «Ер Тарғын» жырындағы Ханзада ханның елі қай тауды мекен еткендігін табыңыз.
- A) Оқжетпес.
  - B) Бұлғыр.
  - C) Көкшетау.
  - D) Алатау.
  - E) Қаратау.
12. Ақан серінің өлеңін табыңыз.
- A) "Ләйлім".
  - B) "Қорлан".
  - C) "Жанбота".
  - D) "Сырымбет".
  - E) "Көлторғай".

13. *Көгінен нұр төгілген,  
Жерінен дұр, гүл өнген-  
Жердегі ұрмақ*  
Бұл қай ұрмақ? - деген шумақ ("Қазақстан") қандай ұйқас екенін белгілеңіз.  
А) Ұйқас жоқ.  
В) Егіз ұйқас.  
С) Шұбыртпалы ұйқас.  
D) Қара өлең ұйқасы.  
E) Шалыс ұйқас.
14. Б.Бұлқышев хат жазатын Шығыс қызының атын табыңыз.  
А) Айсұлу.  
В) Жанна.  
С) Айгүл.  
D) Рая.  
E) Лиза.
15. Қай жылы Жамбыл Ленин орденімен марапатталғанын анықтаңыз.  
А) 1937 ж.  
В) 1935 ж.  
С) 1938 ж.  
D) 1939 ж.  
E) 1936 ж.
16. "Абай жолы" романындағы Құнанбай типтес бейнені табыңыз.  
А) Базаралы.  
В) Оразбай.  
С) Оспан.  
D) Дәркембай.  
E) Абылғазы.
17. Ғ.Мүсіреповтің «Этнографиялық әңгімесінің» жазылу ерекшелігін табыңыз.  
А) Суреттеу әдісімен.  
В) Баяндау әдісімен.  
С) Сюжетсіз әңгіме.  
D) Диалогпен жазылған.  
E) Астарлы әзілмен жазылған.
18. Әдебиеттің тектерін (жанрларын) анықтаңыз.  
А) Проза, поэзия, драма.  
В) Айтыс, шешендік сөз, аңыз.  
С) Батырлық жыр, ғашықтық жыр, тарихи жыр.  
D) Толғау, терме, арнау.  
E) Ертегі, аңыз, мысал.

19. Мен сыйлаған тақияны  
 Төсіне  
 Басып тұрып,  
 Қарады-ау бір тесіле.  
 Үнсіз-түнсіз кетті әкесі бұрылып,  
 Туған жері түсті ме екен есіне.  
 Тапты деп бір туысқанын баласы  
 Қуанып жүр,  
 Мәз болып жүр анасы, - деген үзінді алынған Олжас Сүлейменовтің өлеңін белгілеңіз.
- A) «Ришад – қыр қазағының баласы»  
 B) «Арғымақ»  
 C) «Талма түсте тағы да бір қайталап»  
 D) «Махамбетке»  
 E) «Қыз қуу»
20. Менің дертім, жігіттер, емес оңай,  
 Болып едің дейсің гой қашан олай.  
 Басқа түссе байқарсыз бәріңіз де,  
 Ойланбаған өмірдің бәрі солай, - деген өлең жолдары Шәкәрімнің қай шығармасынан алынған, табыңыз
- A) «Бай мен кедей»  
 B) «Ажалсыз әскер»  
 C) «Жасымнан жетік білдім»  
 D) «Өкінішті өмір»  
 E) «Дүние мен өмір»
21. Әкесі он үш жасында ұсталып кетіп, ол туралы өлең жазған қаламгерді табыңыз.
- A) Т.Рысқұлов.  
 B) А.Байтұрсынов.  
 C) С.Дөнентаев.  
 D) М.Дулатов.  
 E) Б.Майлин.
22. Мағжанның ұстазы, «Қазақ қызы» романының авторын анықтаңыз.
- A) Б.Серкебаев.  
 B) Ғ.Ибрагимов.  
 C) С.Жантөрин.  
 D) С.Құдаш.  
 E) Б.Майлин.

23. С.Сейфуллиннің қазақ әдебиетінде ең алғашқы төңкерістік жыр деп есептелетін өлеңін табыңыз.
- А) "Асығып тез аттандық".
  - В) "Жас қазақ марсельезасы".
  - С) "Қамауда".
  - Д) "Қызыл ерлер".
  - Е) "Кел, жігіттер".
24. М. Әуезовтің студент-жастар тұрмысын суреттейтін пьесасын табыңыз.
- А) "Шекарада".
  - В) "Түнгі сарын".
  - С) "Алма бағында".
  - Д) "Тас түлек".
  - Е) "Сын сағатта".
25. С.Мұқанов туындысын табыңыз.
- А) "Теміртас".
  - В) "Көкшетау".
  - С) "Майдан".
  - Д) "Барымта".
  - Е) "Жолдастар".

## 11-нұсқа

1. «Байдалы шешеннің Уәли ханымы Айғанымға айтқаны» атты шешендік сөздері шешендіктің қай түріне жататындығын табыңыз
  - A) Шешендік дауға
  - B) Шешендік толғауға
  - C) Шешендік арнауға
  - D) Сұрақ-жауап түріндегі шешендік толғауға
  - E) Қанатты сөз үлгісіндегі шешендік толғауға
2. «Аз жұмысты қиынсынасаң, көп жұмысқа тап боласың...» деген түйін Ы.Алтынсариннің қай әңгімесінен алынғанын белгілеңіз.
  - A) «Әке мен бала».
  - B) «Қыпшақ Сейітқұл».
  - C) «Атымтай Жомарт».
  - D) «Бай баласы мен жарлы баласы».
  - E) «Асыл шөп».
3. Абайдың Гете - Лермонтовтан аударған өлеңін табыңыз.
  - A) «Бородино».
  - B) «Альбом».
  - C) «Қараңғы түнде тау қалғып».
  - D) «Желсіз түнде жарық ай».
  - E) «Тұтқындағы батыр».
4. Тобықты ішіне, Абай ауылына келген сыйлы қонақ Біржанның кім екенін белгілеңіз.
  - A) Бақсы.
  - B) Құда.
  - C) Күйші.
  - D) Сал.
  - E) Батыр.
5. Ы.Сандыбайұлының ару қыздың сұлу сипатын аса нанымды етіп бейнелеп берген өлеңін көрсетіңіз.
  - A) «Алай көк».
  - B) «Қалдырған».
  - C) «Қарақат көз».
  - D) «Арарай».
  - E) «Жаңғызтау».
6. М.Әуезовтің пьесасын белгілеңіз.
  - A) «Ант».
  - B) «Мансапқорлар».
  - C) «Бақыт жолына».
  - D) «Ш.Уәлиханов».
  - E) «Бәйбіше-тоқал».

7. С. Мұқановтың алғашқы прозалық шығармасын табыңыз.
- A) «Балуан Шолақ».
  - B) «Адасқандар».
  - C) «Ақ аю».
  - D) «Шоқан Уәлиханов».
  - E) «Сұлушаш».
8. "Егемен Қазақстан" газетінің 1920 жылдардағы атын көрсетіңіз.
- A) "Еңбекші қазақ".
  - B) "Тіршілік".
  - C) "Орда".
  - D) "Әдебиет майданы".
  - E) "Кедей сөзі".
9. Өлең ұйқасының белгісін табыңыз.
- A) Ырғағы мен мағынасы жағынан үйлескен жүйе
  - B) Тармақтың соңғы сөздерінің дыбыстық жағынан үндесуі
  - C) Бірнеше бунақтан тұратын өлең жолы
  - D) Тармақтардан тұратын өлең жолдары
  - E) 11 буыннан құралған өлең жолы
10. «Оғызнаманың» ұйғыр әрпімен жазылған нұсқасы қай жердегі кітапханада сақталынғандығын анықтаңыз.
- A) Ресейдегі.
  - B) Қырғызстандағы.
  - C) Австралиядағы.
  - D) Париждегі.
  - E) Қазақстандағы.
11. Қандай жырдан үзінді екенін табыңыз
- Іздеп едім, қайнаға-ау, кез келесіз,  
Айпарадай ақ жүзім сіз көресіз,  
Қайнаға-ау, көріңіз бір перзентті,  
Сүйінішге, қайнаға-ау, не бересіз?*
- A) "Айман-Шолпан".
  - B) "Қыз Жібек".
  - C) "Қозы Көрпеш-Баян сұлу".
  - D) "Қобыланды батыр".
  - E) "Еңлік-Кебек".

12. *Екі арыстан жау шапса,  
Оқ қылқандай шанышылса ...  
Бетегелі Сарыарқаның бойында  
Соғысып өлген өкінбес!*  
Қай жыраудың шығармасы екенін анықтаңыз.
- Бұқар.
  - Жиембет.
  - Доспамбет.
  - Дулат.
  - Ақтамберді.
13. С.Сейфуллиннің қызықты поэтикалық формасымен оқшауланатын ірі туындысын табыңыз.
- «Көкшетау».
  - «Бұлшық ет».
  - «Қызыл ат».
  - «Асығып тез аттандық».
  - «Альбатрос».
14. Қасым Аманжоловтың "Мұхтар аға" өлеңі кімге арналғанын белгілеңіз.
- Досына.
  - М.Шахановқа.
  - М.Әуезовке.
  - Туысқан ағасына.
  - М.Мағауинге.
15. Жамбыл бастаған халық поэзиясының көрнекті өкілдерін атаңыз.
- А.Токмағанбетов, Ө.Тұрманжанов.
  - С.Дөнентаев, С.Көбеев.
  - Х.Досмұхамедов, Ғ.Сланов, Қ.Кемеңгеров.
  - Н.Байғанин, К.Әзірбаев, Н.Бекежанов.
  - Ш.Иманбаева, И.Байзақов.
16. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» кітабындағы кейіпкерді анықтаңыз.
- Қаратай.
  - Сейіт.
  - Айша.
  - Бақтығұл.
  - Несіпбай.
17. Ғ.Мүсірепов аралаған шетелдерді белгілеңіз.
- Жапония, Египет, Алжир, Италия.
  - Англия, Франция, Испания.
  - Германия, Австралия.
  - Түркия, Индия, Египет.
  - Ешқандай шетелге барған жоқ.



18. Олжас Сүлейменовтің шетелдік қазақтар туралы жазған өлеңін анықтаңыз.
- А) «Арғымақ»
  - В) «Ришад – қыр қазағының баласы»
  - С) «Талма түстетағы да бір қайталап»
  - Д) «Әр күн – арайлы таң»
  - Е) «Қыз қуу»
19. Т. Айбергеновтің туған жерін есіңізге түсіріңіз.
- А) Жамбыл.
  - В) Алматы.
  - С) Ташкент.
  - Д) Шымкент.
  - Е) Қарақалпақ елі.
20. Батыр әрі әнші Дәрмен тағдыры, Дәрмен-Бәтiш махаббат хикаясы Ж. Аймауытовтың қай шығармасында суреттелетiнiн табыңыз.
- А) «Шернияз».
  - В) «Ақбілек».
  - С) «Күнiкейдiң жазығы».
  - Д) «Қартқожа».
  - Е) «Мансапқорлар».
21. «Елiм-ай» өлеңiнiң авторын табыңыз.
- А) М. Дулатов.
  - В) С. Дөнентаев.
  - С) М. Жұмабаев.
  - Д) С. Торайғыров.
  - Е) Т. Айбергенов.
22. М. Жұмабаевтың қаламынан тумаған туындыны көрсетiңiз.
- А) "Бикеш".
  - В) "Батыр Баян".
  - С) "Қорқыт".
  - Д) "Жүсiпхан".
  - Е) "Қойлыбайдың қобызы".
23. I. Жансүгiровтiң "Дала" поэмасындағы оқиғалар кiмнiң көзiмен берiлетiндiгiн көрсетiңiз.
- А) Лирикалық кейiпкер.
  - В) Тарихшы шал.
  - С) Дала.
  - Д) Автор.
  - Е) Халық.

24. «...Менің шығармашылығымның өзегі, арқауы, негізі-жаңа заман, жаңа адам» деген ойдың иесін анықтаңыз.
- А) С.Мұқанов.
  - В) Ж.Жабаев.
  - С) Ғ.Мүсірепов.
  - Д) Ғ.Мұстафин.
  - Е) М.Әуезов.
25. «Қан мен тер» ұштағанындағы бірінші кітаптың шарықтау шегін көрсетіңіз.
- А) Еламанның Федоровпен танысуы.
  - В) Еламанның Федоровпен достасуы.
  - С) Еламанның Федоровпен келісуі.
  - Д) Еламанның Федоровпен тартысы.
  - Е) Еламанның Федоровты өлтіруі.

## 12-нұсқа

1. Аңыз әңгіменің өзіне тән ерекшелігін табыңыз.
  - A) Аңыз таза қиял-ғажайып дүниеден тұрады.
  - B) Аңыз әңгіме тек тарихи шындыққа құрылады.
  - C) Аңыз тек бір нұсқалы болады.
  - D) Аңызда қиял элементі мүлде болмайды.
  - E) Аңызда тарихи шындық пен қиял араласып жүреді.
2. Ы. Алтынсарин ұйымдастырған тұңғыш мектеп қай жылы, қай қалада ашылғанын белгілеңіз.
  - A) 1865 ж. Қостанайда.
  - B) 1866 ж. Омбыда.
  - C) 1865 ж. Орынборда.
  - D) 1863 ж. Ырғызда.
  - E) 1864 ж. Торғайда.
3. Абай «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын кімнен аударғанын табыңыз.
  - A) Белинский.
  - B) Крылов.
  - C) Некрасов.
  - D) Пушкин.
  - E) Лермонтов.
4. ...Жаманға жазатайым ісін түссе,  
Жабысып қалады екен аспан жерге, - деген жолдар алынған Ақан серінің өлеңін белгілеңіз.
  - A) "Жүсіп төреге".
  - B) "Заманға қарап айтқан сөз".
  - C) "Заман адамы".
  - D) "Жақсы мен жаман".
  - E) "Асыл мен жасық".
5. Балуан Шолақтың шын атын анықтаңыз.
  - A) Мұхамбеткерей.
  - B) Мұхаммедқанапия.
  - C) Имамғабит.
  - D) Нұрмағамбет.
  - E) Ақжігіт.
6. "Өмір сүргім келеді" деп аталатын шығарманың авторы кім екенін белгілеңіз.
  - A) Қ. Аманжолов.
  - B) А. Жұмағалиев.
  - C) І. Жансүгіров.
  - D) С. Сейфуллин.
  - E) Б. Бұлқышев.

7. Қазақ мәдениетінде театр өнері тұңғыш қай жерде пайда болғанын табыңыз.
- А) Қазақтың тұңғыш театрында.
  - В) Шыңғыстаудағы Жидебайда.
  - С) Орынборда.
  - Д) Ералы жазығындағы Ойқұдық жайлауында
  - Е) Семей қаласында.
8. Кейіптеудің анықтамасын табыңыз.
- А) Бір құбылысты, екінші құбылысқа балау.
  - В) Жансыз табиғат құбылысын кәдімгі тірі адам бейнесінде бейнелеу.
  - С) Алмастырып қолданылған сөздер.
  - Д) Сөз тастап кету.
  - Е) Құбылысты ерекше құбылтып айту.
9. «Қыран дала», «Байқоңыр баспалдақтары» поэмаларының авторын табыңыз.
- А) Қ.Аманжолов.
  - В) Т.Молдағалиев.
  - С) С.Мәуленов.
  - Д) Ж.Молдағалиев.
  - Е) Т.Ахтанов.
10. Тоныкөктің кім болғанын белгілеңіз.
- А) Қолбасшы.
  - В) Қазынашы.
  - С) Қағанның кеңесшісі.
  - Д) Елші.
  - Е) Қаған.
11. Жұмбақ айтысының ең жақсы үлгісін табыңыз.
- А) «Ақбала мен Күнбала» айтысы.
  - В) «Сара мен Ырысжан» айтысы.
  - С) «Сапарғали мен Нұржан» айтысы.
  - Д) «Біржан мен Сара» айтысы.
  - Е) «Тоғжан мен Табия» айтысы.
12. *Тәңірінің өзі берген күнінде  
Хан ұлынан артық еді менің несібем!  
Азаулыда аға болған ерлер көп еді,  
Әйтсе де алмаға ат байлағаны жоқ еді!*- деген шумак қай жыраудың шығармасынан алынғанын анықтаңыз.
- А) Доспамбет.
  - В) Ақтамберді.
  - С) Дулат.
  - Д) Бұқар.
  - Е) Жиёмбет.

13. М.Жұмабаевтың «Айда атыңды, Сәрсенбай», «Жазғы қала», «Шойын жол» өлеңдеріне 20-жылдары қойылған негізсіз айыпты табыңыз.
- А) Қаланы қазақ ауылына қарсы қойған деген айып тағылды.
  - В) Үстем тап өкілдерін ардақтаған делінді.
  - С) Феодалдық қалыпты аңсаған деп айыпталды.
  - Д) Көркемдігі төмен делінді.
  - Е) Ешқандай айып тағылған жоқ.
14. "Аққудың әуеніндей үнін бар-ау" деп тамсана жырлаған ақынның шығармасын белгілеңіз.
- А) Ж.Нәжімеденов "Күй".
  - В) М.Жұмабаев "Қойлыбайдың қобызы".
  - С) І.Жансүгіров "Күй".
  - Д) Қ.Мырзалиев "Домбыра".
  - Е) Қ.Аманжолов "Домбыра".
15. Жамбылдың ұлт-азаттық көтерілісіне арнап жазған туындысын көрсетіңіз.
- А) "Июнь жарлығы".
  - В) "Зілді бұйрық".
  - С) "Прием".
  - Д) "Бекболат".
  - Е) "Қамығу".
16. Гогольдің "Ревизор", Шекспирдің "Отелло", "Асауға тұсау" пьесаларын аударған жазушыны белгілеңіз.
- А) Ә.Әбішев.
  - В) Ғ.Мүсірепов.
  - С) Ж.Аймауытов.
  - Д) М.Әуезов.
  - Е) Ә.Кекілбаев.
17. Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романының екінші кітабының атын табыңыз.
- А) «Қазақ батыры».
  - В) «Адасқандар».
  - С) «Өмір мен өлім».
  - Д) «Жат қолында».
  - Е) «Қарағанды».

18. Төмендегі шумақтың өлең құрылысындағы дауыссыз дыбыстардың қайталануы қандай құбылысқа жататынын анықтаңыз.  
*Күдеріден бау тағып,  
 Кіреуке киер күн қайда,  
 Күмбір, күмбір кісінетіп,  
 Күреңді мінер күн қайда?...*
- A) Гипербола.  
 B) Антитеза.  
 C) Ассонанс.  
 D) Литота.  
 E) Аллитерация.
19. М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» шығармасындағы аққуды атқан ананың қандай жағдайға ұшырағанын белгілеңіз.
- A) Баласы өледі.  
 B) Баласы жазылады.  
 C) Ана қайғыдан жинданып кетеді.  
 D) Қуанышқа бөленеді.  
 E) Аққуды ата алмайды.
20. Шәкәрімнің Л.Н.Толстойдан аударған шығармасын табыңыз.
- A) «Ұждан».  
 B) «Пан-Жи-Зан хан».  
 C) «Асархадон патша», «Үш сауал».  
 D) «Үш анық».  
 E) «Кешегі басшы піріміз».
21. Міржақып Дулатовтың «Азамат» атты өлеңдер жинағы Орынборда қай жылы басылып шыққанын анықтаңыз.
- A) 1910.  
 B) 1913.  
 C) 1907.  
 D) 1909.  
 E) 1906.
22. С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы үш шумақ өлеңмен қайырылған бөлімнің атын табыңыз.
- A) «Жұмбақтас».  
 B) «Жеке батыр».  
 C) «Замана ағымы».  
 D) «Оқжетпес».  
 E) «Бой жазу».
23. «Гималай» өлеңінің басталуын көрсетіңіз.
- A) Бұлттанып, құрсанып...  
 B) Ақшалап басын қар көміп...  
 C) Сол күннен нұр ала алмай...  
 D) Гималай – көктің кіндігі...  
 E) Буырқанып, бұрсанып...

24. *«Сен жас жігіт боп келген сайын,  
Жер жібек, барқыт киіп, жасыл желек  
Бүркенеді үйеңкі, терек, қайың!»* деген үзіндінің С.Мұқановтың қай өлеңінен алынғандығын табыңыз.
- A) «Колхозды ауыл осындай».
  - B) «Майға сәлем».
  - C) «Балқаш».
  - D) «Егістік».
  - E) «Малшының мақтанышы».
25. Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романындағы Надяның қазақша атын есіңізге түсіріңіз.
- A) Назыкеш.
  - B) Назым.
  - C) Назипа.
  - D) Назтай.
  - E) Назира.

## 13-нұсқа

1. «Аяз би» ертегісіндегі бас кейіпкердің есімін табыңыз.
  - A) Жүсіп.
  - B) Кендебай.
  - C) Мадан.
  - D) Жаман.
  - E) Зәрлі хан.
2. «Күмбір-күмбір кісінетіп» толғауының авторын табыңыз.
  - A) Шал ақын.
  - B) Шалкиіз жырау.
  - C) Бұқар жырау.
  - D) Ақтамберді жырау.
  - E) Жиёмбет жырау.
3. С.Торайғыровтың поэмасын табыңыз.
  - A) "Айт".
  - B) "Қандай".
  - C) "Кедей".
  - D) "Отан".
  - E) "Бикеш".
4. Абайды әкесі неше жасынан Семейге оқуға жібергенін анықтаңыз.
  - A) 15.
  - B) 11.
  - C) 10.
  - D) 13.
  - E) 12.
5. Әсет Найманбаевтың айтыстарының ішіндегі ең айрықша, көркемін көрсетіңіз.
  - A) Сүйінбаймен айтысы.
  - B) Біржанмен айтысы.
  - C) Сарамен айтысы.
  - D) Табиямен айтысы.
  - E) Ырысжанмен айтысы.
6. Ақын Қ.Аманжолов "Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім" деген сөздерді кімге арнағанын белгілеңіз.
  - A) Балаларына.
  - B) Достарына.
  - C) Майдандастарына.
  - D) Туған жеріне.
  - E) Сүйген жарына.



7. ... *Бабамның қиялымен қанаттанып,  
Бүгін мен Айға қонып, жсайды ұстағам...*, - деген үзінді Мұқағалидың қай өлеңінен, белгілеңіз.
- A) «Поэзия»
  - B) «Ұят болды-ау»
  - C) «Қара өлең»
  - D) «Барлығы да сендер үшін»
  - E) «Фантазия»
8. Жұбан Молдағалиевтің тұңғыш өлеңдер жинағын белгілеңіз.
- A) «Жыр туралы жыр»
  - B) «Нұрлы жол»
  - C) «Заман тынысы»
  - D) «Жеңіс жырлары»
  - E) «Жесір тағдыры»
9. «Көшпенділер» атты тарихи трилогияның екінші бөлімі қалай аталатындығын табыңыз.
- A) «Ғашықтар».
  - B) «Жанталас».
  - C) «Қатерлі өткел».
  - D) «Алмас қылыш».
  - E) «Қаһар».
10. Қожа Ахмет Яссауидің хикметтерінде неше жасқа дейінгі өз өмірі суреттелгенін белгілеңіз.
- A) 62.
  - B) 69.
  - C) 61.
  - D) 65.
  - E) 63.
11. *"Аруақты туған ер болсаң, не қыласың бір қызды,"* - деп, Ер Тарғынға тоқтау айтатын жырауды белгілеңіз.
- A) Мұрын жырау.
  - B) Қазтуған жырау.
  - C) Майқы би.
  - D) Бұқар жырау.
  - E) Сыпыра жырау.
12. Ақан сері «Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді» деген пікірді қай өлеңінде айтатынын табыңыз.
- A) «Күлагер».
  - B) «Жүсіп төреге».
  - C) «Жақсы мен жаман».
  - D) «Асыл мен жасық».
  - E) «Заман адамы».

13. Әдебиеттану ғылымының негізін салушыны белгілеңіз.
- A) С. Қирабаев.
  - B) Ы. Алтынсарин.
  - C) С. Мұқанов.
  - D) А. Байтұрсынов.
  - E) С. Сейфуллин.
14. "Шығыс ұлына хат" кімнің туындысы екенін анықтаңыз.
- A) Ф.Оңғарсынова.
  - B) Т.Молдағалиев.
  - C) Қ.Мырзалиев.
  - D) Б.Бұлқышев.
  - E) Ә.Тәжібаев.
15. Жамбылдың бір болысты әжуалап жазған сатиралық өлеңін атаңыз.
- A) "Алынбас камал".
  - B) "Шағым".
  - C) "Майданға хат".
  - D) "Замана ағымы".
  - E) "Мәңке туралы".
16. «Абай жолы» романында, Бөжейдің асында Абайға көмекші, әрі ақылшы болған адамды атаңыз.
- A) Ызғұтты.
  - B) Смағұл.
  - C) Оспан.
  - D) Тәкежан.
  - E) Қадырбай.
17. Ғ.Мұстафиннің көркемдігі жағынан ерекше қуатқа ие болған шығармасын табыңыз.
- A) "Миллионер".
  - B) "Дауылдан кейін".
  - C) "Шығанақ".
  - D) "Құлаған күз".
  - E) "Керуен".
18. Новелланың анықтамасын белгілеңіз.
- A) Кейіпкерлері болмайтын, тек суреттеуге құрылатын әңгіме.
  - B) Оқиғасы қызу, ширақ дамып, күтпеген жерден кілт, тосын шешіммен аяқталатын әңгіме.
  - C) Әңгіменің бір түрі, бірақ көлемі өте қысқа.
  - D) Әңгімеге қарағанда көлемді шығарма.
  - E) Тек махаббат тақырыбын суреттеген шығарма.

19. Түңлігімнің төрт бауы мақта, ата,  
Мен кеткен соң балаңды жоқта, ата.  
Жыл айналып сағынып мен келермін,  
Боз інгеннің ботасын сақта, ата («Қайым айту»), - өлең тармақтарының  
буын санын анықтаңыз.
- А) 8 буынды
  - В) 7-8 буынды
  - С) 11 буынды
  - Д) 18-19 буынды
  - Е) 6 буынды
20. «Бәрінен де сен сұлу» өлеңінің авторын атаңыз.
- А) Шәкәрім Құдайбердіұлы.
  - В) Ахмет Байтұрсынов.
  - С) Мағжан Жұмабаев.
  - Д) Сәкен Сейфуллин.
  - Е) Жүсіпбек Аймауытов.
21. С.Сейфуллин шығармаларының көбінде оқиға түнде басталып, таң ата  
аяқталуының себебін табыңыз.
- А) Түн мен күнді қарама-қарсы алу тәсілі тудырған жаңа символ.
  - В) Діншілдік ұғымнан қалыптасқан.
  - С) Күннің адамға сыйлар шуағын көрсеткісі келгендіктен.
  - Д) Жамандық пен жақсылықты көрсеткен.
  - Е) Күннен үміт күту байқалады.
22. І.Жансүгіровтің «Күй», «Күйші» поэмаларының тақырыбын белгілеңіз.
- А) Өнер мұраты, өнерпаз тағдыры.
  - В) Білім, тәрбие.
  - С) Жолдастық, достық.
  - Д) Тіл тағдыры.
  - Е) Оқыту мәселесі.
23. Раушан тағдырындағы ең басты қиындықты табыңыз. (Б.Майлин)
- А) Мәриямның қолдауы.
  - В) Бәкеннің надандығы.
  - С) Демесіннің қылмысы.
  - Д) Әбіштің алаяқтығы.
  - Е) Дәметкеннің бақытсыздығы.
24. М.Әуезовтің аудармасын табыңыз:
- А) "Абай".
  - В) "Хан Кене".
  - С) "Қилы заман".
  - Д) "Асауға тұсау".
  - Е) "Түнгі сарын".

25. Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясындағы кейіпкерді табыңыз.
- А) Жалмұқан төре.
  - В) Жаркын.
  - С) Сердәлі.
  - Д) Мәрзия.
  - Е) Науан.

## 14-нұсқа

1. «Тышқан мен жылан» ертегісі ертегінің қай түріне жатады, табыңыз.
  - A) Тұрмыс – салт ертегілер.
  - B) Қиял – ғажайып ертегі.
  - C) Шыншыл ертегі.
  - D) Хайуанаттар жайлы аңыз.
  - E) Хайуанаттар туралы ертегі.
2. Жыраулардың шығармашылығына тән ортақ сипатты белгілеңіз.
  - A) Мәңгілік өлмес махаббат құдіретін жырлауы.
  - B) Философиялық терең афоризм, шешендік сөз байлығы.
  - C) Торығу сарыны мол кездесуі.
  - D) Қысқа тұжырымдар арқылы берілуі.
  - E) Араб поэзиясының үлгісінде келуі.
3. Сұлтанмахмұттың “Қымыз” өлеңінде көтерілген негізгі мәселені табыңыз.
  - A) Сусын дәмі.
  - B) Әлеуметтік теңсіздік.
  - C) Ойын-той.
  - D) Адам денсаулығы.
  - E) Қымыздың пайдасы.
4. А. Байтұрсынов Абайды қалай бағалағанын табыңыз.
  - A) «Қазақтың бас ақыны».
  - B) «Еуропалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін».
  - C) «Қазақ әдебиетінің күн шуағы, асқар биігі...».
  - D) «Қазақтың классик әдебиетінің атасы...»
  - E) «Қазақтың балалар әдебиетінің атасы».
5. Ақан сері өмірінің соңғы кезеңіне сәйкес келетін жауапты белгілеңіз.
  - A) Бала-шағасымен бірге тіршілік етті.
  - B) Перінің қыздарымен әуейі болыпты.
  - C) Қоскөл бойында жалғыздікті өмір сүрді.
  - D) Басқа мекенге қоныс аударды.
  - E) Тыныш тұрмыс кешті.
6. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жігіт-терген» мұңындарының авторын белгілеңіз.
  - A) Ыбырай Алтынсарин.
  - B) Міржақып Дулатов.
  - C) Ахмет Байтұрсынов
  - D) Шәкәрім Құдайбердіұлы.
  - E) Мағжан Жұмабаев.

7. «Қазақ, мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейін десең, әйелдің халін түзе!»- деген пікірдің авторын табыңыз.
- A) А.Байтұрсынов.
  - B) М.Жұмабаев.
  - C) М.Дулатов.
  - D) М.Әуезов.
  - E) Ғ.Мүсірепов.
8. Тармақ өз ішінде қандай бөлікке бөлінегіндігін анықтаңыз.
- A) Ұйқасқа.
  - B) Ұйқас түріне.
  - C) Шумаққа.
  - D) Ұйқас пен шумаққа.
  - E) Бунаққа.
9. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романының негізгі кейіпкерін атаңыз.
- A) Наташа.
  - B) Губернатор.
  - C) Приходько.
  - D) Рысқұл.
  - E) Тұрар.
10. Әділет, бақыт, ақыл мен қанағат жайлы кітап жазған ғұламаны табыңыз.
- A) С.Сараи.
  - B) М.Қашқари.
  - C) А.Яссауи.
  - D) Ж.Баласағұн.
  - E) З.Бабыр.
11. Қарабай мен Қодардың Қозы Көрпешке жасаған жамандығын табыңыз.
- A) Қой бақтырып қояды.
  - B) Елден қуып жібереді.
  - C) У береді.
  - D) Ел шетіне кіргізбейді.
  - E) Қызын бергісі келмей, бақа айғырға мініп қашады.
12. Әсет Найманбаевтың махаббат тақырыбына арналған өлең-әнін белгілеңіз.
- A) «Қысмет»
  - B) «Арғынмын, атым Әсет арындаған»
  - C) «Әсет»
  - D) «Инжу-маржан»
  - E) «Майда қоңыр»
13. Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасындағы ердің атын табыңыз.
- A) Мағжан.
  - B) Сәкен.
  - C) Абдолла.
  - D) Төлеген.
  - E) Баубек.

14. Токсан екі жастағы Жамбылдың Кавказға сапар шегу себебін көрсетіңіз.
- А) Ш.Руставелидің "Жолбарыс терісін жамылған батыр" дастанының 750 жылдық мерекесіне қатысады.
  - В) Пленум жұмысына қатысады.
  - С) Демалуға барады.
  - Д) Айтысқа қатысуға барады.
  - Е) Қазақстанның онкүндігі болады.
15. "С. қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасатын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар",- деп басталатын М.Әуезовтің әңгімесінің атын көрсетіңіз.
- А) "Қыр суреттері".
  - В) "Кім кінәлі".
  - С) "Қаралы сұлу".
  - Д) "Қорғансыздың күні".
  - Е) "Сөніп-жану".
16. "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" пьесасындағы Жантыққа қарсы бейнені табыңыз.
- А) Қарабай.
  - В) Сердәлі.
  - С) Жарқын.
  - Д) Қозы.
  - Е) Қодар.
17. "Сұлу - сұлу емес, сүйген - сұлу",- деген жолдағы көркемдік тәсілді белгілеңіз.
- А) Фигура.
  - В) Ассонанс.
  - С) Аллитерация.
  - Д) Арнау.
  - Е) Инверсия.
18. «Қырағының өзі де, көзі де батыр» деген нақыл сөз иесін белгілеңіз.
- А) Б.Момышұлы.
  - В) М.Мәметова.
  - С) Т.Бигелдинов.
  - Д) А.Жұмағалиев.
  - Е) Т.Әубәкіров.
19. Ж.Молдағалиевтің «Жыр туралы жыр» поэмасының кейіпкері кім екенін белгілеңіз.
- А) Жас ақын Қ.Мырза Әли.
  - В) Жас ақын Мұқағали.
  - С) Жас ақын Мұса Жәлел.
  - Д) Жас ақын Әбділдә.
  - Е) Жас ақын Сәкен.

20. Ж.Аймауытовтың қымыз сататын үйді (адамдарын, киімін, мінез-құлықтарын, үй ішінің жиһазын, ыдыс-аяқтарын) суреттеген шығармасын табыңыз.
- «Мансапқорлар».
  - «Ақбілек».
  - «Шернияз».
  - «Әнші».
  - «Қартқожа».
21. *Туғалы қапас көрмеген*  
*Көкіректе кектер кернеген*  
*Талынып құлаш сермеген,*  
*Айтайын ішкі сырымды, - деп С.Сейфуллин қай өлеңінде сырын ақтарғысы келетінін атаңыз.*
- “Қамаудан”.
  - “Тұлпарым”.
  - “Өтпелі күн”.
  - “Сағындым”.
  - “Асығып тез аттандық”.
22. “Дала” поэмасының жанрлық ерекшелігін табыңыз.
- Сюжетті-эпикалық поэма.
  - Тарихи-эпикалық поэма.
  - Эпико-лирикалық, сюжетті-тарихи поэма.
  - Сюжетсіз лирикалық поэма.
  - Тарихи-лирикалық поэма.
23. Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесіндегі сюжеттік байланыстың қай оқиғадан басталғандығын табыңыз.
- Есімбектің Әбдірахманды тұтқыннан босатуынан.
  - Әбдірахманның Базарбайдан Шұғаға хат беруінен.
  - Шұғаның ауруға шалдығуынан.
  - Қасымжан әңгімесінің аяқталуынан.
  - Шұғаның Әбдірахманды тұңғыш көруінен.
24. *“Мына да қарлар не дейді?*  
*Жақсыдан жаман көбейді.*  
*Ескінің асыл көзі еді,*  
*Ұрлап та көмдің Бөжейді”,-*  
 деген наразылық сөзді айтушы әйелді табыңыз (М.Әуезов «Абай жолы»).
- Сары апа.
  - Айғыз.
  - Ұлжан.
  - Зере.
  - Есбике.



25. Шоқпыттың болашақ ауылдың тірегі болатындығын білдіретін С.Мұқановтың өлеңін анықтаңыз.
- А) «Конвейер».
  - В) «Егістік».
  - С) «Бостандық».
  - Д) «Балқаш».
  - Е) «Майға сәлем».

## 15-нұсқа

1. «Бейнет, бейнет түбі - зейнет» мақалының тақырыбын табыңыз.
  - A) Достық.
  - B) Адамгершілік.
  - C) Бірлік.
  - D) Ерлік.
  - E) Еңбек.
2. Асан қайғының «Әй, хан, мен айтпасам білмейсің» деген толғауының кімге арналғандығын анықтаңыз.
  - A) Еспембетке.
  - B) Би Темірге.
  - C) Жәнібекке.
  - D) Абылайға.
  - E) Есім ханға.
3. С.Көбеевтің «Қалың мал» романының тақырыбын анықтаңыз.
  - A) Мақтаншақтық пен көрсеқызарлық.
  - B) Жазушының өткен өмір жолы, қызметі.
  - C) Алауыздық.
  - D) Бірліктің қажеттілігі.
  - E) Әйел теңсіздігі мен жастардың бас бостандығы.
4. Гетенің мұражайында өлеңі сақталған қазақ ақынын табыңыз.
  - A) М.Жұмабаев.
  - B) А.Құнанбаев.
  - C) Ы.Алтынсарин.
  - D) А.Байтұрсынов.
  - E) Ж.Жабаев.
5. Абайдың табиғатты тірілту негізінде жазылған өлеңдерін табыңыз.
  - A) «Қыс», «Теректің сыйы».
  - B) «Желсіз түнде жарық ай».
  - C) «Қараңғы түнде тау қалғып».
  - D) «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай».
  - E) «Жазғытұры».
6. Шәкәрімнің Абайға жақындығын табыңыз.
  - A) Ағасы.
  - B) Баласы.
  - C) Атасы.
  - D) Туған інісі.
  - E) Немере інісі.

7. Гетеге:

“...Атақты ақын, сені біздің ел ғана шын сүйеді. Сені біз Пушкинмен қатар қоямыз. Біз, қазақ жастары, “Фаустыңды” оқи отырып, өзіңе деген құрметіміз арта түсті...” - деген жолдар кімнің сөзі екенін белгілеңіз.

- A) Қ.Аманжолов.  
 B) Б.Бұлқышев.  
 C) С.Ерубаев.  
 D) И.Байзақов.  
 E) Ж.Молдағалиев.
8. Дәркембай, Базаралы, Ербол атты кейіпкерлер М.Әуезовтің қай шығармасында ұшырасатынын анықтаңыз.  
 A) “Көксерек”.  
 B) “Қилы заман”.  
 C) “Абай жолы”.  
 D) “Қаралы сұлу”.  
 E) “Өскен өркен”.
9. М.Мағауиннің шығармасын көрсетіңіз.  
 A) «Ұстаздың оралуы».  
 B) «Үркер».  
 C) «Аласапыран».  
 D) «Ақан сері».  
 E) «Елім-ай».
10. Түркілер туралы жазылған: «Ұлы Тәңір айтады: «Менің бір тайпа қосыным бар. Оларды «Түрк»деп атап, Күншығысқа қоныстандырдым. Түрктер – көрікті, өңдері ұнамды, жүздері мейірімді, әдепті, үлкендерді құрметтей білетін кішіпейіл, уәделерінде берік тұратын мәрт...» деген сөздердің авторын нақтылаңыз.  
 A) Жүсіп Баласағұни.  
 B) Әл Фараби.  
 C) Қайдар Дулати.  
 D) Махмұт Қашқари.  
 E) Ахмет Йасауи.
11. «Ер Тарғын» жырының кейіпкерін табыңыз.  
 A) Мадан хан.  
 B) Кейқуат.  
 C) Қартқожақ.  
 D) Алдар көсе.  
 E) Шолпан.
12. Ақан серінің қай өлеңінің әні жоқ, табыңыз.  
 A) “Жаксы мен жаман”.  
 B) “Құлагер”.  
 C) “Балқадиша”.  
 D) “Сырымбет”.  
 E) “Қараторғай”.

13. Т. Шевченкоға жыр арнаған қазақ ақынын белгілеңіз.
- А) Ж.Жабаев.
  - В) Қ.Жапсарбаев.
  - С) К.Әзірбаев.
  - Д) И.Байзақов.
  - Е) С.Мұқанов.
14. М. Әуезовтің ұлт-азаттық қозғалыс тақырыбына арналған пьесасын көрсетіңіз.
- А) “Түнгі сарын”
  - В) “Алма бағында”
  - С) “Сын сағатта”
  - Д) “Тас түлек”
  - Е) “Шекарада”
15. С.Мұқанов кім екенін табыңыз.
- А) Драматург, ақын, жазушы, ғалым.
  - В) Драматург, суретші.
  - С) Үлкен ақын, қоғам қайраткері.
  - Д) Жазушы, әнші.
  - Е) Атақты ғалым, жырау.
16. Төмендегі мысалдардан тенеуді табыңыз
- А) Өлең-сөздің патшасы.
  - В) Гималай- көктің кіндігі.
  - С) Қап-қара, мөп-мөлдір көз.
  - Д) Түбіттей түтіп бұлтыңды.
  - Е) Үйі мээ боп қой сойды.
17. Иронияға не тән екенін анықтаңыз.
- А) Масқаралау.
  - В) Өтірік.
  - С) Ұялту.
  - Д) Келемеж.
  - Е) Ұқсату.
18. ... *Орында екен Жетімкөл, жоғалмапты,*  
*Қасиетті аққулар оралмапты...*  
Қай автордың туындысынан екенін табыңыз.
- А) М.Мақатаев.
  - В) І.Жансүгіров.
  - С) М.Жұмабаев.
  - Д) С.Сейфуллин.
  - Е) М.Шаханов.

19. Фариза Оңғарсынованың Халқымыздың мәдени ұлттық құндылықтарын қастерлеуге арналған өлеңін анықтаңыз.
- A) «Оюлар»
  - B) «Қыз сөзі»
  - C) «Өлеңге»
  - D) «Теңіз аласапыран»
  - E) «Жас ананың әндері»
20. А.Байтұрсыновтың «Қазақ өкпесі» мақаласында қандай мәселелердің жауабы айтылғандығын табыңыз.
- A) Тәрбие мәселесі.
  - B) Сөз өнері.
  - C) Тіл мәселесі.
  - D) Оқу жайы.
  - E) Тарихи мәселелер.
21. “Серке” газетінің бірінші санында жарияланған Міржақыптың өлеңін табыңыз.
- A) “Біздің мақсатымыз”.
  - B) “Жастарға”.
  - C) “Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі”.
  - D) “Қазақ жерлері”.
  - E) “Насихат гумумия”.
22. «Көкшетау» поэмасы неше тараудан тұратынын табыңыз.
- A) 10
  - B) 50
  - C) 21
  - D) 49
  - E) 47
23. І.Жансүгіров “Құлагер” поэмасында қанша жүйрік атқа жырмамен сипаттама жасайтынын табыңыз.
- A) Елу.
  - B) Жиырма бес.
  - C) Бәріне.
  - D) Жүз елу.
  - E) Жиырма.
24. Бай таяғынан соққы жеп, ауруға ұшыраған М.Әуезов кейіпкерін белгілеңіз.
- A) Сәт.
  - B) Тектігүл.
  - C) Сәлмен.
  - D) Сейіт.
  - E) Бақтыгүл.

25. Ғ. Мүсіреповтің «Тулаған толқынында» бейнеленетін бір оқиғаны көрсетіңіз.

- A) Төңкеріске дейінгі байлар тұрмысы.
- B) Екінші дүниежүзілік соғыс оқиғасы.
- C) 1916 ж. дүрбелең кезіндегі ауыл тірлігі.
- D) Қорқынышты шытырман оқиғалар.
- E) Ашаршылық кезіндегі жағдайлар.

## 16-нұсқа

1. М. Қашқаридың «Түркі сөздерінің жинағы» кітабында аталатын түркі тайпасының санын белгілейміз.
  - A) 29
  - B) 26
  - C) 27
  - D) 30
  - E) 28
2. Мақалдағы көркемдік өрнекті табыңыз.

*Терін төксе жеріне, жер тілеуін береді,  
Елін сүйген еріне, ел тілеуін береді.*

  - A) Эпитет.
  - B) Метонимия.
  - C) Синтаксистік параллелизм.
  - D) Метафора.
  - E) Тенеу.
3. Өзін «сөйлесе қызыл тілдің шешені», «буыршынның бұта шайқар азуы» деп таныстырған жырауды табыңыз.
  - A) Қазтуған.
  - B) Ақтамберді.
  - C) Шалкиіз.
  - D) Үмбетей.
  - E) Доспамбет.
4. Ыбырай Алтынсарин әңгімесін анықтаңыз.
  - A) «Менің атым – Қожа».
  - B) «Шұғаның белгісі».
  - C) «Көксерек».
  - D) «Мезгіл».
  - E) «Асыл шөп».
5. «Қыс», «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңдерінің авторын белгілеңіз.
  - A) Шокан Уәлиханов.
  - B) Сұлтанмахмұт Торайғыров.
  - C) Ыбырай Алтынсарин.
  - D) Мағауия Абайұлы.
  - E) Абай Құнанбаев.
6. Ақан сері өмірінің трагедиялық сипатын суреттеген поэма жазған қаламгерді табыңыз.
  - A) Ғ.Мүсірепов.
  - B) Т.Әлімқұлов.
  - C) С.Жүнісов.
  - D) С.Мұқанов.
  - E) І.Жансүгіров.

7. Маса боп ызындап, халқын оятуды мақсат еткен ақынды көрсетіңіз.
- А) А. Байтұрсынов.
  - В) А. Құнанбаев.
  - С) Ш. Уәлиханов.
  - Д) М. Дулатов.
  - Е) Ы. Алтынсарин.
8. С.Мұқановтың "Өмір мектебі", "Менің мектептерім" романдары қандай роман?
- А) Тарихи роман.
  - В) Әлеуметтік роман.
  - С) Өмірбаяндық роман.
  - Д) Реалистік шығарма.
  - Е) Психологиялық роман.
9. Өлең шумағының белгісін анықтаңыз.
- А) Дауыс ырғағының белгілі дәрежеде қайталанып отыруы
  - В) Сөздердің буын санының біркелкілігі
  - С) Өлеңнің буын саны, тармақ, ырғақ мен мағына жағынан ұйқасу үйлесімі
  - Д) Тармақтың соңғы сөздерінің дыбыстық жағынан үндесуі
  - Е) Бірнеше бунақтан тұратын өлең жолы
10. «Алпамыс батыр» жырындағы Гүлбаршын сұлуды зорлық етіп, алмақшы болған батырды табыңыз.
- А) Домбауыл.
  - В) Көбікті.
  - С) Қараман.
  - Д) Қаражан.
  - Е) Олалай.
11. *Көкшетау, мен қайтейін биігіңді-ей,  
Бауырыңда бейқам өстім киігіңдей.  
Душпаннан қысым көріп, үйден безіп,  
Басамын қайда барып күйігімді?! -* деген өлең жолдарының айтылуына себеп болған жағдайды көрсетіңіз.
- А) Көкшетаудан қуғындалып, Жетісу жеріне ат басын бұрғанда
  - В) Жала жабылып түрмеге қамалғанда
  - С) Жетісу өңірінен Көкшетауға қайта аттанарда
  - Д) Қоянды жәрмеңкесінде Карон балуанмен белдескенде
  - Е) Омбы қаласына патшаның мұрагері келгенде
12. Қасым Аманжоловтың "Болдым ғашық, туған дала, мен саған" деген өлең жолдары бар шығармасын табыңыз.
- А) "Өзім туралы".
  - В) "Туған жер".
  - С) "Сарыарқа".
  - Д) "Домбыра".
  - Е) "Дала".



13. Жамбылдың 1916 жыл оқиғасына байланысты жазған шығармасын табыңыз.
- A) «Зілді бұйрық».
  - B) «Жайлау».
  - C) «Туысқан ел».
  - D) «Өстепкеде»
  - E) «Шағым».
14. М. Әуезовтің ең алғаш жарық көрген туындысын белгілеңіз.
- A) “Көксерек.”
  - B) “Ескілік көлеңкесінде”.
  - C) “Адамдық негізі - әйел”.
  - D) “Қараш-қараш оқиғасы”.
  - E) “Қорғансыздың күні”.
15. F. Мүсіреповтің қабырға газетіне жазған әңгімесінен повеске айналған туындысын анықтаңыз.
- A) «Тулаған толқында».
  - B) «Ақлима».
  - C) «Ұлпан».
  - D) «Кездеспей кеткен бір бейне».
  - E) «Этнографиялық әңгіме».
16. *“Бөл-бөл, бөбек, бөл, бөбек,  
Бөгелмей білім біл, бөбек.  
Білмесең білім бекерсің,  
Бет алдыңа кетерсің.”*
- Бұл шумақтағы дыбыс үндесу тәсілін табыңыз.
- A) Ассонанс.
  - B) Фигура.
  - C) Аллитерация.
  - D) Литота.
  - E) Гипербола.
17. «Қызыл кітап» поэмасының авторын табыңыз.
- A) С. Жиенбаев.
  - B) Қ. Мырзалиев.
  - C) М. Мақатаев.
  - D) Т. Молдағалиев.
  - E) К. Ыдырысов.
18. «Қыш кітап» атты поэманың авторын табыңыз.
- A) М. Шаханов.
  - B) О. Сүлейменов.
  - C) М. Мақатаев.
  - D) С. Мәуленов.
  - E) Ә. Тәжібаев.

19. Т.Ахтановтың қай шығармасында қарапайым еңбек иесі Қоспан тағдыры бейнеленгенін белгілеңіз.
- ”Шырағың сөнбесін”.
  - ”Ант”.
  - ”Боран”.
  - ”Күтпеген кездесу”.
  - ”Күшік күйеу”.
20. Ж.Аймауытовтың «Шернияз» драмасы қай ақынға арналғанын анықтаңыз.
- М.Жұмабаев.
  - С.Торайғыров.
  - М.Дулатов.
  - І.Жансүгіров.
  - С.Сейфуллин.
21. М.Жұмабаевтың шығыс пен батыс мәселесіне арналған өлеңдерін белгілеңіз.
- «Жер жүзіне», «Біраз Фетше».
  - «Жел», «Толқын».
  - «Пайғамбар», «Орал», «Бостандық».
  - «Әбу Фирастан».
  - «Мешіт хәм абақты».
22. І.Жансүгіровтің “Әншіге” деген өлеңінде: “Тауықпын, тары тердім Найман шалдан”, - деген жолдар бар, соның мәнін анықтаңыз.
- Тауықша тары терген еңбекқорлығын айтқан.
  - Ұйқас ретінде ала салған.
  - Әсет ақынның Найман руынан екенін көрсеткен.
  - Найман атты шалдан өнер үйренген.
  - Тауық жылы туып, қалың Найман ішінде өмір сүргенін айтқан.
23. Б.Майлиннің «Майдан» драмасындағы Пүліш пен Әлішті аздырған адамды табыңыз.
- Бекболат.
  - Досан.
  - Орынбай.
  - Зәуре.
  - Мамык.
24. Мұхтар Әуезовтің қай драмалық шығармасының кейіпкері екенін табыңыз.
- «Орасан шебер жасалған образ – Жүзтайлақ. Ол - әрі, әрі сиқыр, әрі сылқым, әрі сұңғыла, әрі ақылды, әрі айлалы, зымиян жауыз әйел!»
- «Айман-Шолпан»
  - «Түнгі сарын»
  - «Қарақыпшақ Қобыланды»
  - «Қарагөз»
  - «Бәйбіше-тоқал»

25. Ғабиден Мұстафиннің тұңғыш шығармасын анықтаңыз.

- А) «Сәрсен мен Боқаш».
- В) «Тұтқын».
- С) «Керуен».
- Д) «Құлаған күз».
- Е) «Күлмеген адам».

## 17-нұсқа

1. Шығыс ғалымдары «екінші ұстаз» деген атақ берген оқымысты ғалым, ақынды белгілеңіз.
  - A) Ж Баласағұни
  - B) Әл-Фараби
  - C) М.Қашқари
  - D) С.Сараи
  - E) А Йасауи
2. Үзіндіні керекті сөзбен толықтырыңыз.
 

*Түйе сүйеді баласын «...» деп,  
«Жаудыраған көзіңнен тоташым!» деп.*

  - A) «құлыным»
  - B) «қозым»
  - C) «бұзауым»
  - D) «лағым»
  - E) «боташым»
3. XVII ғасырда өмір сүрген жырауды табыңыз.
  - A) Шалкиіз.
  - B) Махамбет.
  - C) Доспамбет.
  - D) Асан кайғы.
  - E) Жиенбет.
4. «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінің тақырыбын анықтаңыз.
  - A) Махаббат.
  - B) Оқу,білім.
  - C) Батырлық.
  - D) Табиғат.
  - E) Ана.
5. Абайдың өлеңін белгілеңіз.
  - A) «Оян, қазақ!»
  - B) «Өнер-білім бар жұрттар».
  - C) «Маса».
  - D) «Ғылым таппай мақтанба».
  - E) «Өзен».
6. Абай қара сөздерінің жалпы санын көрсетіңіз.
  - A) 45
  - B) 50
  - C) 40
  - D) 25
  - E) 35

7. А. Байтұрсынов бітірген оқу орнын көрсетіңіз.
- А) Омбы мұғалімдер семинариясы.
  - В) Орынбордағы мұғалімдік мектеп.
  - С) Қарқаралыдағы 2 сыныпты училище.
  - Д) Ешқандай оқу орнын бітірмеген.
  - Е) Ташкенттегі жоғары оқу орны.
8. Мұхтар Әуезовтің 1921 ж. Жазған алғашқы көркем прозасының басын көрсетіңіз.
- А) «Қараш-қараш оқиғасы».
  - В) «Адамдық негізі - әйел».
  - С) «Қорғансыздың күні».
  - Д) «Жуандық».
  - Е) «Оқыған азамат».
9. 1926 жылы Қазақ театрының тұңғыш шымылдығы қай пьесамен ашылғанын көрсетіңіз.
- А) «Еңлік – Кебек»
  - В) «Түнгі сарын»
  - С) «Қарақыпшақ Қобыланды»
  - Д) «Қарагөз»
  - Е) «Айман – Шолпан»
10. Қарабай жарып жібергенде маралдың ішінен не шығатынын анықтаңыз. ("Қозы Көрпеш-Баян сұлу")
- А) Егіз бұзау.
  - В) Егіз бота.
  - С) Егіз қозы.
  - Д) Егіз қодық.
  - Е) Егіз лақ.
11. Ақанның туған жерін белгілеңіз.
- А) Қызылжар.
  - В) Көкшетау.
  - С) Ақмола.
  - Д) Жезқазған.
  - Е) Қарағанды.
12. «Шығыстан сызылып таң келеді. Мен немісті өлтіруге жөнелдім», - деп жазған Шығыс ұлы кім екенін табыңыз.
- А) Ж. Саин.
  - В) Қ. Аманжолов.
  - С) Б. Момышұлы.
  - Д) Қ. Қайсенов.
  - Е) Б. Бұлқышев.

13. Жамбыл қай жылы "Құрмет белгісі" орденімен марапатталғанын табыңыз.
- А) 1938 ж.
  - В) 1937 ж.
  - С) 1945 ж.
  - Д) 1936 ж.
  - Е) 1939 ж.
14. С.Мұқановтың «Өмір мектебінен» алынған үзінді «Саятшы Оразда» көрсеткендей, қандай құстарды қандай мезгілде аң-құсқа салатынын белгілеңіз.
- А) Қыста құсбегілер бүркіт, жазда қаршыға мен тұйғын салады.
  - В) Жазы-қысы бірдей салады.
  - С) Қыста тұйғын, жазда қаршыға салады.
  - Д) Жазда құс салмайды.
  - Е) Қыста қаршыға, жазда бүркіт салады.
15. *Мойным сұңғағындай жүзген құдың,  
Лебізім шырынындай шәрбат судың.*  
Үзіндіде қандай көркемдегіш сөз бар екенін белгілеңіз.
- А) Ассонанс.
  - В) Синоним.
  - С) Теңеу.
  - Д) Аллитерация.
  - Е) Антоним.
16. «Ирония» терминінің қандай ұғымды білдіретіндігін көрсетіңіз.
- А) Ұлғайту.
  - В) Масқаралау.
  - С) Алмастыру.
  - Д) Кішірейту.
  - Е) Келемеждеу.
17. Ж.Молдағалиевке қай кітабы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілгендігін табыңыз.
- А) «Қызыл галстук».
  - В) «Қыран дала».
  - С) «Ғашық көзбен».
  - Д) «Сел».
  - Е) «Нұрлы жол».
18. «Арман сапары», «Құмдағы мұнаралар» жинақтарының авторын табыңыз.
- А) М.Мақатаев.
  - В) Т.Айбергенов.
  - С) Т.Молдағалиев.
  - Д) Қ.Мырзалиев.
  - Е) Ә.Тәжібаев.

19. Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романында қай жылғы оқиға суреттелгенін табыңыз.
- A) 1941.
  - B) 1917.
  - C) 1961.
  - D) 1918.
  - E) 1954.
20. Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романының үшінші бөлімі сыншылардың пікірінше қалай суреттелгенін белгілеңіз.
- A) Оқиғалар дөңгеленіп, әдемі аяқталады.
  - B) Үлкен шабытпен жазылған.
  - C) Тиянақтылық, дәлдік бар.
  - D) Очерк сарындары, асығыстық қылаң береді.
  - E) Кейбір олқылық байқалады.
21. 1929 жылы М.Жұмабаевтың неше жылға сотталғанын табыңыз.
- A) 20 жылға.
  - B) 15 жылға.
  - C) 2 жылға.
  - D) 10 жылға.
  - E) 5 жылға.
22. С.Сейфуллиннің "Көкшетау" поэмасындағы тұтқын қыздың ата-анасының аллегориялық бейнесін белгілеп көрсетіңіз.
- A) Лашын.
  - B) Бүркіт.
  - C) Қарлығаш.
  - D) Кептер.
  - E) Сұңқар.
23. І.Жансүгіровтің «Сұрақ», «Жауап» деген бөлімнен тұратын өлеңін көрсетіңіз.
- A) «Гималай».
  - B) «Сабын».
  - C) «Саптыаяқ».
  - D) «Қыс».
  - E) «Ұршық».
24. "Драматургия- қазақ әдебиетіндегі негізінен Әуезов тудырған жанр", - деп кім айтқанын белгілеңіз.
- A) С.Мұқанов.
  - B) Ғ.Мүсірепов.
  - C) Ә.Кекілбаев.
  - D) Ғ.Мұстафин.
  - E) З.Қабдолов.

25. Ақан сері туралы шығарма жазған авторларды табыңыз.

- A) С.Негимов, Ә.Әбішев.
- B) М.Жұмабаев, С.Сейфуллин.
- C) А.Жұбанов, Б.Майлин.
- D) І.Жансүгіров, М.Сералин.
- E) Ғ.Мүсірепов, С.Жүнісов.



## 18-нұсқа

1. "Қарлығаш әулие", "Қарлығаш би" атанған кім екенін анықтаңыз.
  - А) Қазыбек.
  - В) Әйтеке.
  - С) Төле.
  - Д) Бөлтірік.
  - Е) Бәйдібек.
2. Қазтуған туралы толғауда:
 

*Жауды көрсе жайнаған,  
Жай тасындай қайнаған.  
Еділде тұрып оқ атса,  
Жайыққа түсіп жоғалған,* - деп қандай мәселе қозғалғанын анықтаңыз.

  - А) Дәстүр, салт.
  - В) Табиғат.
  - С) Ерлік.
  - Д) Адал қасиет.
  - Е) Махаббат.
3. Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» басылып шыққан жерді белгілеңіз.
  - А) Орынбор.
  - В) Ор қаласы.
  - С) Торғай.
  - Д) Ырғыз.
  - Е) Петербург.
4. А.Құнанбайұлының білім жайындағы тұңғыш шығармасын көрсетіңіз.
  - А) «Ғылым таппай мақтанба».
  - В) «Инернатта оқып жүр».
  - С) «Әсемпаз болма әрнеге».
  - Д) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім».
  - Е) «Түбінде баянды еңбек егін салған».
5. Ақан серінің өлеңін көрсетіңіз.
  - А) «Қорлан».
  - В) «Тау ішінде».
  - С) «Ақ сиса».
  - Д) «Жанбота».
  - Е) «Сырымбет».
6. Ж.Аймауытовтың тарихи тұлғалардың өмірінен дерек беретін туындысын көрсетіңіз.
  - А) «Ақбілек»
  - В) «Қанапия-Шарбану»
  - С) «Рабиға»
  - Д) «Қартқожа»
  - Е) «Мансапқорлар»

7. Ғ. Мүсіреповке әдебиетті сүйіп өсуге ықпалын тигізген ұстаз ақынды табыңыз.
- А) Мұхтар Әуезов.
  - В) Спандияр Көбеев.
  - С) Ахмет Байтұрсынов.
  - Д) Бекет Өтетілеуов.
  - Е) Ыбырай Алтынсарин.
8. «Белгілі бір өлшеммен, қиыннан қиыстырылып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз ұйқасы» деген анықтамаға тән атауды табыңыз.
- А) Буын.
  - В) Өлең.
  - С) Тармақ.
  - Д) Бунақ.
  - Е) Ұйқас.
9. Ш.Мұртазаның романын табыңыз.
- А) «Қаһарлы күндер».
  - В) «Көшпенділер».
  - С) «Жанталас».
  - Д) «Қызыл жебе».
  - Е) «Қаһар».
10. "Күлтегін", "Тонкөк" дастандарының тастағы жазулары қай жерден табылғанын анықтаңыз.
- А) Жерорта теңізі аңғары.
  - В) Орхон-Енисей өзендері аңғары.
  - С) Балқаш аңғары.
  - Д) Ертіс аңғары.
  - Е) Іле аңғары.
11. «Төлеген сынды ағаның жұмақтан жазсын тұрағын», -деп Сансызбайға жоқтау сөз айтқан адамды көрсетіңіз.
- А) Саудагер шал.
  - В) Қаршыға.
  - С) Сырлыбай.
  - Д) Хорен.
  - Е) Шеге.
12. «Шеризат», «Жәмсап», «Ағаш ат» дастандарының авторын табыңыз.
- А) Мәшһүр-Жүсіп Көпеев.
  - В) С.Аронұлы.
  - С) Ә.Найманбаев.
  - Д) Ы.Сандыбайұлы.
  - Е) Ш.Құдайбердіұлы.

13. Ж.Саинның соғыс кезіндегі өлеңдері қандай тақырыпта болғанын белгілеңіз.
- A) Партизандар ерлігі.
  - B) Соғыс зардабы.
  - C) Махаббат.
  - D) Кек алу.
  - E) Бірлік.
14. Жамбылдың "Өтеген батыр" дастанындағы хан атын табыңыз.
- A) Әбілхайыр хан.
  - B) Есім хан.
  - C) Тәуке хан.
  - D) Жәңгір хан.
  - E) Абылай хан.
15. Жүзтайлақтың (М.Әуезов) қандай бейне екенін көрсетіңіз.
- A) Халық қамын жеуші ақылды әйел бейнесі.
  - B) Батыл, ержүрек әрі инабатты адам.
  - C) Зерек, байсалды, ойлы кейіпкер.
  - D) Досқа адал, дұшпанға қатал бірбеткей әйел.
  - E) Өзіне ұқсас жүз әйелден құрылған жиынтық образ: сұлу да сиқыр, ақылды да жауыз.
16. Ғ.Мұстафиннің әңгімесін анықтаңыз.
- A) «Өлім мен өмір».
  - B) «Шығанақ».
  - C) «Миллионер».
  - D) «Керуен».
  - E) «Дауылдан кейін».
17. «*Солаң етіп жолықса қайтқан ізі,  
Сағадан сымтың қағып із шалғанда*», - деген жолдардағы (Абай) көркемдегіш құралды табыңыз.
- A) Ассонанс.
  - B) Кейіптеу.
  - C) Басқы ұйқас.
  - D) Теңеу.
  - E) Аллитерация.
18. «Қызыл кітап» өлеңінің авторын табыңыз.
- A) О.Сүлейменов.
  - B) Ж.Молдағалиев.
  - C) Ә.Тәжібаев.
  - D) С.Мәуленов.
  - E) Қ.Мырзалиев.

19. 1939 жылы Атырау өңіріндегі Манаш аулында туған ақынды көрсетіңіз.
- Ш.Құдайбердіұлы.
  - Ы.Алтынсарин.
  - А.Құнанбаев.
  - М.Шаханов.
  - Ф.Оңғарсынова.
20. Шәкәрім "Дубровский" романын, "Боран" повесін кімнен аударғанын табыңыз.
- Ю.Лермонтов.
  - А.Фет.
  - А.С.Пушкин.
  - Қожа Хафиз.
  - Л.Н.Толстой.
21. М.Жұмабаевтың "Шолпан" атты тұңғыш өлеңдер жинағы қай жылы шыққанын анықтаңыз.
- 1909 ж.
  - 1921 ж.
  - 1917 ж.
  - 1923 ж.
  - 1912 ж.
22. І.Жансүгіровтің табиғат лирикасының ішіндегі ең үздік өлеңін табыңыз.
- "Тау суреті".
  - "Жетісу суреттері".
  - "Көлге".
  - "Бұлақ басында".
  - "Желді күн".
23. Б.Майлиннің Қостанайға барып, жаңадан шығарған газетінің атын табыңыз.
- «Қызыл Қазақстан».
  - «Садақ».
  - «Еңбекші қазақ».
  - «Ауыл».
  - «Сана».
24. Қырғыз халқының ұлы эпосы «Манасты» терең зерттеп, монографиялық еңбек жазған жазушыны табыңыз.
- Ә.Кекілбаев.
  - М.Әуезов.
  - З.Қабдолов.
  - С.Мұқанов.
  - М.Шаханов.
25. *Мойыны иірілген аққу сынды,  
Тамағы торғындай боп тартты күнді.  
Қан-қызыл, жұқа ерін, оймақ ауыз,  
Қылып құмырсақдай белі үзілді, -* деген кімнің портреті, табыңыз.
- Құралай сұлу.
  - Баян сұлу.
  - Сұлушаш.
  - Қамар сұлу.
  - Ботагөз.

## 19-нұсқа

1. Төмендегі шешендік сөздің кімдікі екендігін белгілеңіз.

«Біз қазақ деген мал баққан елміз. Ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз...»

- A) Әйтеке би.
- B) Аяз би.
- C) Төле би.
- D) Жиренше шешен.
- E) Қазыбек би.

2. "Ата жұрты бұқара,  
Өз қолында болмаса

Қанша жақсы болса да,

Қайратты туган ер заріп..." Асан қайғының қай өлеңінен алынғанын белгілеңіз.

- A) "Бұл заманда не ғаріп".
- B) "Көлде жүрген қоңыр қаз".
- C) "Айналасын жер тұтқан".
- D) "Еділ бол да, Жайық бол".
- E) "Қырында киік жайлаған".

3. Алтынсариннің үнемі хат жазысып, пікірлесіп отырған досын табыңыз.

- A) В.В.Катаринский.
- B) А.А.Мазохин.
- C) В.В.Григорьев.
- D) Н.И.Ильминский.
- E) Ф.М.Достоевский.

4. Абайдың кара сөздерінің санын табыңыз.

- A) 25.
- B) 55.
- C) 37.
- D) 35.
- E) 45.

5. Абайдың поэмасын табыңыз.

- A) "Масғұт".
- B) "Медғат-Қасым".
- C) "Ләйлі-Мәжнүн".
- D) "Жүсіп-Зылиха".
- E) "Еңлік-Кебек".

6. Мағжан Жұмабаевтың тұңғыш жинағы қай жылы басылып шыққанын көрсетіңіз.

- A) 1914 ж.
- B) 1913 ж.
- C) 1912 ж.
- D) 1915 ж.
- E) 1917 ж.

7. Ескі ауылдағы келісімге келмес күндестік кесапаты байқалатын шығарманы көрсетіңіз.
- А) С.Сейфуллин "Бақыт жолына".
  - В) М.Әуезов "Бәйбіше-тоқал".
  - С) Б.Майлин "Майдан".
  - Д) Ғ.Мүсірепов "Ақан сері-Ақтоқты".
  - Е) Ж.Аймауытов "Қанапия-Шәрбану".
8. Хамит Ерғалиевтің өмір сүрген жылдарын табыңыз.
- А) 1913-1996
  - В) 1917-2000
  - С) 1916-1999
  - Д) 1914-1997
  - Е) 1915-1998
9. «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» кітаптарының авторын табыңыз.
- А) М.Мақатаев.
  - В) І.Есенберлин.
  - С) Ә.Кекілбаев.
  - Д) С.Сматаев.
  - Е) С.Жүнісов.
10. Әл-Фараби туындысын анықтаңыз.
- А) "Поэтикалық мадақ".
  - В) "Диуани хикмат".
  - С) "Ақырзаман кітабы".
  - Д) "Китаб аш шеер" ("Өлең кітабы").
  - Е) "Бақыт кітабы".
11. "Алпамыс батыр" жырындағы Гүлбаршын сұлудың анасының есімін көрсетіңіз.
- А) Аналық.
  - В) Алтыншаш.
  - С) Күміс.
  - Д) Мақпал.
  - Е) Ханым.
12. Төмендегі шумақ қандай аттың портретін сипаттайтынын табыңыз.
- Ор болып қалушы еді шапқан жерің,  
Шаттанып тұрушы еді қосқан елің.  
Атығай, Қарауылға олжа салған,  
Бота тірсек, қыз сағақ, сандал керім*
- А) Тайбурыл.
  - В) Бақа айғыр.
  - С) Байшұбар.
  - Д) Құлагер.
  - Е) Көкбесті.

13. М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы Фатихолланың кім екенін табыңыз.
- Жамалдың ағасы.
  - Жамал мен Ғалиды паналатқан адам.
  - Ғалидың нағашысы.
  - Ғалидың досы.
  - Жамалды айттырған бай.
14. *Сарғая ақтың сан ғасыр,  
Сағына бізді күткендей:  
Аралға барып айттың сыр,  
Дүркірей таудан, үріккендей,* - деген үзінді Қ. Аманжоловтың қай өлеңінен табыңыз.
- “Сібір”.
  - “Елге хат”.
  - “Арнау”.
  - “Сырдария аңызы”.
  - “Талғар”.
15. Жамбыл Құлмамбет ақынмен қай жылы айтысып, жеңіске жеткенін табыңыз.
- 1884 ж.
  - 1885 ж.
  - 1881 ж.
  - 1887 ж.
  - 1890 ж.
16. С. Мұқановтың «Балуан Шолақ» туындысында бала Нұрмағанбетке әкесінің тайды не үшін сыйлағанын табыңыз.
- Баласының аты жоқ болғасын.
  - Баласының өтініші бойынша.
  - Туған күніне арнап.
  - Сүндетке отыру құрметіне.
  - Жылқысы көп болғандықтан.
17. *Бүтін дүние жүзінде  
Шөгіп жатқан мұнармын (Сүйінбай),* - деген тармақтарда кездесетін құбылтудың түрін белгілеңіз.
- Алмастыру (метонимия).
  - Кейіптеу.
  - Кішірейту (литота).
  - Ауыстыру (метафора).
  - Әсірелеу (гипербола).
18. Шығарманың экспозициясы дегеніміз не екенін табыңыз.
- Шығарманың шиеленісуі.
  - Шығарманың шарықтау шегі.
  - Шығарманың шешуі.
  - Шығарманың дайындығы.
  - Шығарманың дамуы.

19. Мұқағали Мақатаевтың дүниеден өткен жылын табыңыз.
- 1973.
  - 1972.
  - 1974.
  - 1976.
  - 1975.
20. «Қарткожа» романындағы Дәрмен тағдырынан кімнің өмірінің сарынын аңғаруға болатындығын айқындаңыз.
- Мәди.
  - Мұса.
  - Біржан сал.
  - Ақан сері.
  - Әсет.
21. «Төңкерісшіл драманың басы-Сәкеннің «Қызыл сұңқарлар» мен «Бақыт жолына» пьесасы» деген пікірдің иесін табыңыз.
- Ғ.Мүсірепов.
  - Ғ.Тоғжанов.
  - С.Мұқанов.
  - М.Әуезов.
  - Ғ.Мұстафин.
22. ...*Тоқсыртып кәрі аршаны от маздатқан,  
Шап үйін сағынушы ек біз ерекше...*  
(І.Жансүгіров "Күй").
- Осындағы "тоқсыртып" сөзінің мағынасын табыңыз.
- Оттағы отынды шашыратпай, ысырып жию.
  - Ағаштың бір түрі.
  - Кәрі аршаны отқа жағу.
  - Отқа жағатын отын дайындау.
  - От жағып жылыну.
23. М.Әуезовтің қай шығармасында Т.Рысқұлов тағдырының бір кезеңі бейнеленгенін белгілеңіз.
- "Түнгі сарын".
  - "Жуандық".
  - "Жетім".
  - "Қилы заман".
  - "Қараш-қараш".
24. "Абай жолы" романындағы Абай келбетін сомдаған тенеуді көрсетіңіз.
- Адамшылық ой-қиялы таза, ұлтжанды кісі еді.
  - Тек жуан дауысты дыбыстарды табыңыз.
  - Қайраты қара дауыл үйіргендей.
  - Моласындай бақсының,  
Жалғыз қалдым тап шыным.
  - Күн көрмей өскен, реңі солғын, бойшаң ғана өсімдік бейнелес.
25. Ғ.Мұстафиннің бітірген оқуы туралы мәліметті белгілеңіз.
- Медреседе оқыған.
  - Мұғалімдер семинариясын тамамдаған.
  - Институт бітірген.
  - 8 сыныптық мектепті аяқтаған.
  - Орысша-қазақша мектептің 4-сыныбын бітірген.



## 20-нұсқа

1. ... Әкем қазан өлгенде

*Інім Күлтегін жеті жаста қалды.*

*Он жаста Умай текті шешемнің бағына*

*Інім Күлтегін ер атанды.*

Үзінді қай жырдан алынғанын анықтаңыз.

A) «Гүлстан».

B) «Күлтегін».

C) «Кодекс куманикус».

D) «Домбауыл».

E) «Махаббатнама».

2. Төле би Әлібекұлының қай ғасырларда өмір сүргендігін белгілеңіз.

A) XIII-XIV.

B) XVII-XVIII.

C) X-XIII.

D) XV- XVI.

E) XIV- XV.

3. Бұқар жыраудың:

*Қиядан қиқу төгілсе,*

*Аттың басын тартпаған,-* деген тармақтарындағы "аттың басын тартпау" тіркесінің қолданылу мағынасын анықтаңыз.

A) Жаудан қаймықпаған, қайтпаған деген ұғымдағы ауыспалы мағынада суреттелген.

B) Атты тежеме, ірікпей алға жіберу деген ұғымда, тура мағынада қолданылған.

C) Асыра суреттеу, көтермелеу мағынасында бейнеленген.

D) Ел кезбе, қыдырғыш деген ұғымда айтылған.

E) Баукеспе ұры деген мағынаны білдіреді.

4. «Шоқан Уәлиханов Шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде...» деп басталатын ойдың иесін табыңыз.

A) Н.И. Веселовский.

B) А.Г. Майков.

C) Н.Г. Потанин.

D) И.И. Ибрагимов.

E) И.Н. Березин.

5. Абайдың өнер-білім тақырыбындағы өлеңін белгілеңіз.

A) «Бойы бұлғаң».

B) «Интернатта оқып жүр».

C) «Көзімнің қарасы».

D) «Қыс».

E) «Ал, сенейін, сенейін».

6. Абай дастанын белгілеңіз.
- A) «Масғұт».
  - B) «Жетім қыз».
  - C) «Рүстем қырғыны».
  - D) «Кедей».
  - E) «Құлагер».
7. Шәкәрімнің «Қазақ айнасы» өлеңдер жинағы қайда, қашан жарық көрді, табыңыз.
- A) 1912 ж. Семейде.
  - B) 1911 ж. Орынборда.
  - C) 1910 ж. Қазанда.
  - D) 1909 ж. Петербургте.
  - E) 1879 ж. Орынборда.
8. М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасында Кебек кімге келіп болашағына бал аштырғанын анықтаңыз.
- A) Бердібай ата.
  - B) Қорқыт ата.
  - C) Асан қайғы.
  - D) Нысан абыз.
  - E) Жәміш әке.
9. Мінездеменің ерекшелігін анықтаңыз.
- A) Шығарманың оқиғасын желілі түрде көркем әңгімелеу.
  - B) Екі адамның өзара кезектесе сөйлеуі.
  - C) Табиғат көркін суреттеу.
  - D) Шығармаға қатысушының мінезін, дүниеге көзқарасын сипаттау.
  - E) Оқиғаның болған жерін көрсету.
10. "Айман-Шолпан" жырындағы Айманның есік алдындағы Қызылқұмға жасырған байлығының санын көрсетіңіз.
- A) Барлық малды бір-ақ тығып тастаған.
  - B) 500 інген, 80 ат, 40 алтын, 15 күміс табақ.
  - C) 500 ат, 80 інген, 15 алтын, 40 күміс табақ.
  - D) Ешқандай мал тықпаған.
  - E) Көгібар айдап кеткен малдың жартысындай мал.
11. Ақан серінің өлеңдерін табыңыз.
- A) "Бірінші Назым", "Терме".
  - B) "Жайықтың ақ түлкісі аралдағы", "Ақ көйлек".
  - C) "Бостандық".
  - D) "Сұлу", "Үш түлкі".
  - E) "Жаз", "Қыс".

12. Қазақ халқының екі ғасырлық өміріндегі негізгі кезеңдерді түгел қамтыған шығарма (поэма):
- “Көкшетау”.
  - “Күйші”.
  - “Батыр Баян”.
  - “Сұлушаш”.
  - “Дала”.
13. Бұқабай – Б.Майлиннің қай әңгімесінің кейіпкері екенін табыңыз.
- “Сексен сом”.
  - “Айранбай”.
  - “Кедей теңдігі”.
  - “Қара шелек”.
  - “Арыстанбайдың Мұқышы”.
14. Сұраншы, Өтеген батырларға арнап дастан жазған ақынды табыңыз.
- Ж.Жабаев.
  - И.Байзақов.
  - К.Әзірбаев.
  - Н.Байғанин.
  - Т.Жароков.
15. С.Мұқановтың 1928 ж. жазылған “Сұлушаш” поэмасы қандай шығарма екенін белгілеңіз.
- Драмалық оқиғаға құрылған поэма.
  - Романтикалық поэма.
  - Лирикалық поэма.
  - Реалистік емес поэма.
  - Сюжетсіз поэма.
16. Шумақтағы ұйқастың түрін табыңыз.
- Арықтар, көшелер әрқандай,  
Ұйысқан, үзілген арқандай.  
Үй-жайлар қираған қалқандай,  
Кірпіштер түйілген талқандай.*
- Шалыс.
  - Шұбыртпалы.
  - Аралас.
  - Қара өлең ұйқасы.
  - Егіз.
17. Күпі киген қазақтың қара өлеңін,  
... жауып өзіне қайтарамын, - деген Мұқағали ақынның өлең жолдарындағы көп нүктенің орнына керекті, дұрыс сөзді қойыңыз.
- Шапан.
  - Күпі.
  - Шидем.
  - Тон.
  - Шекпен.

18. *Туған жері – туп қазығы, айбыны,  
Туған тілі – сатылмайтын байлығы,  
Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,  
Қадамына шуақ шашар үнемі.  
Және туған тарихы, еске алуға қаншама  
Ауыр әрі қасіретті болса да, -* деген үзінді алынған Мұхтар Шахановтың өлеңін табыңыз.
- A) «Төрт сәуле»  
B) «Төрт ана»  
C) «Жігерлендіру»  
D) «Желтоқсан алауы»  
E) «Достық өлкесінің заңы»
19. Тау асып, тас басып, шекарадан өтіп, атамекеніне келіп жығылған қарт туралы жазған жазушыны табыңыз.
- A) Ә.Тарази.  
B) Қ.Жұмаділов.  
C) Д.Исабеков.  
D) Т.Әбдіков.  
E) Т.Әлімқұлұлы.
20. Омбы қаласында М.Жұмабаевқа сабақ берген белгілі қазақ ақынын белгілеңіз.
- A) Ж. Аймауытов.  
B) М. Дулатов.  
C) С. Дөнентаев.  
D) С. Сейфуллин.  
E) Б. Өтетілеуов.
21. Қазақстанда Жоғарғы Үкімет аппаратында басшылық қызмет атқарған қаламгерді көрсетіңіз.
- A) А.Байтұрсынов.  
B) М.Жұмабаев.  
C) С.Сейфуллин.  
D) М.Дулатов.  
E) Ж.Аймауытов.
22. "Домбыра, мұнша шешен болдың неге?" деп сұрақ қоя жар салған ақынды табыңыз.
- A) І. Жансүгіров.  
B) Ф.Оңғарсынова.  
C) Қ.Аманжолов.  
D) Қ.Мырзалиев.  
E) М.Жұмабаев.

23. Мұхар Әуезовтің семинарияда оқып жүрген кезінде жазған тұңғыш драмасын анықтаңыз.
- А) «Еңлік-Кебек».
  - В) «Бәйбіше-тоқал».
  - С) «Қобыланды батыр».
  - Д) «Қарақыпшақ Қобыланды».
  - Е) «Айман-Шолпан».
24. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы Қодар мен Қамқаға байланысты қанды оқиғаның өткен орнын белгілеңіз.
- А) Ералы.
  - В) Ойқұдық.
  - С) Жидебай.
  - Д) Қарашоқы.
  - Е) Абыралы.
25. Ғ.Мүсіреповтің "Оянған өлкенің" жалғасы ретінде жарық көрген шығармасын табыңыз.
- А) "Ботагөз"
  - В) "Жат қолында"
  - С) "Қарағанды"
  - Д) "Миллионер"
  - Е) "Сұлушаш"

## 21-нұсқа

1. VIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген ақын, күйші, аңыз кейіпкерін табыңыз.
  - A) С.Сараи.
  - B) Ж.Баласағұн.
  - C) А.Яссауи.
  - D) М.Қашқари.
  - E) Қорқыт.
2. Шешендік сөздің авторын белгілеңіз.

*Көлде жүрген қоңыр қаз  
Қыр қадірін не білсін!  
Қырда жүрген дуадақ  
Су қадірін не білсін!*

  - A) Асан қайғы.
  - B) Қазтуған жырау.
  - C) Бұхар жырау.
  - D) Жиренше шешен.
  - E) Аяз би.
3. Ыбырай Алтынсариннің әңгімесін белгілеңіз.
  - A) «Жаңа достар».
  - B) «Көксерек».
  - C) «Қыпшақ Сейітқұл».
  - D) «Барымта».
  - E) «Көркемтай».
4. Абай оқыған медресені белгілеңіз.
  - A) Әбдірахман молда медресесі.
  - B) Ташкент медресесі.
  - C) Ахмет Риза.
  - D) Медресе Ғалия.
  - E) Қасым қажы медресесі.
5. Ескендір патшаның өз жұрты аз көрініп, көршілерге көз алартуына төмендегі мінездемелердің қайсысы сәйкес келетінін көрсетіңіз.
  - A) Мақтаншақ, даңғой.
  - B) Қара басының қамын ойлаушы.
  - C) Тойымсыз, дүниеқоңыз.
  - D) Даңққұмар, озбыр.
  - E) Қанішер, жауыз.

6. Әсет Найманбаевтың халық ауыз әдебиетінің үйлену салт өлеңдері дәстүріндегі шығармасын табыңыз.
- A) «Беташар», «Аужар».
  - B) «Мешбет зәңгіге жазған сөзі».
  - C) «Ұраным-арғын шордан қаракесек».
  - D) «Қанағатқа», «Мақпал».
  - E) «Елшібай байға».
7. Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» поэмасындағы кейіпкердің бірін табыңыз.
- A) Көкенай.
  - B) Тоқтамыс.
  - C) Матай.
  - D) Кебек.
  - E) Еңлік.
8. Қасым Аманжоловтың туған елдің өсу жолын, жаңаруын шабытпен жырлаған өлеңін белгілеңіз.
- A) «Жиырма бес».
  - B) «Балдақты жігіт».
  - C) «Дариға».
  - D) «Нұрлы дүние».
  - E) «Өзім туралы».
9. Ғ.Мұстафиннің "Қарағанды" романының тақырыбы қандай екенін белгілеңіз.
- A) Достық тақырыбы.
  - B) Төңкеріс тақырыбы.
  - C) Өндіріс тақырыбы.
  - D) Махаббат тақырыбы.
  - E) Ұжымдастыру тақырыбы.
10. "Жар-жар" өнердің қай түріне жататынын табыңыз.
- A) Шешендік өнер.
  - B) Айтыс.
  - C) Күйшілік.
  - D) Жыраулық.
  - E) Термелік.
11. Қазтуған жырау қай ғасырда өмір сүргенін анықтаңыз.
- A) XX ғ.
  - B) XV ғ.
  - C) XIX ғ.
  - D) XVII ғ.
  - E) XVI ғ.
12. «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды» өлеңдерінің авторын атаңыз.
- A) Жамбыл Жабаев.
  - B) Күдері Жолдыбаев.
  - C) Омар Шипин.
  - D) Төлеу Көбдіков.
  - E) Сәт Есенбаев.

13. "Абай жолы" романында Тәкежанның баласы Мақұлбай қайтыс болғанда Абай жоқтау айтқызған адамның есімін көрсетіңіз.
- A) Мағыш.
  - B) Еркежан.
  - C) Қаражан.
  - D) Әйгерім.
  - E) Айғыз.
14. Автобиографиялық шығарманы табыңыз.
- A) "Қарағанды".
  - B) "Сұлушаш".
  - C) "Өмір мектебі".
  - D) "Оянған өлке".
  - E) "Қаһар".
15. Берілген тармақтарда құбылтудың қандай түрі қолданылғандығын анықтаңыз.
- Көздің жасы, жүректің қаныменен  
Ерітуге болмайды іштің мұзын.*
- A) Астарлау.
  - B) Кейіптеу.
  - C) Пернелеу.
  - D) Мегзеу.
  - E) Ауыстыру.
16. Н.Байғаниннің "Ер туралы жыр" поэмасының кейіпкерін көрсетіңіз.
- A) Абдолла.
  - B) Сұлтан.
  - C) Нүркен.
  - D) Нарсұтбай.
  - E) Төлеген.
17. М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы:  
«...Өз қолыммен өлтірдім, аттым жаңа...» деген жолдарды кім айтқанын есіңізге түсіріңіз.
- A) Мерген.
  - B) Ана.
  - C) Қарт.
  - D) Жылқышы.
  - E) Әке.
18. Ф.Оңғарсынованың жыр кітабын көрсетіңіз.
- A) «Байқоңыр».
  - B) «Қыран».
  - C) «Бұлбұл».
  - D) «Нұрлы жол».
  - E) «Заман тынысы».



19. Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» повесінде кездесетін кейіпкерлерді көрсетіңіз.
- А) Дәурен, Нартай.
  - В) Сатай, Рабиға.
  - С) Еңсеп, Байсал.
  - Д) Зигфрид, Ертай.
  - Е) Зекен, Ахмет.
20. М.Әуезовпен бірге "Абай" журналында еңбек еткен әрі Абай қазасының 10 жылдығына арнап кеш өткізген жазушыны белгілеңіз.
- А) А. Байтұрсынов.
  - В) М. Дулатов.
  - С) М. Жұмабаев.
  - Д) Б. Майлин.
  - Е) Ж. Аймауытов.
21. Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романында Ғалидың әкесінің атын есіңізге түсіріңіз.
- А) Дүйсенбай.
  - В) Дүйсебек.
  - С) Сәрсенбай.
  - Д) Жұман.
  - Е) Байжан.
22. С.Сейфуллиннің 1922 жылы қандай өлеңдер жинағы басылып шығады.
- А) «Жер қазғандар».
  - В) «Асау тұлпар».
  - С) «Қызыл сұңқарлар».
  - Д) «Жұбату».
  - Е) «Бақыт жолына».
23. "Қайындай мінсіз, таудай таза жігіт,  
Көң-қокыр, былапыттан жеріп жүрген".  
Бұл І.Жансүгіровтің қай поэмасының кейіпкеріне берілген сипаттама екенін белгілеңіз.
- А) "Жаңа туған".
  - В) "Дала".
  - С) "Күйші".
  - Д) "Құлагер".
  - Е) "Күй".
24. Қазақ әдебиетіндегі "Әуезовтің әйел кейіпкерлерінің" тұла бойы тұңғышы ретінде тануға болатын бейнені атаңыз.
- А) Қарагөз.
  - В) Тоғжан.
  - С) Айман.
  - Д) Алуа.
  - Е) Еңлік.

25. "Жат қолында" романының авторын табыңыз.

A) Ғабиден Мұстафин.

B) Ғабит Мүсірепов.

C) Софы Сматаев.

D) Сәкен Сейфуллин.

E) Сәбит Мұқанов.

## 22-нұсқа

1. «Асырауын тапса адам болар» мақалының тақырыбын белгілеңіз.
  - A) Ел, халық туралы
  - B) Тіл өнері туралы
  - C) Тәлім – тәрбие туралы
  - D) Өнер – білім туралы
  - E) Еңбек туралы
2. Ш.Уәлихановтың қайтыс болған жылын белгілеңіз.
  - A) 1835 ж.
  - B) 1830 ж.
  - C) 1832 ж.
  - D) 1858 ж.
  - E) 1865 ж.
3. Абайдың табиғат лирикасына жататын өлеңін көрсетіңіз.
  - A) «Жел».
  - B) «Бұлт».
  - C) «Өзен».
  - D) «Күз».
  - E) «Толқын».
4. Балуан Шолақтың туған ауылын белгілеңіз.
  - A) Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Қоскөл ауылы.
  - B) Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Қособа ауылы.
  - C) Жамбыл облысы Шу ауданы Ақтөбе ауылы.
  - D) Ақмола облысы Көкшетау уезіне қарасты №5 ауыл Сандыбай бұлағы.
  - E) Шығыс Қазақстан облысы Мақаншы ауданы Бақты ауылы.
5. Шәкәрімнің сөзін де, әнін де өзі шығарған туындысын табыңыз.
  - A) «Атадан қалған ақсауыт».
  - B) «Жастық туралы».
  - C) «Жолама, қулар, маңайға».
  - D) «Бұл ән - бұрынғы әннен өзгереді».
  - E) «Кәрілік туралы».
6. М.Әуезовтің Қазақ ұлттық театрының шымылдығын тұңғыш ашқан пьесасын атаңыз.
  - A) “Абай”.
  - B) “Қаракөз”.
  - C) “Түнгі сарын”.
  - D) “Айман-Шолпан”.
  - E) “Еңлік-Кебек”.

7. Зат, құбылысты басқа зат, құбылыспен салыстыра суреттеу көркемдеу құралдарының қайсысы екендігін анықтаңыз.
- А) Теңеу.
  - В) Метафора.
  - С) Эпитет.
  - Д) Метзеу.
  - Е) Кейіптеу.
8. О.Сүлейменовтің туған жерін көрсетіңіз.
- А) Павлодар.
  - В) Қызылорда.
  - С) Шымкент.
  - Д) Талдықорған.
  - Е) Алматы.
9. «Шыңырау» повесінің авторын табыңыз.
- А) Ә.Тәжібаев.
  - В) Ш.Мұртаза.
  - С) Ә.Кекілбаев.
  - Д) І.Есенберлин.
  - Е) Ә.Нұрпейісов.
10. С.Сараидің назиралық үлгіде жазылған дастаны қалай аталатынын табыңыз.
- А) "Диуани Хикмет".
  - В) "Мұхаббат-наме".
  - С) "Хиба-ул хақайық".
  - Д) "Хұсрау-Шырын".
  - Е) "Гүлстан бит-турки".
11. «Алпамыс батыр» жырындағы кейіпкерлерді белгілеңіз.
- А) Қаршыға.
  - В) Төлеген.
  - С) Тынсызбай.
  - Д) Құлтай.
  - Е) Бекежан
12. «Қанын ішіп қапбаққа,  
Жанын отқа салмаққа...  
Хан ие, ісің жол емес,» - деп, Жиенбет жырау кімге айтқанын анықтаңыз.
- А) Тәуке ханға.
  - В) Кене ханға.
  - С) Әбілқайырға.
  - Д) Абылай ханға.
  - Е) Есім ханға.

13. Абай дұрыс еместігін дәлелдеген мақалды белгілеңіз.
- А) Отан үшін отқа түс, күймейсің.
  - В) Қыз-елдің көркі.
  - С) Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті.
  - Д) Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол.
  - Е) Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас.
14. «Қазақ қызы» романының авторы, татар жазушысы, Мағжанның білімін көтеруіне кеңес берген азаматты табыңыз.
- А) Ғ.Ибрагимов.
  - В) С.Жантөрин.
  - С) Б.Күлеев.
  - Д) С.Құдаш.
  - Е) А.Тоқамбаев.
15. Сәкен Сейфуллиннің алғашқы өлеңдер жинағы қандай атпен басылғанын анықтаңыз.
- А) «Уақ-түйек».
  - В) «Оян, қазақ».
  - С) «Өткен күндер».
  - Д) «Маса».
  - Е) «Азамат».
16. Жамбылдың қай жылы дүниеге келгенін белгілеңіз.
- А) 1845 ж.
  - В) 1844 ж.
  - С) 1849 ж.
  - Д) 1847 ж.
  - Е) 1846 ж.
17. "... Менің творчествомның өзегі, арқауы, негізі- жаңа заман, жаңа адам". Бұл кімнің сөзі екенін белгілеңіз.
- А) Г.Сланов.
  - В) Ғ.Мұстафин.
  - С) Ғ.Мүсірепов.
  - Д) М.Әуезов.
  - Е) Қ.Мырзалиев.
18. Монолог деген сөздің түсініктемесін көрсетіңіз.
- А) Көп адамның сөйлесуі.
  - В) Екі адамның өзара сөйлесуі.
  - С) Адамның ішкі ойы.
  - Д) Бір адамның ұзақ сөзі.
  - Е) Біреудің сөзін өзгертпей қайталау.

19. Алатау аясындағы Жетімкөл туралы М.Мақатаев қай шығармасында бейнелегенін табыңыз.
- «Аққудың айрылуы».
  - «Армысың, адамдар».
  - «Аққулар ұйықтағанда».
  - «Дарига жүрек».
  - «Мұзбалақ».
20. М.Дулатовтың "Серке" газетінде қандай бас мақаласы басылғанын белгілеңіз.
- "Бақытсыз Жамал".
  - "Оян, қазақ".
  - "Қирағат".
  - "Біздің мақсатымыз".
  - "Абай".
21. *Өнерге ұмтыл, өнерді біл, замандас!  
Қадан, жатпа, заманынан хабарлас!  
Ынта салсаң, білім туын қолға алсаң.  
Теңдік тиер, ешкім күйе жаға алмас, - үзіндінің авторын атаңыз.*
- М.Жұмабаев.
  - С.Сейфуллин.
  - Б.Майлин.
  - І.Жансүгіров.
  - С.Мұқанов.
22. Көбіне публицистикалық стильде еңбектенген қаламгерді табыңыз.
- А.Байтұрсынов.
  - И.Байзақов.
  - Б.Бұлқышев.
  - М.Әуезов.
  - С.Ерұбаев.
23. М.Әуезовтің тұңғыш баспа бетін көрген туындысын табыңыз.
- "Қарагөз".
  - "Көксерек".
  - "Қараш-Қараш".
  - "Адамдық негізі - әйел".
  - "Еңлік-Кебек".
24. *«Кең жайқын әлемде түзу жол сызып, маңып барады...Халық үмітін арқалаған сол кеме «Келешек» деген жағаға қарай тартты».*  
Кімнің қай шығармасынан алынғанын табыңыз.
- М.Әуезов «Түнгі сарын».
  - Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдатты».
  - Ж.Аймауытов «Ақбілек».
  - М.Әуезов «Абай жолы».
  - С.Мұқанов «Ботагөз».

25. "Фирдоусидің "Шахнамасын" тәржіме бойынша жатқа айтып, "жыршы бала" атанған Сәбит бірте-бірте сауат ашады". Бұл пікірдің авторын табыңыз.

- A) Т.Әлімқұлов.
- B) М.Әуезов.
- C) Ғ.Мұстафин.
- D) Ғ.Мүсірепов.
- E) Ж.Жабаев.

## 23-нұсқа

1. "Болған адам болдым демес,  
Болдым десе, болғаны емес";- деген өлең шумағындағы тақырыпты белгілеңіз.  
А) Туған жер.  
В) Ақылдылық.  
С) Еңбек.  
D) Сөз өнері.  
E) Достық.
2. Үмбетей қай жылы қайтыс болғанын белгілеңіз.  
А) 1774 ж.  
В) 1878 ж.  
С) 1806 ж.  
D) 1778 ж.  
E) 1706 ж.
3. С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романындағы басты кейіпкерді табыңыз.  
А) Әжібай.  
В) Жамал.  
С) Ербол.  
D) Әйгерім.  
E) Ахмет.
4. Абайдың өлеңін көрсетіңіз.  
А) "Өзен".  
В) "Жазғытұрым".  
С) "Бірінші тілек тілеңіз".  
D) "Кедей".  
E) "Замана адамы".
5. Шығыс Қазақстан облысы, Мақаншы ауданындағы «Бақты» аулында дүниеге келген әнші, сазгер, ақынды көрсетіңіз.  
А) Ыбырай Сандыбайұлы.  
В) Жаяу Мұса Байжанұлы.  
С) Әсет Найманбаев.  
D) Ақан сері Қорамсаұлы.  
E) Біржан сал Қожағұлұлы.



6. Мына өлең жолдарының авторын табыңыз.  
*«Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың  
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...  
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,  
Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың!»*
- А) М.Жұмабаев.  
В) Қ.Мырзалиев.  
С) С.Торайғыров.  
D) М.Шаханов.  
E) Т.Айбергенов.
7. «Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай» - деп кім айтқанын анықтаңыз.
- А) Н.Погодин.  
В) Б.Матиф.  
С) Ш.Айтматов.  
D) М.Горький.  
E) Ғ.Мүсірепов.
8. Өлең ырғағының белгілерін анықтаңыз.
- А) Тармақтың өз ішінде бунақтарға бөлініп айтылуы  
В) Дауыстың белгілі дәрежеде қайталанып отыруы  
С) Өлеңнің буын саны, тармақ, ырғақ мен мағына жағынан ұйқасу үйлесімі  
D) Тармақтың соңғы сөздерінің дыбыстық жағынан үндесуі  
E) Сөздердің буын санының біркелкілігі
9. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы «қызыл жебе» деген сөздің мағынасын табыңыз:
- А) Ала сиыр.  
В) Көк өгіз.  
С) Қыран бүркіт.  
D) Жүйрік тазы.  
E) Ерен жүйрік жылқы.
10. Қорқыт ата кітабының неше нұсқасы сақталғанын белгілеңіз.
- А) Екі.  
В) Төрт.  
С) Бес.  
D) Үш.  
E) Бір.

11. «Қобыланды батыр» жырындағы:

*Қатынға ақыл салған соң,  
Қатынның тілін алған соң,  
Неше батыр болса да,  
Басында билік жоқ адам  
Арыстан туған, құрдасжан,*

*Ол – қатын емей немене?*- деген Қараман сөзінің себебін табыңыз.

- A) Қобыландының жасқаншақтық танытқанынан  
B) Қобыландының жорыққа баруға ықыласы болмағандықтан  
C) Қобыландының сескеніп, жорықтан бас тартқанынан  
D) Қобыландының сапардан түсетін олжаға ортақ болғысы келмегендігінен  
E) «Тайбурылдың сапарға шығуға әлі де қырық үш күндік кемдігі бар» деген Құртқаның сөзін естіп, сапарға шықпайтынын естіген соң
12. *"Әр аралға бір қамалдым,  
Өмір-теңіз, таба алмадым өткелін".*  
Бұл сөздерді "Ақан сері - Ақтоқты" пьесасындағы қай кейіпкер айтатынын белгілеңіз.  
A) Сердәлі.  
B) Мәрзия.  
C) Ақан.  
D) Ақтоқты.  
E) Науан.
13. С.Сейфуллиннің революцияға дейінгі жазған өлеңдер жинағын табыңыз.  
A) "Бабаларыма".  
B) "Біздің жақта".  
C) "Өткен күндер".  
D) "Тұлпарым".  
E) "Сағындым".
14. I.Жансүгіровтің өлеңін белгілеңіз.  
A) «Көкшетау».  
B) «Сыр сандық».  
C) «Гималай».  
D) «Жайлауға көшу».  
E) «Құлагер».
15. Жамбыл қай жылы дүниеден өткенін белгілеңіз.  
A) 1946 ж.  
B) 1944 ж.  
C) 1948 ж.  
D) 1947 ж.  
E) 1945 ж.

16. «Күлмеген адам», «Кұлаған күз» әңгімелерінің авторын табыңыз.
- А) Ғ.Мұстафин.
  - В) М.Әуезов.
  - С) Ғ.Мүсірепов.
  - Д) С.Мұқанов.
  - Е) С.Сейфуллин.
17. Диалог дегеніміздің не екенін табыңыз.
- А) Табиғат көркін суреттеу.
  - В) Шығарма кейіпкерлерінің өзара кезектесе сөйлесуі.
  - С) Кейіпкердің мінезін, дүниеге көзқарасын суреттеу.
  - Д) Сөздерді қарама-қарсы мағынада, кекесін мағынасында қолдану.
  - Е) Әдеби шығарманың оқиғасын желілі түрде көркемдеп әңгімелеу.
18. *''Дәуірлердің қателігін түзетін,  
Дана уақыт өтіп жатыр сырғанап...''* - деп кім айтқанын белгілеңіз.
- А) М.Мақатаев.
  - В) Ә.Тәжібаев.
  - С) Т.Молдағалиев.
  - Д) Қ.Мырзалиев.
  - Е) Ф.Оңғарсынова.
19. Т.Айбергеновтың өлеңін табыңыз.
- А) «Түтік».
  - В) «Ұят болды-ау».
  - С) «Көктем көрінісі».
  - Д) «Аруана-бауыр дүние».
  - Е) «Жесір тағдыры».
20. Міржақып Дулатов қамалған кезінде Орынборға кіммен бірге жер аударылғанын көрсетіңіз.
- А) С.Сейфуллин.
  - В) Ә.Бөкейханов.
  - С) М.Әуезов.
  - Д) А.Байтұрсынов.
  - Е) Ж.Аймауытов.
21. *Хаты деп ақтық жазған гашық жардың,  
Есіңе ал, дұғаға мен ынтызармын,  
Қош, сау бол, ойнап-күліп жолығармыз,  
Астында ақ туының пайгамбардың! ...* - деген хаттың авторын атаңыз.
- А) Жамалдың қоштасу хаты.
  - В) Алтайдың Сұлушашқа арнауы.
  - С) Шұғаның өлерде жазған хаты.
  - Д) Ғайшаның Қожашқа айтқан сөзі.
  - Е) Қамардың хал үстіндегі қоштасуы.

22. Баубек Бұлқышевтің еңбектерін белгілеңіз.
- A) «Батыр туралы».
  - B) «Боранды түнде».
  - C) «Өмір мен өлім туралы».
  - D) «Өзім туралы».
  - E) «Соғыс туралы».
23. *“Бұл жігіттің жасы отыз шамасында... Суық қарайтын қисық, кішілеу өткір көзінде және қабағында өзгеше қаталдық бар. Қішкене мұрны көз-қабағына үйлеспейді. Бұл адамның күлгендегі пішімі құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұр”.*
- Әуезовтің қай кейіпкері туралы сөз болып тұрғанын белгілеңіз.
- A) Ақан болыс.
  - B) Жақып болыс.
  - C) Сәлмен.
  - D) Бақтығұл.
  - E) Оспан
24. *«Уәй, тәңір-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ «не қылайыны» жоқ қой, сондықтан кетіп жүргем жоқ па?»* М.Әуезовтің қай кейіпкерінің сөзі екенін табыңыз.
- A) Сүйіндік.
  - B) Бөжей.
  - C) Қаратай.
  - D) Байсал.
  - E) Байдалы.
25. С.Мұқановтың “Ботагөз” романының тақырыбын белгілеңіз.
- A) Махаббат тақырыбы.
  - B) Қоғамдық-әлеуметтік тақырып.
  - C) Азаматтық тақырып.
  - D) Колхоздастыру тақырыбы.
  - E) Төңкеріс тақырыбы.

## 24-нұсқа

1. Әбу Насыр әл-Фарабидің кім екенін анықтаңыз.
  - A) Данышпан, саяхатшы, архитектор.
  - B) Әдебиетші, композитор, қолбасы.
  - C) Философ, зерттеуші, драматург.
  - D) Энциклопедист ғалым, билеуші.
  - E) Ғалым, ақын, әдебиетші.
2. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би өмір сүрген кезеңді белгілеңіз.
  - A) XIV – XVI ғ.
  - B) XI – XIII ғ.
  - C) XIX ғ.
  - D) XVIII ғ.
  - E) XX ғ.
3. «Би Темірге бірінші толғауының» авторын көрсетіңіз.
  - A) Доспамбет жырау.
  - B) Шал ақын.
  - C) Ақтамберді жырау.
  - D) Қазтуған жырау.
  - E) Шалкиіз жырау.
4. Қамарды Нұрымға беруге қарсы шыққан, көзі ашық адам, мейірімді әкені белгілеңіз (С. Торайғыров “Қамар сұлу”).
  - A) Омар.
  - B) Әжібай.
  - C) Сәрсенбай.
  - D) Оспан би.
  - E) Қалтан қажы.
5. Абайдың өмірден ерте кеткен сүйікті ұлын табыңыз.
  - A) Тәңірберген.
  - B) Оспан.
  - C) Әбдірахман.
  - D) Көкбай.
  - E) Шәкәрім.
6. Абайдың қара сөздері қандай шығарма екенін табыңыз.
  - A) Аңыз-ертегі, мақал.
  - B) Көркем әңгіме.
  - C) Аударма.
  - D) Публицистика.
  - E) Даналық сөз, философиялық шолу.

7. "Қазақ" газетінің редакторы кім екенін белгілеңіз.
- М.Дулатов.
  - М.Сералин.
  - Б.Өтетілеуов.
  - М.Көшімов.
  - А.Байтұрсынов.
8. Теңеуді табыңыз.
- Шұғыла шалғын кешкі бұлттай,  
Толқын шашты оттар ойнар.*
- Шалғын.
  - Шұғыла.
  - Толқын.
  - Кешкі.
  - Бұлттай.
9. Ана мен жылқышының диалогі М.Мақатаевтың қай шығармасында кездесетіндігін анықтаңыз.
- «Ару ана».
  - «Жан азасы».
  - «Моцарт».
  - «Райымбек, Райымбек».
  - «Аққулар ұйықтағанда».
10. А.С.Пушкин жазып алған қазақ жырын табыңыз.
- "Қобыланды батыр".
  - "Ер Тарғын".
  - "Алпамыс батыр".
  - "Қозы Көрпеш- Баян сұлу".
  - "Айман-Шолпан".
11. Ақан серінің сұлулықты сүйсіне жырлаған өлеңін табыңыз.
- "Асыл мен жасық"
  - "Құлагер"
  - "Жақсы мен жаман"
  - "Заман адамы"
  - "Жайықтың ақ түлкісі"
12. Міржақып Дулатов қайда қайтыс болғанын анықтаңыз.
- Орынборда, түрмеде.
  - Семейде, түрмеде.
  - Сосновецтегі лагерьдің лазаретінде.
  - Сібірде, айдауда.
  - Торғайда, түрмеде.
13. С. Сейфуллиннің тұңғыш өлеңдер жинағын табыңыз.
- "Асау тұлпар".
  - "Экспресс".
  - "Домбыра".
  - "Өткен күндер".
  - "Тұрмыс толқынында".

14. 1916 жылғы көтеріліске арнап Жамбыл қандай өлең жазғанын белгілеңіз.
- A) "Сұраншы батыр".
  - B) "Алынбас қамал".
  - C) "Өтеген батыр".
  - D) "Зілді бұйрық".
  - E) "Майданға хат".
15. Л. Соболевпен бірлесіп, ұлы ақын Абайдың сахналық бейнесін тұңғыш жасаған қаламгерді табыңыз.
- A) Ә. Әбішев.
  - B) М. Әуезов.
  - C) Ғ. Мұстафин.
  - D) Ғ. Мүсірепов.
  - E) С. Мұқанов.
16. Сатығұл, Егізек, піркәншік Дәулетбек деген кейіпкерлері бар Ғ.Мүсірепов әңгімесін атаңыз.
- A) «Берен».
  - B) «Азамат Азаматыч».
  - C) «Шұғыла».
  - D) «Қос Шалқар».
  - E) «Талпақ танау».
17. Поэманың анықтамасын көрсетіңіз.
- A) Лириканың ерекше түрі.
  - B) Сюжетсіз көлемі шағын туынды.
  - C) Оқиғаны өлеңмен суреттейтін көлемді шығарма.
  - D) Көркем қара сөз.
  - E) Сюжетті қысқа өлең.
18. Хафиздің Ақсақ Темірге берген бағасын анықтаңыз.
- A) 30 теңге
  - B) 45 теңге
  - C) 40 теңге
  - D) 35 теңге
  - E) 25 теңге
19. Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі Қожаның шын атын табыңыз.
- A) Қожаберді.
  - B) Қожагелді.
  - C) Қожаберген.
  - D) Қожатай.
  - E) Қожакелді.
20. М.Жұмабаевтың тұңғыш жинағы басылған қаланың атын табыңыз.
- A) Уфа.
  - B) Алматы.
  - C) Омбы.
  - D) Орынбор.
  - E) Қазан.

21. Бірмағамбет, Айша Б.Майлиннің қай шығармасының кейіпкерлері екенін табыңыз.
- A) "Раушан-коммунист".
  - B) "Шұғаның белгісі".
  - C) "Қара шелек".
  - D) "Арыстанбайдың Мұқышы".
  - E) "Сексен сом".
22. "Сонау орман етегінде  
Жаланған от сатыр-сұтыр  
Қанды ізін қара түнге  
Көме тастап жсаулар отыр"... Үзінді Қасымның қай поэмасынан алынғанын белгілеңіз.
- A) "Зұлым жау".
  - B) "Сәбитке".
  - C) "Батыр Баян".
  - D) "Дала".
  - E) "Ақын өлімі туралы аңыз".
23. Баубек Бұлқышевтың «Өмір сүргім келеді» әңгіме-хатындағы майдандас жолдастарының есімін табыңыз.
- A) Федя мен Вася.
  - B) Ваня мен Миша.
  - C) Коля мен Боря.
  - D) Толя мен Саша.
  - E) Талғат пен Тоқтар.
24. М.Әуезовтің әңгімесін анықтаңыз.
- A) «Асуға тұсау».
  - B) «Қарагөз».
  - C) «Бүркітші».
  - D) «Еңлік-Кебек».
  - E) «Отелло».
25. «... Табанына қадалған шөкір маңдайыма қадалсын дейтін Ботагөздің әкесі – енді мына мен», - дейтін кейіпкерді табыңыз.
- A) Темірбек.
  - B) Асқар.
  - C) Амантай.
  - D) Кенжетай.
  - E) Балтабек.



## 25-нұсқа

1. «Күлтегін» ескерткішінің көшірмесі қойылған жоғарғы оқу орнын белгілеңіз.
  - A) Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті
  - B) Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
  - C) Қарағанды мемлекеттік университеті
  - D) Абай атындағы педагогика институты
  - E) Әл Фараби атындағы қазақтың ұлттық университеті
2. «Сырттандар» ертегісінде бала неден шошып оянатынын көрсетіңіз.
  - A) Қасқырдан.
  - B) Иттен.
  - C) Арыстаннан.
  - D) Түлкіден.
  - E) Аюдан.
3. Ыбырай Алтынсариннің өлеңін белгілеңіз.
  - A) «Кел, балалар, оқылық».
  - B) «Қалың елім, қазағым».
  - C) «Болыс болдым мінеки».
  - D) «Досыма хат».
  - E) «Сегіз аяқ».
4. *''Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы''*.  
Өлеңнің авторын анықтаңыз.
  - A) М.Жұмабаев.
  - B) С.Торайғыров.
  - C) Бұқар жырау.
  - D) Қ.Аманжолов.
  - E) А.Құнанбаев.
5. Ақан серінің атын алысқа естіртіп, даңқын әуелеткен сәйгүлігін белгілеңіз.
  - A) Байшұбар.
  - B) Көкбесті.
  - C) Тайбурыл.
  - D) Шалқұйрық.
  - E) Құлагер.
6. Ахмет Байтұрсыновтың аудармалары енген жинақтың атын белгілеңіз.
  - A) «Үлгілі бала».
  - B) «Қырық мысал».
  - C) «Маса».
  - D) «Оян, қазақ».
  - E) «Үлгілі тәржім».

7. Ғ. Мүсірепов жұмысшы факультетіне (рабфакқа) оқуға қай қалада түскенін белгілеңіз.
- А) Қызылжар.
  - В) Орынбор.
  - С) Ақтөбе.
  - Д) Алматы.
  - Е) Семей.
8. Қай романын жазуда Ғ.Мұстафин өзі таңдаған тақырыптың мәнін игеру үшін шахтада жұмыс істеп, жер қазғанын белгілеңіз.
- А) "Қарағанды".
  - В) "Көз көрген".
  - С) "Миллионер".
  - Д) "Дауылдан кейін".
  - Е) "Шығанақ".
9. Қара өлең ұйқасының үлгісін белгілеңіз.
- А) ааба
  - В) абба
  - С) аабб
  - Д) абаб
  - Е) абаба
10. Салт айтысының нешеге бөлінетіндігін табыңыз.
- А) 3.
  - В) 6.
  - С) 4.
  - Д) 1.
  - Е) 2.
11. "Ер Шобан" – кімнің шығармасы екенін анықтаңыз.
- А) Доспамбет.
  - В) Жиёмбет.
  - С) Қазтуған.
  - Д) Асан қайғы.
  - Е) Шалкиіз.
12. «Маңмаңгер», «Арарай», «Шалқыма» өлеңдерінің авторын табыңыз.
- А) Ж.Жабаев.
  - В) І.Жансүгіров.
  - С) Ә.Найманбаев.
  - Д) Ы.Алтынсарин.
  - Е) Ы.Сандыбайұлы.
13. Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы батыр әрі әнші жігітті табыңыз.
- А) Бәтiш.
  - В) Дәрмен.
  - С) Андрей.
  - Д) Тұңғышбай.
  - Е) Кәлен.

14. *"Бара алмаймын!  
Оған пенде бола алмаймын!  
Тентіретіп жіберсең де,  
Бұл тіліңді ала алмаймын!"*  
Үзінді Б.Майлиннің қай өлеңінен алынғанын анықтаңыз.
- А) "Ыбыраймыз, Ыбыраймын".  
В) "Кедейдің кейістігі".  
С) "Қойшы".  
D) "Мұқтаждық".  
E) "Мырқымбай".
15. Кенен Әзірбаевтың өлеңін көрсетіңіз.
- А) "Базар-Назар".  
В) "Майра".  
С) "Сұрша қыз".  
D) "Алатау".  
E) "Сырымбет".
16. Ирония дегеніміз:
- А) Сөздерді қарама-қарсы мағынада, кекесін мағынасында қолдану.  
В) Шығарма кейіпкерлерінің өзара кезектесе сөйлесуі.  
С) Әдеби шығарманың оқиғасын желілі түрде көркемдеп әңгімелеу.  
D) Көркем шығармада өмірдің жағымсыз жақтары мен құбылысын күлкі ете, мысқылдай суреттеу.  
E) Кейіпкердің мінезін, дүниеге көзқарасын суреттеу.
17. Тұманбай Молдағалиевтің өлеңдерін белгілеңіз.
- А) «Менің Қазақстаным».  
В) «Мен – қазақпын».  
С) «Құстар қайтып барады».  
D) «Ақ бантик».  
E) «Соғыстан қайтқан солдаттар».
18. Олжас Сүлейменовтің ұлттық дүниетаным мен салт-дәстүрді сипаттайтын шығармасын анықтаңыз.
- А) «Ришад – қыр қазағының баласы»  
В) «Әр күн – арайлы таң»  
С) «Қыз қуу»  
D) «Арғымақ»  
E) «Махамбетке»
19. Ш.Мұртазаның «41 жылғы келіншек» әңгімесінде Хадиша түсінде кіммен сөйлескенін есіңізге түсіріңіз.
- А) Қызымен.  
В) Ақшаймен.  
С) Шалабаймен.  
D) Күләймен.  
E) Мақсұтпен.

20. «... Жасағаннан бір-ақ нәрсе тілеймін:  
Өтпесе түн, атпаса екен таңы да! ...» - М.Жұмабаевтың бұл тілекті айтқан өлеңін табыңыз.
- «Сүйемін».
  - «Тілегім».
  - «Сағындым».
  - «Сүй, жан сәулем».
  - «Шолпы».
21. Ақындық тырнақ алды қадамын Нілді зауытында бастаған С.Сейфуллиннің бірінші туындысы не болғанын табыңыз.
- Жоқтау өлең.
  - Шағын мақала.
  - Мадақ өлең.
  - Қалжың өлең.
  - Махаббат жыры.
22. «Ол мені өлтіргісі келеді. Мен абайламай қалсам, ол мені өлтіреді де. Онда ол менің барлық туысқандарымды да, Жаншамды да өлтіреді», - деп фашисті не үшін өлтіретінін дәлелдейтін жауынгер жазушыны табыңыз.
- Ж.Молдағалиев.
  - Қ.Қайсенов.
  - Б.Бұлқышев
  - Б.Момышұлы.
  - Ж.Саин.
23. "Мағжанды сүйемін, Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін..." Кімнің жүрек сыры екенін белгілеңіз.
- М.Дулатов.
  - М.Әуезов.
  - Ж.Аймауытов.
  - Ш.Иманбаева.
  - Алмажан ақын.
24. Жеңелерінің Абайға кішкене кезінде қойған атын белгілеңіз.
- Телғара.
  - Мырза бала.
  - Тетелес.
  - Ерке бала.
  - Кішкене бала.
25. Азат еңбекке бастайтын күнді уағыздайтын С.Мұқановтың өлеңін көрсетіңіз.
- «Конвейер».
  - «Майға сәлем».
  - «Балқаш».
  - «Мен де аттандым майданға».
  - «Жолы жоқтар біздің жолға қосылсын».

Дұрыс жауап кілттері

Нұсқа №	Сурақ №																								
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
01	D	B	E	C	A	B	D	C	C	E	B	E	C	C	C	E	E	A	B	A	E	D	B	A	E
02	C	C	B	E	A	D	B	E	D	C	E	A	C	C	A	C	E	B	B	A	D	D	A	B	B
03	B	E	D	A	C	D	D	A	A	A	C	E	C	B	E	E	D	C	C	A	E	A	A	B	B
04	B	A	B	B	A	A	B	D	B	E	E	B	A	C	E	D	A	D	E	A	B	C	B	E	B
05	B	E	A	A	E	A	A	D	D	B	E	E	A	D	D	A	D	C	C	A	E	C	C	D	D
06	D	A	D	E	B	B	E	B	C	C	D	E	D	C	A	E	B	A	C	D	E	B	E	D	B
07	D	A	C	C	D	C	E	A	C	B	E	B	E	A	D	C	A	E	D	E	E	A	C	C	D
08	B	E	C	A	B	B	E	C	B	E	A	D	E	A	E	B	B	E	E	B	C	B	D	C	C
09	A	D	E	E	E	C	C	C	C	E	B	C	B	D	B	A	A	D	D	C	B	C	D	A	E
10	D	A	D	E	A	B	B	B	B	B	B	D	B	B	C	B	D	A	A	D	B	B	E	C	A
11	C	A	C	D	C	E	B	A	B	D	C	C	E	C	D	A	A	B	E	D	A	A	B	D	E
12	E	E	B	D	D	E	D	B	D	C	C	A	A	E	B	D	D	E	C	C	B	B	B	B	E
13	D	D	C	C	E	D	E	D	B	E	E	C	D	D	E	A	C	B	C	C	A	A	B	D	B
14	E	B	B	A	C	C	D	E	E	D	C	D	C	A	D	C	C	A	C	D	D	C	E	A	B
15	E	C	E	B	A	E	B	C	C	C	C	A	A	A	A	D	D	A	A	E	B	E	E	B	C
16	A	C	A	E	E	E	A	C	C	C	A	B	A	C	A	C	B	B	C	B	C	E	E	B	C
17	B	E	E	B	D	A	B	C	A	D	B	E	E	A	C	E	C	B	A	D	D	D	A	A	E
18	C	C	A	D	E	D	D	B	D	B	E	C	A	E	E	D	E	E	E	C	E	B	D	B	C
19	E	A	D	E	A	C	B	C	B	D	B	D	B	D	C	D	B	D	D	A	D	A	E	E	E
20	B	B	A	A	B	A	A	D	D	C	B	E	C	A	A	B	E	B	B	B	C	C	A	D	B
21	E	A	C	C	A	A	A	C	B	B	B	A	D	C	B	D	B	C	C	E	B	B	D	E	B
22	C	E	D	C	D	E	A	E	C	E	D	E	C	A	C	E	B	D	C	D	C	D	C	D	A
23	B	D	E	B	C	A	A	A	E	A	E	C	C	C	E	A	B	A	D	B	C	C	A	C	B
24	E	D	E	A	C	E	E	E	E	D	E	C	D	D	B	C	C	E	C	E	C	E	A	C	C
25	A	A	A	E	E	B	B	A	A	E	E	E	B	E	A	A	C	C	E	D	C	E	D	C	B

## ЛОГИКАЛЫҚ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Он матадан сыңар қалта шығара алмаған бала:
  - A) Бала би.
  - B) Жетім бала.
  - C) Қалқа бала.
  - D) Тазша бала.
  - E) Бай баласы.
2. Бетегеден биік, жусаннан аласа бола алатын ертегі кейіпкері:
  - A) Алпамыс.
  - B) Шалқұйрық.
  - C) Мыстан кемпір.
  - D) Таусоғар.
  - E) Бөрібасар.
3. Отынына шапанын жауып, ығына өзі отырып, жауында су болмаған аңыз кейіпкері:
  - A) Данагүл.
  - B) Злиха.
  - C) Меңдікыз.
  - D) Мақтагүл.
  - E) Қарашаш.
4. Буынға бағынбайтын косымша арқылы жасалып, жалқы есім болып келетін І.Жансүгіровтің шығармасы:
  - A) «Гималай».
  - B) «Жолдастар».
  - C) «Құлагер».
  - D) «Түріксіб».
  - E) «Күйші».
5. Бір тойы болатын сөзсіз дәлелдеп, күнін белгілей алмай кеткен дарын иесі:
  - A) М.Мақатаев.
  - B) Т.Айбергенов.
  - C) Қ.Аманжолов.
  - D) Ә.Тәжібаев.
  - E) О.Бөкей.
6. Бір аяқпен күреске түспекші болған батырсымақты анықтаныз.
  - A) Қобыланды батыр.
  - B) Қараман батыр.
  - C) Қызыл ер.
  - D) Көбікті.
  - E) Алшағыр.
7. Жасында оқудан бас тартқан суырып салма ақын, майталман айтыскер, жырау әрі жыршы:
  - A) Шортанбай Қанайұлы.
  - B) Жамбыл Жабаев.

- C) Бұхар жырау.
  - D) Дулат Бабатайұлы.
  - E) Шернияз Жарылғасұлы.
8. 5 жастан 65 жасқа дейінгі ерлік істері суреттелетін кейіпкері бар жыр:
- A) «Қобыланды батыр» жыры.
  - B) «Алпамыс батыр» жыры.
  - C) «Қамбар батыр» жыры.
  - D) «Бекболат батыр» жыры.
  - E) «Ер Тарғын» жыры.
9. Бірінші буыны еріндік, соңғы буыны езулік дауыстылардан құралған М.Әуезов әңгімесінің басты кейіпкері:
- A) Құрмаш.
  - B) Бақтығұл.
  - C) Сәлмен.
  - D) Хамит.
  - E) Ғазиза.
10. І.Жансүгіровтің сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған поэмасы:
- A) «Бөліс».
  - B) «Күйші».
  - C) «Айтыс».
  - D) «Қорқыт».
  - E) «Көкшетау».

**Логикалық тапсырмалардың дұрыс жауап кілттері:**

<b>Сұрақ №</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>
<b>Дұрыс жауабы</b>	D	B	E	C	B
<b>Сұрақ №</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>
<b>Дұрыс жауабы</b>	C	B	E	A	B



**Қазақ әдебиеті пәні бойынша оқу-әдістемелік құрал. / Астана:**

**«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2010 – 128 б.**

**Жауапты редактор Нұрмұханова Г.Е.**

**Компьютерде беттеу Жаренов К.Г.**

**Басуға 11.11.2009 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84/16.**

**Әріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа парағы 8.**

**Таралымы 1391 дана. Тапсырыс № 2739**

**“Астана полиграфия” акционерлік қоғамының баспаханасында басылды**

**Астана қ., Брусиловский к. 87.**